

## Алғы сөз

«Өлкетану әдебиеттерін насихаттауға арналған көмек құралы» атты библиографиялық әдебиеттер көрсеткішін Н.В.Гоголь атындағы облыстық әмбебап - ғылыми кітапханасы 1971 жылдан бастап жыл сайын құрастырып шығарады.

Бұл көрсеткіште облысымыздың тарихындағы, экономикасы мен мәдениетіндегі көрнекті даталарға, белгілі қоғам қайраткерлерінің мерейтойлық даталарына қысқаша анықтама жазылып, әдебиеттердің ұсыныстық тізімі беріледі.

Көрсеткіш материалдары хронология бойынша тізілген және де «Анықтамасыз және әдебиеттер тізімісіз қосымша даталар» тізімі бар. Айы мен күні белгісіз даталарды кітапханаларда жыл бойында қашанда болса атап өтуге болады.

Материалдарды жинақтауда Н.В.Гоголь атындағы кітапхананың каталогы, өлкетану картотекасы мен электрондық өлкетану каталогы пайдаланылды.

Әдебиеттер тізімін кейінгі кітаптармен және мерзімді басылымдар материалдарымен толықтырылып отырылады.

Қазақ және орыс тілдерінде жасалған көрсеткіш кітапханашыларға, оқырмандарға, барша өлкетану әдебиеттерін насихаттаушыларға арналған.

## Аталып өтілетін даталар

22 қаңтар 1922	Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Мәлік Имашевтің туғанына 90 жыл
4 наурыз 1942	Жазушы Жеңіс Қашқыновтың туғанына 70 жыл (1942-2006)
11 сәуір 1937	Балқаш қаласының құрылғанына 75 жыл
22 сәуір 1937	Ақын Шынболат Ділдебаевтың туғанына 75 жыл (1937- 1998)
1 мамыр 1912	Кеңес Одағының Батыры Иван Михайлович Колодийдің туғанына 100 жыл (1912-1954)
2 мамыр 1912	КСРО халық әртісі Күләш Бәйсейітованың туғанына 100 жыл (1912-1957)
10 маусым 1912	Жазушы Жайық Бектұровтың туғанына 100 жыл (1912-1998)
25 маусым 1937	Техника ғылымдарының докторы, профессор Виталий Павлович Малышевтың туғанына 75 жыл
27 қыркүйек 1937	Өлкетанушы, Қарқаралы ауданының құрметті азаматы Юрий Григорьевич Поповтың туғанына 75 жыл
10 қазан 1937	Медицина ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Мақаш Тыныштықбайұлы Әлиақпаровтың туғанына 75 жыл
25 қазан 1912	Кеңес Одағының Батыры Андрей Емельянович Дударенконың туғанына 100 жыл (1912-1945)
29 қараша 1902	Жазушы Ғабиден Мұстафиннің туғанына 110 жыл (1902- 1985)
5 желтоқсан 1912	Аудармашы Әбітай Атығаевтың туғанына 100 жыл (1912 - )
12 желтоқсан 1942	Жазушы Ақселеу Сейдімбековтың туғанына 70 жыл (1942 – 2009)
19 желтоқсан 1942	Кеңес Одағының батыры Нұркен Әбдіровтің Ұлы Отан соғысында ерлікпен опат болуына 70 жыл (1919 – 1942)
29 желтоқсан 1927	Қазақ ССР-інің халық әртісі, домбырашы Мағауия Хамзиннің туғанына 85 жыл (1927 – 2000)
Желтоқсан 1922	Саран педагогикалық училищесінің құрылғанына 90 жыл
Желтоқсан 1937	Қарағанды облыстық мұрағатының құрылғанына 75 жыл
1882	Ақын Ғаббас Айтбаевтың туғанына 130 жыл (1882-1929)
1912	Ақын Ықлас Адамбековтың туғанына 100 жыл (1912 – 1941)
1917	Кеңес Одағының Батыры Амантай Дәулетбековтың туғанына 95

жыл (1917 – 1943)

- 1922 Кеңес Одағының Батыры Петр Иосифович Теряевтің туғанына 90 жыл (1922 – 1945)
- 1932 Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының құрылғанына 80 жыл
- 1932 Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының құрылғанына 80 жыл
- 1937 Ақадыр кентіне 75 жыл
- 1937 Социалистік Еңбек Ері Төлеген Дүйсенбайұлы Адам-Юсуповтың туғанына 75 жыл
- 1972 Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің ашылуына 40 жыл

### **22 қаңтар 1922 Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Мәлік Имашевтің туғанына 90 жыл**



Имашев Мәлік Имашұлы 1922 жылы 22 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы, Қатанқарағой селосында дүниеге келеді. Еңбекке он жасынан араласады, мал бағып, жем-шөп дайындайды. Әке-шешесінің ауруына байланысты үй шаруашылық жұмыстары, яғни барлық ауыртпалық өз мойнында болды.

1941 жылдың қыркүйегінде 19 жасар Мәлік Имашұлы әскерге шақырылып, Киев қаласынан көшірілген Талдықорған қаласына орналасқан ұшқыштар училищесіне жіберіледі. Бір жылдан астам ұшу мен соғыс өнерін меңгерген 60 курсанттың ішінен 25 оқу үздігі қатарында майданға аттанды. Алғашқы бомбалау әуе жорығын Мәлік Имашұлы 1942 жылы 172-ші әуе полкында Ржев және Вязьма қалаларының маңында орналасқан жау объектілерін бомбалаудан бастайды. Одан кейін 50-ші армияның 432-ші әуе бомбалаушы эскадрилиясы құрамында әуе шайқастарында соғысқа қатысады. Соғысты Кеннигсберг пен Балтық теңізінің Пилау және Фишхаузен теңіз айлақтарын қоршауға алып, жауды бомбалап талқандаумен аяқтады.

1947 жылы ол туған жері Қатанқарағой селосына жеңіспен оралады. Сол жылы аудандық партия комитетінің нұсқаушылығына, жарты жылдан кейін партия комитетінің меңгерушілігіне бекітеді. 1949 жылы Мәлік Имашұлы Алматы партия мектебіне түсіп үздік бітіреді. 1951 жылы Қарағанды қаласына жіберіледі. Бұл жерде Қарағанды қалалық партия комитетінде, Киров аудандық, Шет аудандық, Қарағанды облыстық партия комитеттерінің хатшысы, Қарағанды облыстық кәсіподақтары кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарады.

1973 жылы Мәлік Имашұлына Одақтық дәрежедегі зейнетақы тағайындалды. Алайда 50-жастағы жас зейнеткер үшін үйде отыру табиғатына жат еді. Ол облыстық «Полиграфия» басқармасына жетекшілік етеді. Облыста баспахана мен баспагерліктің, журналистиканың дамуына сүбелі өзіндік ерекше үлесін қосты. Облыс полиграфия өндірісінің саласы сол кезеңде Қазақстанда ғана емес, Одақ көлемде алдыңғы қатарға шықты.

Қарағанды облысының экономикалық және әлеуметтік дамуына, мәдениеті мен баспасөз ісінің өркендеуіне қомақты үлес қосқан талантты басшы-қайраткер.

2001 жылы «Шахтер-Испат-Кармет» футбол командасын ұйымдастыру және қаржылық, шаруашылық және кадр мәселелерін шешуге кірісті.

Бірнеше медальдар мен ордендер иегері. Қазақстанның полиграфия және баспа ісіне еңбегі сіңген қызметкер атағын алды, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

### Әдебиеттер:

- Имашев М. Адамзат азат болған күн // Орталық Қазақстан. - 2008. - 8 мамыр (№72-73) .- 3 б.  
Имашев М. Асылдың асылы: тағзым. // Орталық Қазақстан. - 2006. - 21 қараша.- 4 б.  
Имашев М. Бізді «Шахтер» арқылы таниды // Орт. Қазақстан.-2001. –11 тамыз.  
Имашев М. Досымды сағынып еске аламын // Орталық Қазақстан. - 2007. - 24 мамыр.- 3 б.  
Имашев М. Жеңіс мәресі: 2-қыркүйек - екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталған күні // Орталық Қазақстан. - 2006. - 2 қыркүйек.- 7 б.  
Имашев М. Жеңістің маңызы төмендемейді: Ұлы Отан соғысы басталуының 60 жылдығына / // Орталық Қазақстан. - 2001. - 20 маусым  
Имашев М. Зерде жаңғырығы: XX ғасыр: жылдар, адамдар // Орталық Қазақстан. - 2000. - 1 қаңтар  
Имашев М. Қайсар қызы қазақтың // Орталық Қазақстан. - 2009. - 20 тамыз (№ 125).- 2 б.  
Имашев М. Қарағанды кеншілерінің көшбасшысы // Орт. Қазақстан.- 2001.- 20 қаңтар.  
Имашев М. Қаражат қайда жұмсалады? //Соц. Қазақстан. – 1990. –22 шілде.  
Имашев М. Қатар едік қашанда... // Орталық Қазақстан. - 2009. - 22 желтоқсан (№ 194).- 3 б.  
Имашев М. Қияметқайыммен келген жеңіс: Ұлы Жеңіске - 60 жыл // Азия Транзит. - Қарағанды, 2005 . - N5(мамыр).- 10 б.  
Имашев М. Менің Қарағандым // Азия транзит. - Қарағанды, 1999. - 25 ақпан-3 наурыз.- 5 б.  
Имашев М. Халықтың ұлы ерлігі ұмытылмайды: Ұлы Жеңіске –55 жыл // Орт. Қазақстан.- 2000.-5 ақпан.  
Имашев М. Шахтерлер мен металлургтерді қолдаймын: оқиға соңынан кейінгі ой // Орталық Қазақстан. - 2006. - 7 қазан.- 6 б.


### М. Имашев туралы әдебиеттер:

Имашев Мәлік // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. – 282 б.

\*\*\*

- Ақанов Т. Азамат сондай-ақ болсын: Мәлік Имашұлы -80 жаста // Орт. Қазақстан.- 2002.- 26 қаңтар  
Алпысұлы С. Қыран қиясы: [М.Имашев туралы]// Орт. Қазақстан.-2001.-15 желтоқсан  
Аманбаев І. Қоғамдық мүдденің қажырлы қызметшісі: Мәлік Имашұлы - 80 жаста // Орт.Қазақстан.- 2002.-26 қаңтар  
Асқар Н. Ардагер ағаның жастарға аманаты: жаңа кітап // Орталық Қазақстан. - 2007. - 23 қаңтар.- 2 б.  
Асқар Н. "Бір өзеннің қос жағасы-екеуіміз..." // Орталық Қазақстан. - 2007. - 8 наурыз.- 5 б.  
Болса ғой азаматтың бәрі сондай!... // Орталық Қазақстан. - 2007. - 27 ақпан.- 9 б.  
Есмхамбетов А. Берері сарқылмайтын, айтары азаймайтын адам: Мәлік Имашұлы - 80 жаста // Орт.Қазақстан.- 2002.-26 қаңтар  
Жуасбайұлы Ө. Жастығымның куәсі / Жуасбайұлы, Ө. // Заман. - Ақсу-Аюлы, 2006. - 20 сәуір.- 2 б.  
Кәрімов С. Жеңіске тағзым: 9 мамыр - Жеңіс күні // Азия Транзит.- 2002.- N5.-2-3 б.  
Қазақстанның құрметті журналистері // Орталық Қазақстан. - 2008. - 21 маусым (№95-96) . - 1 б.  
Құрметке бөленгендер // Орталық Қазақстан. - 2008. - 3 шілде (№103) . - 4 б.  
Олжабай С. Құрметті азаматтарға - құрмет // Орталық Қазақстан. - 2005. - 17 ақпан.- 8 б.  
Сексенұлы С. “Олигархтарды” демократиямен үш қайнаса сорпасы қосылмайды: Газет редакциясында өткен "Дөңгелек столға" қатысатындар осындай ортақ ұйғарымға келді // Орт.Қазақстан.- 2002.-10 сәуір

## 4 наурыз 1942 - Жазушы Жеңіс Қашқыновтың туғанына 70 жыл



Жеңіс Қашқынов 1942 жылғы 4 наурызда Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы, бұрынғы «Қуаныш» ауылында туған. 1959 жылы астанадағы С.М.Киров атындағы №12 қазақ орта мектебін, 1964 жылы ҚазМу-дің филология факультетін бітіріп шығады. Алғашқы кезде республикалық «Ленишіл жас» газетінде істеп, 1965 жылдан қазақ радиосында қызмет атқарып келді. Одан кейін «Мектеп» баспасында жұмыс істеді.

Жеңіс Қашқынов өлеңді мектепте оқып жүрген кезден жаза бастаған. Алғашқы өлеңдері 1959 жылы республикалық «Пионер» («Ақ желкен»), «Қазақстан пионері» («Алау») газеттерінде жарық көрді. Балаларға арналған тұңғыш «Кешкі күн» аталатын кітапшасы 1967 жылы, ал «Қоңыраулы сағат» атты бір томдығы 1989 жылы жарық көрді. Бүгінде он бірге тарта жыр кітаптарын шығарған автор өлеңдері орыс, украин, өзбек, молдаван, грузин, қырғыз, ұйғыр тілдерінде аударылды. Ол сондай-ақ, бірқатар бауырлас жырларды ана тілімізге аударды.

Жеңіс Қашқыновтың өлең өлкесінде қаламының ұшталып қанатының қатаюына «Орталық Қазақстан» газеті ерекше ықпал етті.

Ж.Қашқынов шығармашылығының басты тақырыбы – халқымыздың мәрттігі мен ерлігін жырлауға арналған. Бұған дәлел С.Сейфуллин жайлы «Қызыл сұңқар» атты балладасы мен Ақтоғай ауданынан шыққан, кешегі жаумен шайқаста ерлікпен қаза тапқан Кеңес Одағының Батыры Қ.Нұржанов жайлы жазған прозалық поэзиялық шығармалары дәлел. Қ.Нұржанов жайлы жиырма жылдан артық уақыт бойы деректер мен материалдар жинап «Батыр Қазыбек Нұржанов» (1971 ж.) очерк кітабын, «Батырдың анасы» (1978 ж.) атты поэмасын қалың жұртшылыққа сыйға тартты.

Жеңіс Қашқынов ақындығымен қоса, мақала, очерктер, ой-толғамдарын ортаға салып, газет-журналдарға бұрын да жазып жүрген қаламгер тәуелсіздік таңы арайлап атқанда тарихи тақырыптарға батыл барды. Жалаң тұрғыдан емес, зерделі зерттеулерді салыстыра, бұрындары елден естігендерін толықтыра отырып жұрт кәдесіне ұсынды. 1994 жылы тарихи тақырыптарға жазған мақалалар мен очерктер топтамалары үшін Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды. Жазушы өз шығармашылығын екі сала бойынша дамытып жалғастырады. Тарихи тұлғалардың кескін-келбетін, іс-әрекеттерін, халқы үшін аямай жұмсаған күш-қайратын көрсететін жарқын бейнелерін 2001 жылы шыққан «Алыптар мен арыстар» деп аталатын өлеңдер мен дастандардан тұратын жыр жинағында сомдады.

Ж.Қашқыновтың өлең жолдарына сия бермейтін ел намысын жыртып, туған жерін кеудесін қалқан етіп жаудан қорғаған қаһармандардың ерліктерін кеңінен көрсету мақсатында проза жанрына бой ұруы тегін емес. 2002 жылы «Жібек жолы» баспа үйінен шыққан «Атыңнан айналайын атамекен» аталатын кітабында Балқаш пен Қарағанды арасындағы сайын даланы найзаның ұшы, білектің күшімен қорғаған батырлар, жалынды жырларымен елдің рухын көтерген арынды ақындар, би-шешендер, Алаш көсемдері, көрнекті ғалым, мемлекет қайраткерлері, майталман еңбек ерлері туралы деректі әңгімелер, толғаулары, портреттері енген.

Сонымен бірге «Ақжолтай Ағыбай батыр» (1996 ж.) туындысы жастарды Отанын шексіз сүйуге баулитыны сөзсіз.

Жазушы 30 жылдан аса Балқаш көлінің әсем көрінісін жырлап қана қоймай, суының тартылып, балығының азаюына байланысты көптеген проблемалық мақалалар жазып, Қазақ радиосы арқылы: «Балқаштың бағын байламаңдар!» деп қалың елге үн тастағанын білеміз.

Әдеби газет-журналдар мен бірнеше жыр мүшәйраларының жеңімпазы, Ақтоғай ауданының құрметті азаматы.

Жеңіс Қашқынов Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, грамоталармен марапатталған.

2006 жылдың қаңтар айында 64 жасқа қараған шағында қайтыс болды.

## Ж.Қашқыновтың шығармалары:

Қашқынов Ж. Абай мен ару. // Жыр тәңірі / құраст. Ғ. Қайырбеков ; ред. М. Жұмағалиев. - Алматы : Өнер, 1995. - 103 б.

Қашқынов Ж. Атыңнан айналайын атамекен: деректі әңгімелер, толғаулар, портреттер / Ж. Қашқынов, 2002. - 200 б.

Қашқынов Ж. Дикан мерейі: Поэмалар мен өлеңдер.- Алматы: Жазушы, 1983.- 72 б.

Қашқынов Ж. Қазыбек Нұржанов: очерк / Ж. Қашқынов, 1972. - 24 б.

Қашқынов Ж. Найзатас: Поэмалар мен өлеңдер.- Алматы: Жазушы, 1977.- 72 б.

Қашқынов Ж. Он тоғызыншы биіктік: поэмалар мен өлеңдер / Ж. Қашқынов, 1988. - 53 б.

Қашқынов Ж. Соқпақтар: Өлеңдер, толғаулар, балладалар.- Алматы: Жазушы, 1973.- 64 б.

\*\*\*

Қашқынов Ж. Абылайдың жауға шапқан қос батыры // Азия Транзит. - Қарағанды, 2001 . - №11.- 21-24 б.

Қашқынов Ж. Ағыбай - бөлтірік тоғаны: Шұбартпалы Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл // Орталық Қазақстан. - 2002. - 15 мамыр

Қашқынов Ж. Ақтоғайым - алтыным... // Орталық Қазақстан. - 2006. - 11 ақпан.- 8 б.

Қашқынов Ж. Апайтөс батыр - Жалаңтөс// Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.-№2.-39-42 б.

Қашқынов Ж. Арман асуында: Өлең-очерк // Орталық Қазақстан.- 1967.- 1 қазан

Қашқынов Ж. Арыстардың құт мекені: Ақтоғай ауданының арыстары туралы // Орталық Қазақстан. - Қарағанды, 2000. - 17 мамыр

Қашқынов Ж. Атыңнан айналайын, Қарқаралы: Жыр дәптерінен // Орталық Қазақстан. - 2004. - 19 тамыз.- 12 б.

Қашқынов Ж. Ауылдың аптал азаматы: Ауыл - 2003-2005 // Орталық Қазақстан. - 2004. - 21, 24 ақпан.- 6, 4 б.

Қашқынов Ж. Әнім Қарағанды // Орталық Қазақстан. - 2004. - 26 ақпан.- 12 б

Қашқынов Ж. Балаларға базарлық: Жыр дәптерінен // Орталық Қазақстан. - 2003. - 18 желтоқсан.- 5 б.

Қашқынов Ж. Балқашым - қасиетті, киелі көл: жыр дәптерінен // Орталық Қазақстан. - 2005. - 24 қыркүйек.- 10 б.

Қашқынов Ж. Баһадүрдің сом тұлғасы // Орталық Қазақстан. - 2002. - 6 қараша.- 11 б.

Қашқынов Ж. Бұқар баба // Орталық Қазақстан. - 1993. - 15 мамыр

Қашқынов Ж. "Бұл ғасыр менен екі-ақ жас үлкен": Ғабит Мүсіреповтің сөзі// Қазақ әдебиеті.- 2002.- 14 маусым(№24).-5 б.

Қашқынов Ж. Ғабиден аға - ұлағатты дана: Жазушы Ғ.Мұстафиннің туғанына - 100 жыл // Орталық Қазақстан. - 2002. - 12 қазан.- 10 б.

Қашқынов Ж. Дала данышпандары // Қазақ батырлары.- 2003.- желтоқсан(№12).-6 б.

Қашқынов Ж. Егіз шумақтар: Поэзия // Қазақ әдебиеті. - 2003. - 19 желтоқсан.- 11 б.

Қашқынов Ж. Елу ерім: Жыр-байғазы // Орт. Қазақстан.- 1995.- 28 қырк.

Қашқынов Ж. Еңбек торысы: Ғалым-геолог Т.Ақышев туралы// Орталық Қазақстан.- 2000.- 6 қыркүйек

Қашқынов Ж. Еңбектің қара нары: Ауыл жылдары - 2003-2005 // Орталық Қазақстан. - 2004. - 18 мамыр.- 6 б.

Қашқынов Ж. Қамқор болған әкедей: Ақын Сырбай Мәуленовтің туғанына - 80 жыл // Орталық Қазақстан. - 2002. - 27 қараша.- 11 б.

Қашқынов Ж. Қарақұла қабыланы: Толғау // Орталық Қазақстан. - 2003. - 21 маусым.- 6 б.

Қашқынов Ж. Қарт мекенім - Қарқаралы // Орталық Қазақстан. - 2004. - 19 тамыз.- 7 б.

Қашқынов Ж. Қасиетті, киелі Қарқаралы// Орталық Қазақстан.- 2000.- 8 қаңтар

Қашқынов Ж. Қасымның туған жері - Қызыл Көшен: жыр дәптерінен // Орталық Қазақстан. - 2005. - 20 қаңтар.- 14 б.

Қашқынов Ж. Қасымсың, сол баяғы бір Қасымсың: Қ.Аманжоловтың туғанына-90 жыл // Орталық Қазақстан. - 2001. - 14 шілде

Қашқынов Ж. Не сыбаға тартады жаңа ғасыр?: поэзия // Қазақ әдебиеті. - 2005. - 1 шілде(№26).- 9 б.

- Қашқынов Ж. Оның сүрлеу соқпағы: Жазушы С.Сматаев - 60 жаста// Орталық Қазақстан.- 2001.-16 маусым
- Қашқынов Ж. Софының соқпағы: Белгілі жазушы Софы Сматаев 60 жаста // Қазақстан ЗАМАН. - 2002. - 20 желтоқсан.- 6 б.
- Қашқынов Ж. Табыну: С.Сейфуллиннің туғанына 110 жыл // Орталық Қазақстан. - 2004. - 7 қазан.- 11 б
- Қашқынов Ж. Тастанбек: [Дастан]// Орталық Қазақстан.- 2001.-17 қаңтар
- Қашқынов Ж. Темеш – Дәмеш: Дастан: /Т.Жүргенов пен Д.Ермековаға ескерткіш// Орталық Қазақстан.- 1995.- 14 қаңт.
- Қашқынов Ж. Текіден текті туар [Мәтін] : [ Көрнекті ғалым Мүсілім Әмірханұлы Ермеков туралы] // Азия Транзит. - Қарағанды, 2003 . - №8.- 37-39 б.
- Қашқынов Ж. Туған жер – Атамекенім: Жыр дәптерінен // Орталық Қазақстан.- 1998.- 3 ақпан
- Қашқынов Ж. Туған жерге ту тіктім: өлеңдер// Жұлдыз.- 2002.- N3.-3-4 б.
- Қашқынов Ж. Тоқырауын топжарғандары: мұра // Орталық Қазақстан. - 2005. - 24 наурыз.- 10 б.
- Қашқынов Ж. Ұлтжанды ақын // Орталық Қазақстан. - 2003. - 23 тамыз.- 8 б.
- Қашқынов Ж. Хан Кене, Ер Ағыбай, Батыр Науан: дастан// Қазақстан сарбазы.- 2002.- 12 наурыз.-6 б.,Орталық Қазақстан.- 2001.-1 қыркүйек, Азия Транзит.- Қарағанды, 2001.-N11.-19, 20 б.
- Қашқынов Ж. Шайтанкөл, Қасым ақын - егіз ұғым: Жыр дәптерінен// Орталық Қазақстан.- 2002.-5 қаңтар
- Қашқынов Ж. Шашасына шаң жұқпаған Шашекең: Ақынның 135 жылдығына// Орталық Қазақстан.- 2001.-4 шілде, Заман. - 1996 . - №36 (қыркүйек)
- Қашқынов Ж. Шежіре бауырмалдыққа баулиды// Орталық Қазақстан.- 2000.-2 тамыз
- Қашқынов Ж. Шежіреші: Өлеңдер // Сарыарқа. - Жезқазған, 2002. - 19 шілде

### **Ж.Қашқыновтың шығармашылығы туралы:**

- Әдеби Қарағанды: Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / Қарағанды обл. ғылыми-әмбебап кітапханасы; Құраст.: Г.Н.Умбединова, 2000. - 89 б.
- Балалар бағының бағбандары: анықтамалық / құраст. Ш. Күмісбайұлы. - Алматы : Балалар әдебиеті, 2008. - 293 б.
- Қашқынов Жеңіс // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. 2004.- 185 б.
- Қашқынов Жеңіс // Қазақстан жазушылары: анықтамалық : 75 жыл / құраст. С. Қамшыгер. - Алматы : Ан Арыс, 2009. - 234 б.
- Қашқынов Жеңіс // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 372 б.
- Қашқынов Жеңіс // Советтік Қазақстан жазушылары: Био-библиогр. анықтамалық.- Алматы, 1987.- 347 б.

\*\*\*

- Ақын Жеңіс Қашқынов – 50 жаста // Қазақ әдебиеті.- 1992.- 13 наурыз
- Ақын Жеңіс Қашқынов – 50 жасты // Орталық Қазақстан.- 1992.- 28 ақпан
- Әлімбаев М. Бала танымдылығын арттырады: Жаңа кітап // Орталық Қазақстан.-2004.- 15 қаңтар.-8 б.
- Жанысбай С. Ақынын ардақ тұтты: Ж.Қашқынов - 60 жаста // Орталық Қазақстан.- 2002.- 7 қыркүйек.-9 б.
- Жеңіс Қашқынов: некролог// Орталық Қазақстан.- 2006.- 3 қаңтар.-7 б., Қазақ әдебиеті.- 2006.- 6 қаңтар(№1).-15 б.
- Кептербаев С. "Ауылым - арман әнім": Өнер күнделігі // Орталық Қазақстан.-2003.- 25 желтоқсан.-6 б.
- Қасым тойында қанат қаққан жұлдыздар: [Өлеңдер]// Қарқаралы.- 2001.- 29 қыркүйек

Қирабаев С. Балажан ақын: Ақын Ж.Қашынов - 60 жаста// Орталық Қазақстан.- 2002.-2 наурыз

Негимов С. Елдік пен ерлікті жырлаған: Ақын Ж.Қашынов - 60 жаста // Орталық Қазақстан.- 2002.-2 наурыз

Негимов С. Жырлары жанды баураған: Ақын Ж.Қашқынов–50 жаста // Орталық Қазақстан.- 1992.- 11 ақпан

Негимов С. Қасымды ұстаз санаған: Ақын Ж.Қашқыновтың туғанына – 50 жыл // Қарқаралы.- 1991.-21 желт.

Негимов С. Құнды туынды // Орталық Қазақстан.- 2002.- 21 желтоқсан.-10 б.

Негимов С. Оқырманын қуантатын туынды: Жаңа кітап// Орт.Қазақстан.- 2003.- 6 қараша.-8 б.

Омарұлы Ә. Жеңіс ақынның жыр кеші // Сарыарқа.- Жезқазған, 2002.- 24 шілде

Оспанов С. Ақжарма жырлар: [Ж.Қашыновтың "Алыптар мен арыстар" кітабы туралы]// Орт.Қазақстан.- 2002.-2 ақпан

### 11 сәуір 1937 - Балқаш қаласының құрылғанына 75 жыл



**Қала аумағы және оның  
әкімшілік-аумақтардың  
бірлігі (мың. га):**

Негізгі экономикалық  
аймақтық бағыт - Өнеркәсіп

Балқаш қаласы	3107
Қоңырат кенті	480
Гулшат кенті	265,03
Саяк кенті	378
<b>Барлығы:</b>	<b>30468 га</b>

Балқаш өңірін игеру 1928 жылы инженер-геолог И.П.Русаковтың басшылығымен Қоңырат тауларындағы геологиялық-барлау қызметінен басталды. Дәл осы тыңғылықты зерттеудің нәтижесінде Қоңыраттағы мыс қорының өте мол екенін анықтап, екінші бесжылдық жоспарда жедел түрде Балқаш өңірінде мыс алыбын салу белгіленген. Кеңес Одағының барлық жерлерінен: жұмысшылар, шаруалар, комсомолдар мен коммунистердің қатарынан еріктілер және осы өңірдегі ата-бабаларымыз, көшпенді қазақтар тұтас ауыл болып Балқаш құрылысына ағыла бастады. Құрылыс жұмыстары қазақтың түрен тимеген ту даласында, қатал табиғаттың аясында өндіріс орталықтары мен темір жолдан жырақта іске асты. Жүкті алғашқыда ат-түйемен тасыды. Тағы бір жылы Балқаш көлі арқылы Бөрлі-Төбе айлағынан Бертіс шығанағына дейін жүк тасымалданды.

1929 жылы 29 сәуірде Қоңырат кенін пайдалануды жүзеге асыру «Казмедьстрой» деп аталған қазақ даласында мыс, қорғасын зауыттарын, кеніштерді, байыту фабрикаларын салуды басқаратын мемлекеттік басқармаға жүктелді.

1931 жылы 17 тамызда «Казмедьстрой» өзгертіліп, «Прибалхашстрой» орталық қазақ мыс балқыту зауытын құрылысы бойынша басқармасы қайта құрылды.

Балқаш құрылысы кеңес одағы бойынша бірінші бесжылдық жоспарына енген 42 жаңа құрылыстың ең ауыры, ең қиыны болған. Мемлекет дәрежесінде оның маңызды орын алғаны сонша, мұрағат деректерінде: «Прибалхашстрой» объявлен сверхударной комсомольской стройкой» деген анықтама бар. «Балқаш үшін күрес!» деген ұранмен қалың ел салған құрылыс.

Қаланың алғашқы уақытша жобасын Мәскеудің жобалау-конструкторлық бюрасы жасап, 100 барактан үш қоныс тұрғызылды. Бірінші құрылысшылардың оған дейінгі баспанасы 1000-ға тарта киіз үйлер, жертөлелер, палаткалар болды. 1934 жылы 26 қазанда Балқаш мыс зауытының жобасы бекітілді. Ал болашақ қаланың жобасын жасауды ленинградтық архитекторлар қолға алды. Білімді архитекторлар Балқаш бойының климатын, табиғатын, географиялық, тарихи ерекшеліктерін ескеріп, ыстық-суыққа, қатты желге төзімді қалың қабырғалы, кірпіштен көпқабатты үйлерді кең әрі түп-түзу көшелерге қуалай текшелеп салған. Сол үлгімен салынған ескі орталық Ағыбай батыр – Қарамаенде би, - Уәлиханов – Ленин көшелерімен тұйықталған



көпқабатты үйлер осы күнге дейін ең жағдайлы аудан. Сол кезде бұл орталық «Квартал А» деп аталған.

1935 жылы Балқаш-Қарағанды теміржолы уақытша пайдалануға беріліп, жылу электр орталықтарының құрылысы басталды. 1936 жылы мыс алыбының негізгі цехтарымен өндіріс объектілерін салуда үлкен бетбұрыс кезеңге аяқ басты. Осы алып құрылысты тезірек салып бітіру ынтасы құрылысшылардың да өз батырларын туғызды. Қазақ, орыс, белорус, украин, татар, армян және басқа ұлт өкілдері тізе қосып еңбек етті. 1938 жылы 24 қарашада алғашқы Балқаштың қара мысы алынды. Ал қаланың негізгі құрылысы 1934 жылы басталған болатын. Сонымен қатар мыс қорытатын зауыттың негізгі шикізат базасы – Қоңырат кен орынды құрылысы дамып жатты. Комбинат құрылысы барысында қайта жабдықтауы бір рет қана болған жоқ және оның нысандары әрі қарай кеңейді. 1937-1938 жылдары құрылыс майданындағы ең бір екпінді, қарқынды істер атқарылған кезең болды. 1937 жылы 1 наурызында Балқаштың ЖЭО турбогенераторы өндірістік тоғын берді. Ұлы Отан соғысы қарсаңында ашылған Гүлшат пен Шығыс Қоңыраттағы мырыш пен молибден кеніштері қорғаныс өнімдерін жабдықтауда өте маңызды қадам еді. 1941 жылы Москва түбінен көшіріп әкелінген Кольчугино түстіпен молибден кеніштері қорғаныс өнімдерін жабдықтауда өте маңызды қадам еді. Кольчугино түсті металлдар заводы комбинат құрамына кірді. «Темірді қызған кезде соқ» демекші комбинатты алғаш жоспарлауда қаланы жасылдандыру идеясы да іске асып, 1935 жылы КСРО ғылым Академиясының көшпелі сессиясы Балқашта өтті, нәтижесінде Тораңғалықта ботаникалық бақтың орыны белгіленді. Өсімдіктерді климатқа бейімдеу, ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл қадам қаланы тек қана жасылдандыру ғана емес, онда бау-бақша өсіру дәстүрінің де негізін салды. 1971 жылы Саяқ кеніші қатарға қосылды. 1985 жылы ерекше құрылым сұйық ваннада (ПЖВ) қондырғысы пайдалануға берілді. Бұл құрылыс жоғары өнімділігімен, отын өнімдеумен және басқа да қасиеттермен ерекшеленеді. Екінші сұйық ваннада балқыту құрылысының аяқталауы мен 1999 жылғы Венюклов пешінің қайта жабдықталуы өндірістің өнімділігін арттыра түсті. Қазіргі уақытта БТКК – да тандаулы мыс балқыту комплексі жұмыс істеп тұр. Міне, енді ару Балқаштың жағасында мыс алыбы мен қатар қазақтың сұлу қаласы Балқаш қаласы гүлденіп, түрлене бастады. Тарихқа үңілсек, Балқаш құрылысшыларының тұрағы болған қоныс 1937 жылы қала деп жарияланды. 1976 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің шешімімен ерекше архитектуралық құрылысы мен үлгілі құрылымы үшін мемлекеттік сыйлығы табыс етілді. Сонымен қатар қала, мыс алыбы – құрылысшылар қолымен жасалған еңбек. Балқаш қаласы Қазақстандағы жас қалалардың бірі Балқаш қаласы балықшыларының да қосқан үлесі аз емес. 1930 жылы көлде балық аулау өнеркәсібі басталды, сол үшін арнайы 17 балық аулайтын артель құрылған болатын. 1943 жылы балық консервасының бірінші партиясы шығарылды. Бүгінгі күнге дейін балқаш балық өнімін тек қана отанымыздың тұрғындары ғана бағалап, жақсы көріп қана қоймай, сонымен қатар шетел азаматтары да жақсы бағалайды. Жыл өткен сайын қаланың көлемі кеңейіп, халық саны өсе түсті.

1952 жылы қаланың жаңа жобасын жасады. Ол бойынша Металлургтер мәдениет сарайы, Қазбекова- Бейбітшілік, Бөкейханов көшелерін бойлай көпқабатты үйлер бой түзеді. 60-жылдарың аяғында барактар жойылып, орнын темір бетонды тар бөлмелі үйлер басты, мөлтек аудандар салынды. Соңғы құрылыстағы жаңалық «Мобиль» үлгісіндегі биік үйлер.

1987 жылы сәуірде Балқаш еңбеккерлерінің экономикалық-мәдени жетістіктері мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы неміс басқыншыларына қарсы күрестегі ерен еңбегі үшін Халықтар достығы орденімен марапатталды.

Балқаштың тарихы даңқты адамдар есімдеріне толы. Солтүстік Балқаш өңірінің байлығын игеруге мыңдаған адамдар, әсіресе жергілікті тұрғындар, кешегі көшпенділер аянбай араласып, барлық өмірлерін арнады.

Солардың ішінде ағайынды Мусиндердің тағдырын ерекше атаған жөн: Есімқан, Әділқан – айтулы металлургтер болса, Әлихан қазақтың тұңғыш инженер – металлургтерінің бірі, профессоры ретінде белгілі.

Халқымыздың біртуар ұлы, адал перзенті, ірі мемлекет қайраткері Д.А.Қонаевтың да еңбек жолы осы жерден басталған.

Сондай-ақ Қоңырат кен орнының алғашқы кіндігін кескен ленинградтық геолог М.П.Русаковтың, «Балқаш өңірі құрылысының» бірінші директоры В.И.Ивановтың, Балқаш мысы мен молибденін алуды ашқан бірінші инженер, Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты

Е.И.Антоновскийдің, Социалистік Еңбек Ері Ю.К.Победоносцевтің, Республика еңбегі сіңген дәрігер М.Қазбекованың, Кеңес Одағының Батыры, №1 орта мектептің түлегі О.Щербаковтың, халық ақыны Ш.Қошқарбаевтың және басқа да ел азаматтарының сіңірген еңбектері мен көрсеткен батырлықтары жадымызда мәңгі сақталды. Әйгілі жерлестеріміздің аттары қаланың көшелеріне, мектептеріне, кітапханаларына берілген, ескерткіш тақталарына қашалған.

Республикамыздың Президенті Н.Ә.Назарбаев Балқаш қаласына көп көңіл бөледі. Балқаштағы қазіргі жағдайды жете түсініп, Балқаш кен-металлургиялық комбинаты «Самсунг» оңтүстік-корей фирмасының басқаруындағы «Қазақмыс» корпорациясының құрамына кіруге көмектесті.

Н.Ә.Назарбаев Балқаш қаласының активімен кездесуіндегі сөйлеген сөзінде: «Самсунг» фирмасы бұл жерде енді іске кірісуде. Шартқа сәйкес ол өндірісті дамытады және жетілірде қаражат бөледі. Бірақ бұл кәсіпорын жұмысының нәтижесіне тікелей байланысты болады. Қазіргі уақытта мыс өндірісінің тұрақтылығы келешекте кәсіпорынның жетілуіне сенімділік туғызады». – деді.

«Балқаштүстіметалл» ӨБ 2003 жылдан «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС-нің қарамағына енді.

Қалада «Балқаштүстіметалл» ӨБ, «Түсті металл өңдеу зауыты» ЖАҚ-ы, «Қарағанды сүт комбинаты» ЖШС-нің «Балқашсүт» бөлімшесі т.б. ірі кәсіпорындар жұмыс істейді.

Өнер мекемелердің жалпы саны – 16, олардың ішінен 12-сі бюджеттік салаға жатады: орталық-кітапханалық жүйе, тарихи - өлке тану мұражай, 2 клуб.

Балқаш қаласында және кенттердегі мемлекеттік кітапхана мекемелер жүйесі 9 кітапханамен ұсынылған: Сейфуллин атындағы орталық-қалалық кітапхана, Гайдар атындағы орталық-қалалық кітапхана, №1,2,3,4 филиал, Қоңырат кентіндегі № 5 филиал. Интернетке қосылған кітапханалар саны саны – 7.

01.07.2010 жылдың жағдайы Балқаш қаласының денсаулық сақтау мекемелерінде 210 дәрігер және 589 орта медициналық қызметкерлер жұмыс істейді.

Қалада 2 жоғары оқу орны (БГТУ, Қазақстан-Ресей институты), 4 арнайы орта білім оқу орны, жалпы білім беретін 21 орта мектеп, 2 мектептен тыс мекемелер, АК-159/2 кешкілік мектеп жұмыс істейді. Білім беретін мекемелерде 11016 бала білім алады.

Ірі спорттық мекемелер: «Қазақмыс» Корпорациясының металлургтер спорттық-денсаулықты жақсарту кешені («Металлург» стадионы, жүзу бассейні, спорттық-су стансасы, «Сары-Арқа» шаңғы базасы), «Барыс» спорттық - сауықтыру кешені, Жас жеткіншектердің спорт мектебі.

Қалада 140 спорттық құрылымдар, ірі спорттың спорт түрлері 26, спорттық секциялардың саны мен сауықтыру топтарының саны – 316, жас жеткіншектер спорт мектебінде 10 ірі спорт түрлері бар. Сонымен қатар қала аймағында облыстық ЖЖСМ, ЖЖДБСМ – нан 21 спорттық топтар жұмыс істейді.

2010 жылдың сәуір айынан бастап қалалық коммуналдық кәсіпорыны «Жекпе-жек» - спорттық клубы жұмыс істей бастады.

Балқаштықтар, өздерінің достық, кішіпейілділік, халықтық және ұлттық дәстүрлерді сыйлау, құрметтеу, мақтан ету секілді жақсы әдет ғұрыптарын да сақтай біледі. «Наурыз», «Жаңа жыл», «Республика күні», «Қала күні» сияқты жалпы қалалық мерекелер қызықты да көңілді өткізіледі. Көпұлтты және әр тілдес Балқаш тұрғындары «Орыстың масленицасын», татарлардың «Сабантойын», корейліктердің Жаңа жылын тамашалап өткізеді.

Балқаш қаласы – жастар қаласы, өйткені мұнда екі жоғары оқу орны, бірнеше колледж, лицейлер бар. Онда еліміздің жас буын, болашағы – қыз-жігіттер білім алып, тәрбиеленуде.

### Әдебиеттер:

Аралым- арым, Балқашым- бағым / құраст. Н.Жүнісбаев, 1988. - 264 б.

Асубаев Б. Қ. Балқаш - Алакөл алабында туризмді дамытудың рекреациялық географиялық негіздері (жазық аумақтар мысалында): автореферат / Б. Қ. Асубаев, 2010. - 16 б.

Әзиев Ә. Мыс ошағы: роман / Ә. Әзиев ; ред. А. Естенов, 1988. - 284 б.

Балқаш. Тарих беттері (1936-2007 жж.): құжаттар мен материалдар жинағы, 2007. - 435 б.

Бигелдиев Б. Балқаш оттары: өлеңдер мен дастандар / Б. Бигелдиев, 1975. - 125 б.

- Бигелдиев Б. Балқаш: өлеңдер / Б. Бигелдиев ; құраст. Н. Төркүлов, 1970. - 44 б.
- Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан аңыздары / О. Жанайдаров, 2006. - 248 б.
- Жанысбай С. Сарыарқаның самалы: Туған жер, табиғат, экология мәселері туралы кітап / құраст. С. Жанысбай, 2003. - 226 б.
- Жаңабекұлы С. Балқаш қаласының құрметті азаматтары: тарихи-өмірбаяндық очерк (жалғасы) / С. Жаңабекұлы, 2007. - 112 б.
- Жатқанбаев Ж.Ж. Экология негіздері / Ж. Ж. Жатқанбаев, 2003. - 212 б.
- Жұмабеков Қ. Бақытты аймақ / Қ. Жұмабеков, 1990. - 272 б.
- Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары / Д. Жүнісов, 1991. - 128 б.
- Қаланың төлқұжаты // [www.balkhash.kz](http://www.balkhash.kz)
- Қанаттас қалалар: Орталық Қазақстанда Совет өкіметі жылдарында қатар түзеген жас қалалар жайлы очерктер жинағы / Құр. Е. Бәйтенев, 1968. - 156 б.
- Қарағанды облысы: [кітап-альбом] / құраст. Петухов В. ; қаз. тіліне ауд. М. Хасен ; ағыл. тіліне ауд. А. Аяпбекова, 2006. - 283 б.
- Қойшыманов Т. Қоңырат бөктерінде. - Алматы, 1967. - 144 б.
- Николаев В. Балқаш өңірі / В. Николаев ; ауд. Т. Мұқаев, 1986. - 152 б. Алпысұлы С. Біз ұрандамай жұмыс істейміз: /Балқаш қаласының әкімі Қ.Қаскенұлы газет тілшісімен әңгімесінде аймақтағы әлеуметтік жағдай, экономикалық күрделі проблемалар туралы ой – пікір бөліседі// Орт. Қазақстан. – 1999. – 4 тамыз
- Орталық Қазақстан: Фотоальбом, 2001. - 192 б.
- Оспанова Г.С. Экология: оқулық / Г. С. Оспанова, Г. Т. Бозшатаева, 2002. - 402 б.
- Тайыров М. Балқаш – балықты өлке. – Алматы: Қайнар, 1971.- 68 б
- Тоғжанов Е. Л. Атамекен: оқу құрал / Е. Л. Тоғжанов, Т. Т. Аршабеков, 2002. - 324 б.
- Төлеутаев К. Балқаш өңірінің әндері / К. Төлеутаев, 1989. - 96 б.
- Шаушенова А. Ғ. Өнеркәсіпті қалалардың гидрометеорологиялық режимдеріне және экологиялық жағдайына теориялық баға беру (Балқаш қаласының мысалында) [Текст] : автореферат / А. Г. Шаушенова, 2010. - 17 б.
- Шаяхметов Қ. Балқаш // Қанаттас қалалар. – Алматы, 1968.-67-78 б.

\*\*\*

- Ахметов Қ. Балқаш – жүрегіме жақын қала: /Меншікті тілшіміз О.Жүнісұлының Балқаш қаласының әкімімен сұхбаты// Орталық Қазақстан.- 1997. – 6 қырк.
- Ахметов Қ. Балқаш қайта түлеу жолында // Сана. – 2000. – 22 маусым (№24). – 3б.
- Ахметов Қ. Елбасы тапсырмасынан туындайтын міндеттер: Қала әкімінің қала активі кеңесінде жасаған баяндамасынан // Балқаш өңірі. – 2001. – 9 наурыз
- Ахметов Қ. "Мысшылар мекені дәулетті, сәулетті болады": "Балқаштүстіметалл" ӨБ дир. жұртшылықпен байланыс жөніндегі орынб. Қ.Қ.Ахметовпен сұхбат /сұхбаттасқан О.Жүнісұлы// Орталық Қазақстан.- 2006.- 27 сәуір.-8 б.
- Әбеуов М. Қала - бәріміздің ортақ үйіміз: Балқаш қаласының бас архитекторы М.Әбеуовпен әңгіме / Әңгімелескен Ж.Башар// Балқаш өңірі.- Балқаш, 2001.-12 қыркүйек
- Әбілқайырқызы А. Достық шаһары / Әбілқайырқызы А. // Мысты өңір. - Жезқазған, 2007 . - 5 қазан (N41).- 8 б.
- Әбілқайырқызы А. Мысты қала шежіресі / Әбілқайырқызы А. // Мысты өңір. - Жезқазған, 2007 . - 27 сәуір.(N17).- 10 б.
- Әлин А. Соғысқа дейінгі Балқаш өңірі// Қазақ тарихы.- 2004.- N6.-99-103 б.
- Әлібиева Ә. Тамырын тереңге тартқан: Балқаш 70// Орталық Қазақстан. - 2007. - 7 сәуір.- 4 б.
- Әрінұлы А. Өмір белестері: 2001 жыл - Тәуелсіздік және достық жылы// Балқаш өңірі.- Балқаш, 2001.- 13 ақпан
- Әсіпұлы С. "Зауыт біраз тұрады, бәрібір іске қосылады"// Орталық Қазақстан.- 2004.- 12 қазан.-4, 6 б.
- Байкуатов Д.Ы. Балқаш мысы: бүгін және ертең: Балқаш мыс қорту зауытының дир. Д.Ы.Байкуатовпен сұхбат / Сұхбаттасқан О.Жүнісұлы// Орт.Қазақстан.- 2004.- 17 шілде.-9б.
- Бақаева Р. Тәуелсіздік - ұлттық өрлеудің ұлы күйі: Қала әкімі аппаратының іскі саясат және әлеум. сала бөлімінің меңгерушісі Р.Бақаевамен сұхбат / Сұхбаттасқан Б.Болатбекова// Балқаш өңірі.- Балқаш, 2001.-7 желтоқсан

- Балқашта поэзия салтанат құрды: өркен // Балқантау. - Қарағанды, 2007 . - 26 сәуір (N17).- 10 б.
- Башар Ж. Балқаш - бай қала: [Қаланың экономикалық портретінің штрихтары] / Ж.Башар, Т.Майбас// Орт.Қазақстан.- 2000.-22 наурыз
- Бөлекова М. Балқашым - бағым / Бөлекова М. // Мысты өңір. - Жезқазған, 2007 . - 5 қазан (N41).- 8 б.
- Бірманов З. Көшелер атауларын өзгертті// Орт. Қазақстан.- 2000.-12 қаңтар
- Домбай Н. Балқашқа бардым, не көрдім, не сездім?: Сапар,ойлар // Мысты өңір.- Жезқазған,2004.- 23 қаңтар.-6 б.
- Жанов М. Әрдайым денсаулық күзетінде: Балқаш 70 / Жанов М. // Орталық Қазақстан. - 2007. - 7 сәуір.- 5 б.
- Жұмасұлтанов Ә. Қазыналы өңір туралы үш кітап: жаңа кітап // Орталық Қазақстан. - 2007. - 27 қыркүйек.- 6 б.
- Жүнісов О. Жоғары деңгейде атап өтеді: Балқаш қаласына – 60 ж. // Орт. Қазақстан.- 1997. – 13 қыркүйек.
- Жүнісұлы, О. Балқаштың шежіресіндей әсерлі / Жүнісұлы О. // Орталық Қазақстан. - 2007. - 8 наурыз. - 8 б.
- Жүнісұлы, О. Мысты Балқаш - нұрлы Балқаш: тәуелсіздік тартулары // Орталық Қазақстан. - 2006. - 2 желтоқсан. – 1-3 б.
- Жүнісұлы О. Сен киелісің, Балқашым! Балқаш 70 // Орталық Қазақстан. - 2007. - 14 сәуір.- 2 б
- Жүнісұлы, О. Ынтымағы жарасқан ырысты ел: ауыл жылдары - 2003-2005 // Орталық Қазақстан. - 2003. - 25 қазан. - 6 б.
- Кәукербекұлы С. Ырысты өлкенің ырзығы: Балқаш 70 // Орталық Қазақстан. - 2007. - 7 сәуір.- 4 б.
- Оразымбет М. Менің қалам / Оразымбет М. // Мысты өңір. - Жезқазған, 2006 . - 27 қаңтар (N4).- 7 б.
- Сағынтай С. Көрігіңнен отын сөнбегей мысты қала: [Балқаш қаласы туралы] // Орталық Қазақстан.- 2002.-16 ақпан
- Садовая Г. Балқаш өңірінің байлығы// Орталық Қазақстан.- 2000.-19 шілде
- Сардарбек К. "Қазақты күңіреткен - "58-статья": өлкетанушы К.Сардарбекпен әңгіме / әңгімелескен О.Жүнісұлы // Орталық Қазақстан. - 2007. - 13 қазан.- 7 б.
- Сардарбек К. Руханияттың дербес атауы: Балқаш 70 / Сардарбек К. // Орталық Қазақстан. - 2007. - 7 сәуір.- 5 б.
- Сәденов Қ. Ару Балқаш, әнім менің: Ән // Орталық Қазақстан.- 2002.- 16 ақпан
- Сматаев Б. Бақыр қазан қайнаса, бәріміздің бағамыз: /Балқаш қаласына – 60 жыл// Орталық Қазақстан. - 1997. – 17 қыркүйек
- Төкішев Қ. Бүгіннің белесінен қарасак: Балқаш 70 / Төкішев Қ. // Орталық Қазақстан. - 2007. - 7 сәуір.- 4 б.
- Шалова Б. Балқаштың болашағы зор // Орталық Қазақстан.- 2002.- 2 қазан.-2 б.
- Ыбыжанқызы К. Арман қала // Балқаш өңірі.- Балқаш, 2001.-10 тамыз

**22 сәуір 1937 – Ақын, термеші, ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Шынболат Ділдебаевтың туғанына 75 жыл**



Ш. Ділдебаев 1937 жылы 22 сәуірде Қызылорда облысы, Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылында дүниеге келді.

1950 жылы кешкі жұмысшы жастар мектебін, 1964 жылы Жезқазған тау-кен техникумын бітірген. 1957-1992 ж. Жезқазған кенішінің №45 шахтасында жұмысшы, ауысым мастері болып істеді. 1980 жылдардан республикалық ақындар айтысына жиі қатысып, жүлделі орындарға ие болды, шебер термешілігімен танылды. ЖКМК «Горняк» мәдениет үйінде көркемөнерпаздар үйірмелеріне жетекшілік еткен. Сәтбаев қаласындағы «Байқоңыр» кинотеатрының алғашқы директоры (1974), «Арман» халықтық ән-би ансамблін ұйымдастырып, жетекшісі болды (1975).

Ансамблмен бірге Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Украина жерлерінде өнер көрсеткен. «Ұлытау үні», «Байқоңыр дауысы» фестивальдерін алғаш ұйымдастырушылардың бірі.

1991 жылы ҚР еңбек сіңген мәдениет қызметкері атағы берілді. Сәтбаев, Ақтөбе, Қызылорда қаласының, Шиелі ауданының, (1997) Сұлутөбе ауылының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Ш.Ділдебаев халыққа кеңінен танымал «Кенші сыры» (1993), «Жылжиды жылдар» (1997) атты жыр жинақтарының авторы. Сәтбаев қаласындағы Кеншілер сарайына Ш.Ділдебаев есімі берілді.

1998 жылы 7 қарашада қайтыс болды.

### Әдебиеттер:

Ділдебаев, Ш. Кенші сыры: өлеңдер, термелер, айтыстар / Ш. Ділдебаев. - Алматы : Жазушы, 1993. - 111 б.

\*\*\*

Ділдебаев Ш. Алға ұстар ағамыз еді: Жақсының аты мәңгілік // Мысты өңір. - Жезқазған, 2003. - 14 наурыз. - 6 б.

Ділдебаев Ш. Алпысыншы көктемім // Шарайна. - Сәтбаев қаласы, 2007. - 2 наурыз (№ 25). - 4 б.

Ділдебаев Ш. Ардақтайтын елім бар // Мысты өңір. - Жезқазған, 2003. - 7 қараша. - 16 б.

Ділдебаев Ш. Жезқазған: жыр шашу // Сарыарқа. - Жезқазған, 2004. - 16 желтоқсан. - 14 б.

Ділдебаев Ш. Сізден ғана нәр алам // Мысты өңір. - Жезқазған, 2008. - 1 мамыр (№16) . - 7 б.

### Ш.Ділдебаевтың шығармашылығы туралы әдебиеттер:

Ұлытау ақындары: мақалалар, өлеңдер, толғаулар, айтыстар / құраст. Ғ. Е. Ештанаев, 2007. - 233 б.

Ділдебаев Шынболат (1937-1998) // Жезқазған: энциклопедиялық анықтама / бас ред. С.Ү. Қожамсейітов. - Алматы : Эверо, 2004. - 191 б.

Шынболат Ділдебаев (1937-1998) // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 558 б.

Шынболат Ділдебаев. - Жезқазған : Қазақмыс, 2007. - 36 б.

Шынболат Ділдебаев [Электрондық ресурс] : 70 жыл, [2009]. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM)

\*\*\*

Асантегі, Т. Қаныш атындағы қайсар қала: [Сәтбаев қаласы туралы] // Орталық Қазақстан. - 2002. - 2 наурыз.

Баймаханұлы С. Жаркылдап жүруші еді армызда // Сарыарқа. - Жезқазған, 2007. - 2 наурыз (№ 9). - 12 б.

Бекмаханұлы И. Ағаны аңсау немесе сағыныш // Сарыарқа. - Жезқазған, 2007. - 8 наурыз (№ 10). - 11 б.

Бекмаханұлы И. Елін сүйген Шынболатын ұмытпайды елі де // Сарыарқа. - Жезқазған, 2002. - 6 қараша

Бекмаханұлы И. Жезкиік // Сарыарқа. - Жезқазған, 2007. - 11 мамыр (№19). - 13 б.

Белгібай І. Арқалы жырдың ардағы // Шарайна. - Сәтбаев қаласы, 2007. - 14 қараша (№ 130). - 1 б.

Бұланбаев Д. "Поэзия - менімен бе егіз едің?" : өлеңдер // Сарыарқа. - 2001. - 19 қаңтар.

Дастанов А. "Арқаның ақтангері" // Шарайна. - Сәтбаев қаласы, 2007. - 8 наурыз (№ 27/28). - 12 б.

Дастанов А. Арқаның ақтангері арқалы ақын, алты алаш ардақтады Шынболатын! // Сарыарқа. - Жезқазған, 2007. - 14 қараша (№ 63). - 3 б.

Дастанов А. "Бейбастақ сойқан заманның Бұқары болған Шын-аға // Сарыарқа. - Жезқазған, 2007. - 2 ақпан (№ 5). - 11 б.

Дастанов А. Той қоңырауы сыңғыр қақты: Ақын, жыршы, термеші Шынболат Ділдебаевтың туғанына 70 жыл толу қарсаңында // Шарайна. - Сәтбаев қаласы, 2007. - 26 қаңтар.- 2 б.

Дастанов А. Халқына Шынболатын қауыштырған, қалада болып өтті айтыс-думан! // Шарайна. - Сәтбаев қаласы, 2007. - 14 қараша (№ 130).- 2 б.

Дастанов А. Шынболаттың шындығы // Сарыарқа. - Жезқазған, 2007. - 18 мамыр (№20).- 11 б.

Дастанов А. Шынболатын сағынып қалыпты елі... // Сарыарқа. - Жезқазған, 2007. - 8 наурыз (№ 10).- 11 б.

Дастанов А. Шындықтың шырқау шыңы: [ақын Ш.Ділдебаев атындағы республикалық айтыс] / Дастанов А. // Орталық Қазақстан. - 2007. - 20 қараша.- 4 б.

Ерман Ж. "Ақиқатты айта алмаса, несі айтыс?!": ақын Ж.Ерманмен әңгіме / әңгімелескен Қ.Құрмансейіт // Мысты өңір. - Жезқазған, 2007. - 30 қараша (№48).- 1 б.

Есжанова А. Сәнбейтін алау / Есжанова А. // Мысты өңір. - Жезқазған, 2007. - 18 мамыр (№20).- 7 б.

Жәкенова Ш. Елінің есінде қалған азамат / Ш.Жәкенова // Сарыарқа. - Жезқазған, 2001. - 6 қазан

Жәкенова Ш. Кенші еді жердің кенін бұрғылаған, кеудесінен өлең-жыр бұрқыраған / Ш. Жәкенова // Шарайна. - Сәтбаев қаласы, 2007. - 2 наурыз (№ 25).- 4 б.

Жыр дәптерінен // Жаңа жол. - Киевка, 1993. - 4 желтоқсан.- 3 б.

Имамбаева З. Өнердегі ұстазым / Имамбаева З. // Шарайна. - Сәтбаев, 2005. - 5 қараша.- 2 б.

Қожахметов А. Жастық шақты бірге өткерген дос едік / А. Қожахметов // Шарайна. - Сәтбаев қаласы, 2007. - 30 наурыз (№ 35).- 10 б.

Қожахметов М. Күмбірлейді қолымда Шынкеңнен қалған домбыра: жыршы, термеші М.Қожахметовпен әңгіме / әңгімелескен А.Дастанов // Мысты өңір. - Жезқазған, 2008. - 19 қыркүйек (№36).- 6 б.

Қожахметов М. Шынболаттың жүрдім талай қасында: Ақын, жыршы, термеші Ш.Ділдебаевтың туғанына - 65 жыл // Сарыарқа. - Жезқазған, 2002. - 19 көкек


Құрмансейіт Қ. "Ұлтының мұңын айтпасаң Ұлытаудға несіне келдің?!": [ақын Ш.Ділдебаев атындағы республикалық айтыс] // Мысты өңір. - Жезқазған, 2007. - 16 қараша (№46).- 9 б.

Мырзабеков Б. Шындықтың аты өлмейді // Сарыарқа. - Жезқазған, 2007. - 8 наурыз (№ 10).- 11б.

Тұрсынұлы М. "Жігіттің артық туған арыстаны" // Шарайна. - Сәтбаев қаласы, 2007. - 2 наурыз (№ 25).- 4 б.

Түсіпов І. Жүремін қалай сағынбай... // Мысты өңір. - Жезқазған, 2008. - 16 мамыр (№18).- 7 б.

## **1 мамыр 1912 - Кеңес Одағының Батыры Иван Михайлович Колодийдің туғанына 100 жыл**



И.М.Колодий 1912 жылы 1 мамырда Нұра ауданы, Киевка ауылында шаруа отбасында дүниеге келді. Өсе келе Өзбекстанға қоныс аударды. Ауылда ұста болды, сауатсыздықты жою сабағын алды. Сөйтіп жүргенде соғыс басталып, майданға аттанған Иван Колодий 69-атқыштар дивизиясының 118-ші артиллерия полкі құрамында радиотелеграфисі болды.

СССР Жоғарғы Советі Президумының 1943 жылғы 30 қазанындағы Указы бойынша Днепрден өтерде көрсеткен ерлігі үшін ефрейтор И.М.Колодийге Кеңес Одағының Батыр атағы берілді. Жауынгер сонымен бірге Ленин орденімен, көптеген медальдармен наградталды.

Байланышы Колодий соғыс аяқталғаннан кейін бейбіт еңбекке қайтып оралды. Бірақ оның майдандағы жарасы ден саулығын нашарлатты. 1954 жылы 42 жасында И.М.Колодий қайтыс болды.

Қаһарман байланышының радиостанциясы мен автоматы Москвадағы КСРО Қарулы күштерінің орталық мұражайында сақталған.

## Әдебиеттер:

Колодий Иван Михайлович // Қарағандылық Совет Одағының батырлары = Герои Советского Союза - Карагандинцы. - Қарағанды, 1990. - 23 б.

Колодий Иван Михайлович //Қаһарман қарағандылықтар = Герои-карагандинцы / ред. Г.Ж. Бабулова. - Қарағанды : Болашақ-Баспа, 2000. - 65 б.

Колодий Иван Михайлович // Совет Одағының Қазақстандық батырлары. - Алматы : Қазақстан, 1969 - 395 б.

## 2 мамыр 1912 - КСРО халық әртісі Күләш Бәйсейітованың туғанына 100 жыл



Бәйсейітова Күләш (Гүлбаһрам) Жасынқызы (02.1912 - 06.06. 1957) - қазақтың әйгілі әншісі (лирика-калоратуралық сопрано), қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам қайраткері. КСРО халық артисі (1936). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1948-1949). Туып-өскен жері – Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы. Топырақ бұйырған жері – Алматы қаласы. Күләштің әншілік өнерге бейімділігі жас кезінен-ақ байқала бастаған. Оның бойындағы қабілеттің ұшталуына ән мен күйге жүйрік әкесі Жасынның да әсері зор болған.

Жеті жылдық мектеп бітірген соң Күләш Қазақтың педагогикалық институтына түсіп, мұндағы көркем-өнерпаздар үйрмесіне белсене араласады. Қала жастарының өнер байқауларында әншілік дарынымен көзге түседі. Содан 1930 жылы Қазақтың тұңғыш драма театрының группасына қабылданады. Күләш сахна өнерінің қыр-сырына қызыға ден қойып, кешікпей-ақ театрдың белді артистерінің қатарынан көріне бастайды. Ол аз уақыттың ішінде Б.Майлиннің «Майдан» пьесасында Пүліштің, Н:В:Гогольдің «Үйлену тойындағы» Агафия Тохонованың, М.Тригердің «Сүнгүір қайығындағы» Клаудияның, Қ.Бәйсейітов пен А.Шаниннің «Зәуресіндегі» Зәуре, М.Әуезовтың «Еңлік- Кебегіндегі» Еңліктің рольдерін ойнап, сахналық тамаша қабілетімен танылады. Образдардың табиғатын тап басып тану, ол танығанын өмірлік шынайы шеберлікпен жеткізе білу, әсіресе туа біткен әншілік қабілеті кейіпкер болмысын аша түсуі де Күләштің сахна өнері үшін жаралаған жан екенін әйгілей түседі. Күләш 1933 жылы жаңадан ашылған музыка студиясына қабылданады. Алғаш рет Қазақ музыка театрының шымылдығы 1934 жылы «Айман-Шолпан» (М.Әуезов, И.В.Коцых) музыкалық комедиясымен ашылғанда, Күләш басты рольді үлкен шеберлікпен ойнап, Айман бейнесі арқылы Қазақ қыздарының ар-намыстан жаралғандай парасатты болмысын шабытпен тұлғалайды. Мұнан әрі Күләштің ғажайып қабілеті мен дарыны Б.Майлин мен И.В.Коцыхтың «Шұғасындағы» - Шұға, Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы – Жібек образдарын сомдау барысында одан әрі жарқырап ашыла түседі. Бұл рольдер арқылы оның бойындағы әншілік-артистік қабілеттің ғажайып мүмкіндіктері барша болмысымен көрініс тауып, қазақ сахна өнерінің соны табысы ретінде жұртшылықтың ықылас-ілтисатына бөленді. Ол жаңа қаз басқан қазақ сахна өнерінің шын мәнінде тірек тұлғасына, ұйтқысына айналды. Аз уақыт аясында Е.Брусиловскийдің «Жалбыр» , «Ер Тарғын», «Алтын астық», «Гвардия алға», «А.А. Зильбердің «Бекет», И.Н. Надировтың «Терең көл», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», М. Төлебаевтың «Біржан-Сара», Д.Ж.Пучинидің «Чио-Чио-Сан», П.И.Чайковскийдің «Евгений Онегин», А.Рубинштейннің «Демон» сияқты операларында басты рольдерде ойнап, басты вокальдық партияларды орындап, қайталанбас хас шеберлігімен танылды. Бір-біріне ұқсамайтын кереғар образдар, иірім-қайырымы әр алуан вокальдық партиялар Күләштің көп қырлы, алауан сырлы дарынының арқасында алмастай жарқырап ашылып, эстетикалық эмоциялық қуаты мейлінше тегеурінді образдар галериясы жасалды. Күләш Бәйсейітова концерттік әнші ретінде де дүние жүзіне танылған қайталанбас дарын иесі бола білді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында К.Бәйсейітова концерттік бригада құрамында майдан шебіне шығып тұрды. 1-3 сайланған ҚазКСР Жоғ. Кеңесінің депутаты, Ленин орденімен марапатталды.

Бәйсейітова есімімен Алматыда музыкалық мектеп, көше және Қарағандыда көше аталған.

Астана қаласын еліміздің саяси және мәдени орталығы ретінде одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Н.Назарбаевтың бастамасымен 2000 жылғы қаңтарда «Ақорда» опера

және балет театры құрылған болатын. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2000 жылғы шілдеде Астана қаласы опера және балет театры Күләш Байсейітова атындағы опера және балет театры болып өзгертілді.

### Әдебиеттер:

- Ахметова М. Ән өнері және уақыт / М. Ахметова, 1993. - 112 б.
- Байділдаев, Ә. Қанатты өнер: очерктер жинағы / Ә. Байділдаев. - Алматы : Жазушы, 1973. - 126 б.
- Байсейітов, Қ. Құштар көңіл / Байсейітов, Қ. - Алматы : Жазушы, 1977.
- Байсейітова Күләш (Гүлбаһрам) Жасынқызы// Қазақ ССР: 4 томдық қысқаша энциклопедия. 4-том / бас ред. Р.Н. Нұрғалиев. - Алматы : Қаз.сов. энцикл., 1989. - 196 б.
- Байсейітова Күләш (Гүлбаһрам) Жасынқызы// Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 162 б.
- Байсейітова Күләш (Гүлбаһрам) Жасынқызы// Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. Р.Н. Нұрғалиев. - Алматы : Қаз.сов.энцикл., 1990. - 123 б.
- Брусиловский Е. Дүйім дүлдүлдер / Е. Брусиловский ; ауд. С. Байжанов, 1995. - 224 б.
- Брусиловский Е. Қыз Жібек: төрт перделі, екі суретті опера / Е. Брусиловский ; либр. Ғ. Мүсірепов, 1981. - 167 б.
- Жұбанов А.Қ. Өскен өнер: (мақалалар мен зерттеулер) / А. Қ. Жұбанов, 1985. - 248 б.
- Кенжетәев К. Асылдар мен Ардақтылар/ К. Кенжетәев, 2002. - 296 б.
- Күләш Байсейітова туралы естеліктер / құраст. Б.Нұржекеұлы, 2004. - 256 б.
- Қазақстан өнері: жылнама / құраст. Қасымбеков Қ. - Алматы : Өнер, 1984. - 96 б.
- Қазақстан өнері: жылнама / құраст. Ә. Оралбеков. - Алматы : Өнер, 1987. - 80 б.
- Құмарова, Ш. Сезім патшалығы: роман. 2-кітап, 2004. - 288 б.
- Латиева С. Бұлбұл: Өмірбаяндық повесть - эссе / С. Латиева ; ред. К. Уәлиев, 1984. - 160 б.
- Майшекин М. Көркемөнер шеберлері / М. Майшекин, 1959. - 139 б.
- Мұхамеджанов Қ. Таңдамалы шығармалар: 2 томдық. 2 т. : пьесалар, өнер жайлы ойлар, 1978. - 384 б.
- Нұржекеұлы Б. Өнер күдіреті: Тарихи-танымдық мақалалар / Б. Нұржекеұлы, 2003. - 100 б.
- Тәжібаев, Ә. Есімдегілер: естеліктер, эсселер / Ә. Тәжібаев. - Алматы : Жазушы, 1993. - 400 б.
- \*\*\*
- Абылқызы Н. Күләш мені Өндібек деп атапты / Н. Абылқызы // Парасат. - 2007. - №7. - 4-5 б.
- Айтбайұлы Ж. Тағы да Күләштің туған жері туралы: Жаңғырық / Ж.Айтбайұлы, Қ.Мырзахан // Орталық Қазақстан. - 2002. - 19 қазан. - 7 б.
- Ақсұңқарұлы С. Биыл - Күләштің жылы / С.Ақсұңқарұлы // Орталық Қазақстан. - 2002. - 22 наурыз
- Байсейітова Қ. "Бұлбұл әншінің" қыздары едік.../ әңгімелескен М.Төлепберген // Егемен Қазақстан. - 2007. - 31 қаңтар (№24-27).- 9 б.
- Байсейітова Қ. Бұлбұлдан қалған бір тұяқ: (Қарлығаш Байсейітова Қанабекқызымен әңгіме) / әңгімелескен Ж.Шәкен // Қазақ әдебиеті. - 2007. - 12 қаңтар (№1-2).- 14 б.
- Бұғыбаева Қ. Гәкку: Лирикалық толғау / Қ. Бұғыбаева // Жас Алаш. - 2005. - 31 наурыз.- 10 б.
- Дала бекзатының үйінде: (XIX ғасырдағы орыс жазушылары қазақтар туралы) / құраст. Ә. Жұмабаев, 2003. - 520 б.
- Жанысбай С. Ақтоғайдан қалықтаған бұлбұл: Күләш Байсейітованың туғанына - 95 жыл / Жанысбай С. // Орталық Қазақстан. - 2007. - 4 тамыз.- 8 б.
- Жүнісұлы О. Әнші Күләш қай жерде туған?: Дерек / О.Жүнісұлы // Орталық Қазақстан. - 2002. - 13 шілде
- Жүнісұлы О. Қазақ бұлбұлына ескерткіш / Жүнісұлы О. // Орталық Қазақстан. - 2007. - 19 шілде.- 1 б.
- Иманбаева, А. Қазақ даласының бұлбұлы / А. Иманбаева // Мәдениет. - 2009. - № 11. - 7-9 б.
- Иманжанов М. Қыз Жібек: театр / М. Иманжанов // Социалистік Қазақстан. - Алматы, 1945. - 3 июнь (№ 110).- 4 б.



Күләш Байсейітова: коммунистер мен партияда жоқтардың Сталиндік одағы ұсынған кандидаттар // Социалистік Қазақстан. - Алматы, 1947. - 25 янв. (№ 18).- 3 б.

Қалияқпар М. Күләш Ақтоғайда туған: Дерек / М.Қалияқпар // Орталық Қазақстан. - 2002. - 27 шілде

Қарлығаш Байсейітова: Күләштің ұрпағы бар, ол-менмін: сұхбат / сұхбаттасқан Г. Бектасова // Өнер әлемі. - 2007. - №1-2.- 13 б.

Миралинова Б. Жетпісінші маусымы жексенбіде жабылмақ: Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрына 70 жыл / Б. Миралинова // Жас Алаш. - 2004. - №69.- 5 б.

Мүсілім Ж. Қазақтың бұлбылы / Ж. Мүсілім // Заң газеті. - 2009. - 4 маусым (№ 83).- 8 б.

Нысаналин А. Таңғажайып / А. Нысаналин // Дала мен қала. - Алматы, 2009. - 15 қаңтар (№ 1).- 14 б.

Салықов К. Гэкку // Орталық Қазақстан. - Қарағанды, 2009. - 7 наурыз (№ 34/35).- 5 б.

Сардарбек К. Мен Манарбектің келінімін: М.Ержановтың туғанына - 100 жыл / Сардарбек, К. // Балқаш өңірі. - 2001. - 31 қазан

Смаханұлы С. Керемет деп осыны айт: Күләш Байсейітоваға 90 жыл / С.Смаханұлы // Сарыарқа. - Ботақара, 2002. - 1 маусым

Сөйле, сурет! // Парасат. - 2004. - №5.- 31 б.

Туғанбай А. Жақсыға әркімнің де бар таласы: Күләш Байсейітованың туғанына - 95 жыл // Орталық Қазақстан. - 2007. - 26 шілде.- 6 б.

Халықтар достығының бір айғағы: халық артисі К. Байсейітовамен сұхбат // Социалистік Қазақстан. - Алматы, 1950. - 23 июль (№ 160).- 4 б.

## **10 маусым 1912 - Жазушы Жайық Бектұровтың туғанына 100 жыл.**



Журналист, жазушы, Қарағанды қаласының құрметті азаматы Жайық Кәгенұлы Бектұров 1912 жылы 10 маусымда Ақмола уезінің Моншақты болысында (қазіргі Астана облысы, Алексеев ауданы, “Үрпі” ауылы) туған.

1928 жылы ҚАССР-нің Халық ағарту комиссариатының мұғалімдер курсы бітірген соң, Атбасар қаласында мұғалім болған.

Ол 1934 жылы Қазақ коммунистік университетін, ал 1955 жылы Қазақтың мемлекеттік университетін бітірген.

Ж.Бектұров 1932-1937 жылдары комсомол қызметінде болған, 1937-1939 жылдары республикалық “Лениншіл жас” жастар газеті редакторының орынбасары, “Социалистік Қазақстан” газетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары міндеттерін атқарған.

1939-1940 жылдары Жамбыл облыстық газетінің жауапты редакторы, ал соғыс басталғанда дивизиялық газетінің редакторы болған.

1942 жылы мамыр айында Ж.Бектұров қамауға алынып, КСРО НКВД-сінің айрықша кеңесінің шешімімен РСФСР Қылмысты істер кодексінің 58-ші бабымен сырттай он жылға кесіліп, Солтүстік Оралға жер аударылды. Жабылған жала тек қана 1955 жылы ҚазССР Жоғарғы сотының Президиумының шешімімен күшін жойып, ал 1989 жылы түбегейлі ақталды.

Жайық Кәгенұлы елеуінші жылдары педагогикалық қызметте болды. 1958 жылдан бастап 1989 жылғы қыркүйекке дейін ол Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Қарағанды облысаралық бөлімінің жауапты хатшысы болды.

КСРО Жазушылар одағының, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Бүкілодақтық географиялық қоғамының мүшесі, партия мен еңбек ардагері Ж.К.Бектұровтың қоғамдық және әдеби өмірдегі еңбегі оған атақ-абырой әкеліп, жұртшылықтың құрметіне бөледі.

Публицист Ж.К.Бектұров өзінің ауқымды да бейнелі сөздерімен Орталық Қазақстанның көптеген фактілері мен тарихи оқиғаларын көпшіліктің жадында қалдырды.

Ол республиканың әдеби ортасында кеншілер өлкесінің қалыптасуы мен дамуының, оның орталығы – Қарағандының шежіресін жазушы ретінде белгілі.

Ж.К.Бектұров өзінің шығармашылық және ұйымдастырушылық таланты арқылы облыс пен республиканың мәдени өміріне үлкен үлес қосты. Ол Қарағанды және Қарағанды облысының энциклопедиясын жасаушылардың бірі болды.

Оның көп жылғы әрі тынымсыз еңбегі көптеген үкімет наградаларымен марапатталған. 1977 жылы “Жол жоралғысы” деген кітабы шықты. Бұл жинаққа қаламгердің Ы.Алтынсарин, Ш.Уалиханов, Г.Потанин, қобызшы-жыршы Н.Атабеков жайлы тарихи-көркем очерктері енгізілген. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін қажымай жинап, бастырудағы еңбегі өз алдына бір сала. Ж.Бектұров Абай, Сәкен, Бейімбет, Саттар, Әбділдә, Тайыр, Ғабиден, Зейін және өзге де қазақ ақын-жазушылары жайында көптеген сын мақалалар жазған. Жазушы басқа ұлттар әдебиетінің озық үлгілерін қазақ оқырмандарына танытуда көп жұмыс тындырды. Ж.Бектұровтың өрнекті тілімен қазақшаланған Г.Серебрякова, Петефи, Дефо, Гашек, Л.Пантелеевтің шығармаларын оқырмандар жылы қабылдаған. Облыстық “Орталық Қазақстан” газетінің бетінде жазушы Азия, Африка елдері қаламгерлерінің бірнеше әңгімелерін аударып бастырған. Кейінгі жылдары, яғни 1991 жылы “Өткел” өлеңдер жинағы, ал 1997 жылы “Қазақстан” баспасынан “Таңба” атты кітабы жарық көрді. Бұл кітап еліміздің шежіресіне қара таңба болып басылған отызыншы-қырқыншы жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің алапат ашы шындығы жайында, сол нәубеттің құрбаны болған тұғырлы тұлғалар, талайлы тағдырлар жайында баян ететін туынды. Мұның жарық көруінің арасы 40 жылдай уақыт созылған екен... Сол қырғынның өзі де куәсі болған, кезінде жазықсыз танылған кесірінен жапа шегіп, жалынды жастық жылдарын айдауда, азап лагерлерінде өткізген ардагер жазушының аталмыш романы авторы іспеттес қилы қияметтерді бастан кешіріп барып, кейінде ғана оқырмандарға жол тапқан. Жалпы бұл шығарма азап лагеріндегі өмірді қазақ әдебиетінде бейнелеген тұңғыш еңбек. Сол жылы Медицина ғылымының докторы, профессор М.Әлиакпаровтың “Жайық мінген қайық” кітабы Қарағанды қаласының “Қазақстан” баспасынан шыққан. М.Әлиакпаровтың бұл кітабы Ж.Бектұровтың тар жол, тайғақ кешулерге толы өмір өткілдеріне арналған. Автор мен кітап кейіпкері арасындағы сырлы сұхбатта зұлмат жылдардың зобалаңы, қазақ халқының басына қолдан жасалған нәубет зардабы бүкпесіз баяндалады. Сонымен қатар кітапқа жасы сол кезде сексен беске келсе де қаламы қолынан түспеген Ж.Бектұровтың сталиндік зұлматты ашық әшекерелейтін бірқатар поэмалары мен өлеңдері енгізілген.

1998 жылы 26 наурызда сексен алты жасқа қараған шағында журналист, жазушы, Қарағанды қаласының құрметті азаматы Ж.К.Бектұров өмірден өтті.

Қарағанды қаласының құрметті азаматы, КСРО Жазушылар одағының, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының, КСРО және Қазақстан журналистер одағының, Бүкілодақтық географиялық қоғамның мүшесі, дарынды зерттеуші Жайық Кәгенұлы Бектұровтың аты 2001 жылы ҚР үкіметінің 14 қыркүйекте № 1204-ші 14. 09. 2001 жылғы қаулысымен Облыстық жасөспірімдер кітапханасына берілді. Соның нәтижесінде кітапханада 2001 жылы 12 желтоқсанда ресми түрде “Сирек кітаптар, қолжазбалар және мұражай жәдігерлері бөлімі” ашылып, онда Ж. Бектұровтың мемориалдық кабинет-мұражайы мен оқу залы орналасты.

### **Ж.К.Бектұровтың шығармалары:**

Бектұров Ж. Жол жоралғысы: Очерктер.-Алматы:Жазушы, 1977.-88 б.

Бектұров Ж. Өткел: Өлеңдер мен поэмалар.- Алматы: Жазушы, 1991.- 80 б.

Бектұров Ж. Таңба: Роман.- Алматы: Қазақстан, 1997.- 304 б.

Тарту: өлеңдер жинағы / ред. Ж. Бектұров. - Қарағанды : Қарағанды облыстық типографиясы, 1958. - 84 б. - 01. 75 с.

\*\*\*

Бектұров Ж. “Абайға толғау” // Орталық Қазақстан. - 1981. - 4 сәуір

Бектұров Ж. Абайдың белгісіз шұмақтары: / “Абай сөзі” жайында// Жұлдыз. - 1991. - №5-7.- 194-196 б.

Бектұров Ж. Ағайынға ашық хат // Орталық Қазақстан. - 1996. - 30 қаңтар

Бектұров Ж. Ақан арқада: /А.Байтұрсынов туралы және “қырық мысалы”// Орталық Қазақстан. - 1989. - 29 қаңтар

- Бектұров Ж. Ақ бұлты бар басында...Қазақ ССР-інің 70 ж-на // Орталық Қазақстан. - 1990. - 2, 4, 5 қыркүйек
- Бектұров Ж. Ақ кітап: /М.Әлиакпаровтың “Ахат” атты кітабы туралы// Орталық Қазақстан. - 1997. - 8 ақпан
- Бектұров Ж. Ақ теректің арызы: Фельетон // Орталық Қазақстан. - 1968. - 20 маусым
- Бектұров Ж. Ақын Қасым жаттаған 1916 жылғы бәйіт: /Арабша қолжазбадан көшірілген// Орталық Қазақстан. - 1992. - 19, 20 ақпан
- Бектұров Ж. Ақын Қасым Сырымбетұлы: /1904-1990// Орталық Қазақстан. - 1992. - 19 ақпан
- Бектұров Ж. Ақынның бір арызы: /Қ.Тоғызақовтың “Абақтыдан арыз” өлеңі жайында// Орталық Қазақстан. - 1994. - 4 қазан
- Бектұров Ж. Алыс жылдардың дерегі: /1930-1937// Жалын. - 1989. №4.- 70-75 б.
- Бектұров Ж. Алыстағы ауылдарда: Жолжазба // Шұғыла. - 1978. - 7 қыркүйек
- Бектұров Ж. Аңғал: Әңгіме // Орталық Қазақстан. - 1969. - 28 мамыр
- Бектұров Ж. Арманда кеткен қайран ер: Кенесары-200// Ақиқат.- 2002.- N11.-36-43 б.
- Бектұров Ж. Асуларда: Тарихи дастан // Орталық Қазақстан.- 1989.- 15, 16, 17 қыркүйек.
- Бектұров Ж. Асыл азамат: /Қазақ революционерлері жайлы// Орталық Қазақстан.- 1977.- 14 қаңтар
- Бектұров Ж. Аурухана ауласынан: Өлеңдер // Орталық Қазақстан.- 1993.- 11 мамыр
- Бектұров Ж. Әдептен де, әдеттен де озбайық // Орталық Қазақстан.- 1991.- 1 қараша
- Бектұров Ж. Әзілханның әзілі мен ақылы // Орталық Қазақстан.- 1987.- 29 қараша
- Бектұров Ж. Ән қанатында: Жыр дәптерінен // Орталық Қазақстан.- 1983.- 18 қыркүйек
- Бектұров Ж. Бақыт жолында: Әңгіме // Орталық Қазақстан.- 1966.- 17 сәуір
- Бектұров Ж. Балуан Шолақ: Әңгіме // Қазақ әдебиеті.- 1986.- 12 желтоқсан
- Бектұров Ж. Баянауыл басында. Мәшһүр-Жүсіптің аруағына бағыштаймын өлең-очерк // Орталық Қазақстан.- 1991.- 12, 15 қаңтар.
- Бектұров Ж. Боран; Қысқы ағаш: /Өлеңдері// Орталық Қазақстан.- 1984.- 5 наурыз.
- Бектұров Ж. Біржан сал және оның ұрпақтары // Орталық Қазақстан.- 1979.- 31 наурыз
- Бектұров Ж.К. "Бір борышымды өтегендей болып отырмын..." // Егемен Қазақстан.- Алматы, 2002.- 31 шілде
- Бектұров Ж. Ғалым-жазушы: /С.Талжановтың туғанына 80 жыл // Орталық Қазақстан.- 1986.- 13 қараша
- Бектұров Ж. Ғуламамен сұхбат: /Ә.Марғұланнан сыр сандық// Орталық Қазақстан.- 1991.- 21, 28 желтоқсан
- Бектұров Ж. Дәлел мен дерек: /Кенесары мәселесі// Жұлдыз.- 1990.- №10.- 188-196 б.
- Бектұров Ж. Дәнекер: Әдебиет беті // Орталық Қазақстан.- 1988.- 24 тамыз
- Бектұров Ж. Енеден ерте айрылған төл секілді... Алматы: Қазақстан, 2002.- б.: Фотосуреттер
- Бектұров Ж. Екі сөз: Жаңғырық // Орталық Қазақстан.- 1995.- 12, 14 қыркүйек
- Бектұров Ж. Ел мен жер: Пікір // Замандас.- 1994.- 14 қаңтар
- Бектұров Ж. Ескінің ізі: Мұра // Орталық Қазақстан.- 1990.- 29 шілде
- Бектұров Ж. Жақсыға “әркімнің-ақ бар таласы”: Ескі күнделік беттерінен // Орталық Қазақстан.- 1991.- 2, 5, 6 наурыз
- Бектұров Ж. Жамбыл жотасынан: /Жамбылдың туғанына 150 жыл толуына // Орталық Қазақстан.- 1996.- 9 шілде
- Бектұров Ж. Жас шыбық: Жыр дәптерінен // Орталық Қазақстан.- 1982.- 31 шілде
- Бектұров Ж. Жаттап алған, хатта қалған.: /Мұқаш молланың Садық қажыдан қой сұрағаны және қажының жауабы // Орталық Қазақстан.- 1995.- 23, 25 ақпан
- Бектұров Ж. Жоқтау-толғау: /Балуан Шолаққа, Шоқанға// Орталық Қазақстан.- 1993.- 11 қараша
- Бектұров Ж. Жоқтау-толғау: /Кенесарыға, Махамбетке, Исатайға, Мәдиге// Орталық Қазақстан.-1993.- 30 қазан
- Бектұров Ж. Жоқтау-толғау: /Құдайбергенге, Берниязға, Омарға, Ыбырайға// Орталық Қазақстан.- 1993.- 21 желтоқсан
- Бектұров Ж. Жұлдызы жарық та, жоғары жазушы: /Л.Есенберлин туғанына 80 жыл// Орталық Қазақстан.- 1995.- 14 қараша

- Бектұров Ж. Жүсіпбек Аймауытов және “Қартқожа” // Орталық Қазақстан.- 1989.- 17 ақпан
- Бектұров Ж. Жыраулар дәстүрі: Қазақ поэзиясының үлгі-нұсқаулары // Орталық Қазақстан.- 1977.- 10 ақпан
- Бектұров Ж. Жыр дәптерінен // Орталық Қазақстан.- 1991.- 14 желтоқсан
- Бектұров Ж. Жыр дәптерінен // Орталық Қазақстан.- 1992.- 16 қаңтар
- Бектұров Ж. Кенекем кернеуінде: /Кенесары туралы// Орталық Қазақстан.- 1993.- 4 қараша
- Бектұров Ж. Көбікауыз: Памфлет // Орталық Қазақстан.- 1990.- 16 желтоқсан
- Бектұров Ж. Көз алдымда көп адам: Өлең // Орталық Қазақстан. - 1991. - 25 желтоқсан
- Бектұров Ж. Көзбен көріп, көңілге тоқығандарымнан // Ақиқат.- 1996.- №8.- 76-78 б.
- Бектұров Ж. “Көкпар” емес – “көк бөрі” және осыдан туындайтын бірер пікір: /Ескерткіштерді сақтау туралы //Орталық Қазақстан.- 1993.- 5 наурыз
- Бектұров Ж. Көкше: Жыр дәптерінен // Орт.Қазақстан.- 1982.- 3 сәуір
- Бектұров Ж. Көп қырылған ағайынның бірі: /Т.Бұқарбаев жайында/ // Орталық Қазақстан.- 1990.- 19 қаңтар.
- Бектұров Ж. Қажымұқан қадірі: Деректер // Орталық Қазақстан.- 1978.- 16 мамыр
- Бектұров Ж. Қайраткерлік қасиет: / Қазақ елінің ақсақалы Б.Әшімұлы-80 жасқа толды/ // Орталық Қазақстан.- 1997.- 2 тамыз
- Бектұров Ж. Қаныш қаққан қияда: Очерк // Орталық Қазақстан.- 1966.- 22 шілде
- Бектұров Ж. Қарағанды қазақ совет әдебиетінде // Орталық Қазақстан.- 1987.- 22 қазан
- Бектұров Ж. Қараторғай: Әңгіме // Советтік Қарағанды.- 1963.- 7 ақпан
- Бектұров Ж. Қармақ: Өлең // Орталық Қазақстан.- 1994.- 18 қазан
- Бектұров Ж. Қарындасқа хат: /Жазықсыз жазаланып, Тағайдан елге оралғанда/ // Орталық Қазақстан.- 1998.- 1, 4 шілде
- Бектұров Ж. Қозы Көрпеш–Баян сұлу: Аңыз соңы // Орталық Қазақстан.- 1992.- 16 қараша
- Бектұров Ж. Құран Шәриф // Орталық Қазақстан.- 1990.- 27 маусым
- Бектұров Ж. Мәдидің мерейін мерт етпейік // Орталық Қазақстан.- 1992.- 26 маусым
- Бектұров Ж. Мырзажанды алдымен менен сұра: Жаңғырық // Орталық Қазақстан.- 1995.- 4 қаңтар
- Бектұров Ж. Міржақып туралы. // Орталық Қазақстан.- 1989.- 3 тамыз
- Бектұров Ж. Орынборға саяхат: Әңгіме // Орталық Қазақстан.- 1972.- 25-27 қазан
- Бектұров Ж. Өлеңдер // Орталық Қазақстан.- 1981.- 31 желтоқсан
- Бектұров ж. Өмір көріністері: Кысқа әңгімелер // Орталық Қазақстан.- 1963.- 3 қараша
- Бектұров Ж. Өрт пен дерт: Эссе // Орталық Қазақстан.- 1989.- 25-28, 30 мамыр, 1-3 маусым
- Бектұров Ж. Сабыр түбі-сары алтын.: “Осы біз қандаймыз” атты мақалаға («ZAMAN-Қазақстан» 21.03.97) орай жолдаған хат // Орталық Қазақстан.- 1997.- 9 шілде
- Бектұров Ж. Сәкеннің соңғы сәттері // Жалын. - 1988. - №3. - 39 б., №4.- 33-39 б.
- Бектұров Ж.К. Сәкеннің соңғы сәттері: "Енеден ерте айрылған төл секілді..." кітабынан үзінді// Орталық Қазақстан.- 2004.- 9 қазан.-7 б.
- Бектұров Ж. Сәкен Сейфуллин // Орталық Қазақстан.- 1973.- 5 сәуір
- Бектұров Ж. Сәкен Сейфуллиннің “С.А. ауылы” қай ауыл? // Қазақ әдебиті.- 1974.- 28 маус.
- Бектұров Ж. Сүрен: Өлең // Шипагер.- 1997.- 29 мамыр
- Бектұров Ж.Сурет сырсыз, үнсіз бе? // Ана тілі.- 1994.- №10 (наурыз)
- Бектұров Ж. Суреттерді сөйлеткенде: Мұра // Орталық Қазақстан.- 1990.- 18 тамыз
- Бектұров Ж. Сурет сыр шертеді // Орталық Қазақстан.- 1982.- 21 маусым
- Бектұров Ж. Сыр сандықтан: Әр жылдардың жырлары // Орталық Қазақстан.- 1996.- 6 сәуір
- Бектұров Ж. Сібірде: /30-шы жылдары сұрапыл аштықта шұбырып, Сібірде топырақ қапқан қазақ елі құрбандарына арналады// Орталық Қазақстан.- 1995.- 3 маусым
- Бектұров Ж. Тағы да Олжабай туралы: /Олжабай ақын/ // Орталық Қазақстан.- 1990.- 14 маусым
- Бектұров Ж. Тайбурылдың өлімі: Романнан үзінділер // Орталық Қазақстан.- 1992.- 7, 9, 12, 14, 16, 19, 21 мамыр
- Бектұров Ж. Таңба: Роман // Жұлдыз.- 1989.- №7.- 3-69 б.
- Бектұров Ж. Тауқымет: Памфлет // Орталық Қазақстан.- 1990.- 26-28 қазан
- Бектұров Ж. Тұлғалы қайраткер: /Х.Жүсіпбеков, Н.Нұрмақов жайында/ // Орталық Қазақстан.- 1980.- 26 тамыз

Бектұров Ж. Тұрлыбектің тығырығы: Хикая // Орталық Қазақстан.- 1995.-5-7, 8-9 желтоқсан, 1996.- 18, 20-22 маусым

Бектұров Ж. Түйін: Толғау // Замандас.- 1994.- 24 маусым

Бектұров Ж. Түн басқанда төбеңнен: Мұң мен сыр // Замандас.- 1991.- 28 маус.

Бектұров Ж. Түрлі-түрлі құстар бар: Өлең // Орталық Қазақстан.- 1981.- 19 қараша

Бектұров Ж. Түсімде де, өнімде де: Толғау // Орталық Қазақстан.- 1992.- 27 наурыз

Бектұров Ж. Тығырық // Орталық Қазақстан.- 1996.- №7.- 31-66 б.

Бектұров Ж. Тілмаш // Орталық Қазақстан.- 1993.- 26, 27 қазан

Бектұров Ж. Тілім менің: Поэма // Орталық Қазақстан.- 1991.- 20, 23 шілде

Бектұров Ж. Хан мен қайыршы: Аңыз-ертегі // Орталық Қазақстан.- 1991.- 20 сәуір

Бектұров Ж. Ілекең ілегінде: І.Жансүгіровтің туғанына 95 жыл толуына орай // Орталық Қазақстан.- 1989.- 16, 17 желтоқсан

Бектұров Ж. Шалдауыр шарифат: Сықақ әңгімелер // Орталық Қазақстан.- 1968.- 19-22 желтоқсан

Бектұров Ж. Этап: /Өлең сөзбен жазған естелік: 1962 ж./ // Орталық Қазақстан.- 1994.- 29 қазан., 1 қараша

### **Ж.К.Бектұровтың шығармашылығы туралы:**

Әбдікеева Ж.К. Жайық Бектұровтың әдеби мұрасы: автореферат / 2006. - 28 б.

Әдеби Қарағанды: библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / Қарағанды обл. ғылыми-әмбебап кітапханасы; Құраст.: Г.Н.Умбединова. - Қарағанды : б.ж., 2000. - 89 б. - (Облыстық кітапхана-өлкетану орталығы).

Бексейіт С. Ғасырластарым: Әр жылдардағы жазбалар / Қарағанды: ТОО "Арко", 2005.

Бектұров Ж. // Қарағанды. Қарағанды облысы Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 131 б.

Бектұров Ж. // Советтік Қазақстан жазушылары. Био-библиогр. анықтамалық.- Алматы, 1987.- 131 б.

Бектұров Ж. // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық.- Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. 2004 – 80 б.

Бектұров Жайық (1912-1998) // Қазақстан жазушылары: анықтамалық : 75 жыл / құраст. С. Камшыгер. - Алматы : Ан Арыс, 2009. - 98 б.

Бектұров Жайық Кәгенұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы : энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 180 б.

Бектұров Ж. // Орталық Қазақстан жазушылары.- Қарағанды, 1990.- 16-17 б.

Орталық Қазақстанның жазушылары: Методикалық - библиографиялық материалдар, 1973 б  
Туған өлке қаламгерлері.- Көкшетау, 2007. - 120 б.

\*\*\*

Ақсұңқарұлы С. Бір өзі ұлыстың зердесі еді: /Ж.Бектұровтың қабірі басында сөйлеген сөзі// Орталық Қазақстан.- 1998.- 2 сәуір

Ақсұңқарұлы С. "Қара шал, тізгін тартып, бөгел бері...": Жазушы Ж.Бектұровтың туғанына - 90 жыл Орталық Қазақстан.- 2002.- 11 желтоқсан.-1, 8 б.

Ахметов Қ. Тар жол, тайғақ кешу: руханият// Балқантау.- Қарағанды, 2006.- 8 маусым.-9 б.

Ахмет Ө. Ылдидан шауып, төске озған // Орталық Қазақстан.- 1992.- 29 мамыр

Әбдікеева Ж. Жайық Бектұров тағлымы// Ақиқат.- 2005.- N11.-36-38 б.

Әбікенова С. Арқаның ардақты ақсақалы: Тәуелсіздікті аңсаған ағалар: [Ж.Бектұров туралы]// Орталық Қазақстан.- 2001.-5 желтоқсан

Әбікенова С. Бір шұмақ жыр бойына бүккен сыр, немесе Аруақ алдындағы парыз қоғам мойнына қашанғы қарыз боп қалмақ?: [Ж.Бектұров туралы] / С.Әбекенова, Е.Еленбестегі// Азия Транзит.- Қарағанды, 2001.-N12.-39-41 б.

Әбікенова С. Парызын адал атқарған қаламгер: Жазушы Ж.Бектұровтың туғанына - 90 жыл// Орталық Қазақстан.- 2002.- 11 желтоқсан.-8-10 б.

Әдекенов М. "Таңбаның" тағлымы: Жайық Бектұровтың туғанына 90 жыл // Ақиқат.- 2002.- N11.-63-65 б.

- Әдекенев М. Тәрбиелік мәні зор шығарма: /Ж.Бектұровтың “Таңба” кітабы хақында/ // Орталық Қазақстан.- 1997.- 27 желтоқсан
- Әлиақпаров М.Т. Жайық мінген қайық (Жайық Бектұровтың өмір шежіресінен) 1997.- 202 б.
- Байкенжина Л. Заман сипаты - мұрағат құжаттарында: 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні// Орталық Қазақстан.- 2006.- 30 мамыр.-8 б.
- Байсеркин, Қ. Лениннің қабылдауында болған кім? // Орталық Қазақстан. - 2008. - 26 шілде (№115-116) . - 3 б.
- Бекенов Қ. Жеті атаны тергеткен Жәкең еді: Жазушы Ж.Бектұровтың туғанына - 90 жыл // Орталық Қазақстан.- 2002.- 2 қазан.-13 б.
- Бокаев Н. Ой өрнектері. Замандастарыма арналады: Жыр дәптерінен // Орталық Қазақстан.- 1998.- 27 қаңтар
- Егеубаев А. Хат. Талант: тақсыреті мен қасіреті: [Жайық Бектұров туралы] // Егемен Қазақстан.- 2005.- 22 маусым.-8 б.
- Ермекбаев Т. Бір суреттің сыры: /Ж.Бектұровтың естелігінен/ // Орталық Қазақстан.- 1997.- 9 сәуір
- Ермекбаев Т. Жазушы Жайық Бектұров // Орталық Қазақстан.- 1991.- 31 тамыз
- Ермекбаев Т. Соңғы сөз немесе Қарағандының қазына қартымен қоштасу: Өлең // Орталық Қазақстан.- 1998.- 28 наур.
- Жазушы Жайық Бектұров 70 жаста // Қазақ әдебиеті.- 1983.- 10 маусым
- Жазушы жинағын шығарды: Жазушы Ж.Бектұровтың туғанына - 90 жыл // Орталық Қазақстан.- 2002.- 11 желтоқсан.-8 б.
- Жанғожин А. Еңбекпен көтерілді ел еңсесі: 50 жылдар: "Орталық Қазақстан" газетіне-70 жыл /А.Жанғожин, Е.Лұқпан// Орталық Қазақстан.- 2001.-27 маусым
- Жакина Ж. “Жәкеңдей” жазушыға жар болдық қой”: Сұлушаштың қонағы // Орталық Қазақстан.- 1999.- 18 желтоқсан
- Жанысбай С. Жәкең туралы толғаныс: /Ж.Бектұров туралы/ // Орталық Қазақстан.- 1997.- 9 сәуір
- Жевлаков А. “Ұлтшылдар” дейтін құйтырқы құпия іс: /Ж.Бектұров өмірбаянынан, 1942/ // Орталық Қазақстан.- 1990.- 18 қараша
- Жұмағали З. Мықтылардың мектебінен тәлім алдық: профессор З.Т.Жұмағалимен сұхбат / сұхбаттасқан С.Жұмағұл// Орталық Қазақстан.- 2006.- 4 ақпан.- 8 б.
- Жұмай, Ж. Жайық Бектұров мұрасы оқырмандар игілігіне / Ж. Жұмай // Кітапхана = Библиотека. - 2009. - № 4. - 39-40 б.
- Жұмай С. Жәкеңнің жоқтау - толғаулары: мәдени мұра// Орталық Қазақстан.- 2005.- 15 қазан.-8 б.
- Жұмашев Р. Ұлттық дипломатиямыздың жеңісі: жер тағдыры - ел тағдыры / Р.Жұмашев, Қ.Өскембаев// Орталық Қазақстан.- 2006.- 28 ақпан.-5б.; 2 наурыз.-11б.; 4 наурыз.-10 б.; 9 наурыз.-7б.
- Ж.К.Бектұровтың тарихи-әдеби мұрасын облыстық мемлекеттік мұражайға өткізу туралы: Қарағанды облысы әкімінің өкімі // Орталық Қазақстан.- 1999.- 23 маусым
- Жүніс Қ. Алапат жылдардың ақиқаты: Ж.Бектұровтың “Таңба” атты кітабы туралы/ // Орталық Қазақстан.- 1997.- 10 қыркүйек
- Кәкішев Т. Шындықпен шындықпен шындалған: Лауреат туралы лебіз // Орталық Қазақстан.- 1990.- 5 қаңтар
- Көккөзова Г. Жайық Бектұровқа! /Өлең/ // Народная трибуна.- 1997.- 22 наурыз
- Капашева, Ж. Қ. Ж.Бектұров шығармашылығы: тілі және көркемдік қырлары // Қазіргі заманғы маңызды мәселелер = Актуальные проблемы современности. - 2008. - № 9. - 35-37 б.
- Құлқыбаев Ғ. Жазушы жолы: /Ж.Бектұров жайында/ // Орталық Қазақстан.- 1973.- 21 ақпан
- Құлқыбаев Ғ.Ә. Рухани аға әрі сырласым болатын: Жазушы Ж.Бектұровтың туғанына - 90 жыл // Орталық Қазақстан.- 2002.-11 желтоқсан.-9 б.
- Ләмбеков С. Жәкеңнің жетектеуімен жеттік: Ж.Бектұровтың 80 ж.-ғы қарсаңында // Орталық Қазақстан.- 1992.- 5 мамыр
- Ләмбекұлы С. Жәкеңнің жетектеуімен жеттік: Жайық Бектұровтың туғанына - 90 жыл // Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.- N4.-41-43 б.

Лұқпан, Е. Ғабиденнен Ғаббасқа дейін: орталық Қазақстан 75 жыл // Орталық Қазақстан. - 2006. - 20,22, 27 шілде, 15,22 тамыз. - 3 б.

Мақанқызы Г. Жәкең мені Жауһар деп атады: Жазушы Ж.Бектұровтың туғанына 90 жыл толуы қарсаңында // Орталық Қазақстан.- 2002.- 3 тамыз.-9 б.

Мақашев Д. Шежіре жүрек шерткен сыр: Жазушы Ж.Бектұров 80 жаста // Халық кеңесі.- 1992.- 28 мамыр

Мақаш Д. Қарағандылықтар Жайығын еске алды // Орталық Қазақстан.- 2002.- 14 желтоқсан.-5 б.

Мақаш Д. Тағылымына тамсанумен өттік: Жайық Бектұровтың туғанына - 90 жыл // Орталық Қазақстан.- 2002.- 28 тамыз.-8 б.

Мақаш Д. Тірлік тегеуріні тұқыртса да жазушы мен академик рухани достықтан танған жоқ: Жазушы Ж.Бектұровтың туғанына - 90 жыл // Орталық Қазақстан.- 2002.- 11 желтоқсан.-10 б.

Мансұрұлы Т. Абыз ақсақал еді: Ардагер, Қарағандының көрнекті қаламгері, марқұм Ж.К.Бектұров жайлы// Азия Транзит.- Қарағанды, 2000.- N1(наурыз).-18 б.

Мұсабеков Б. Жазулы хатым: Жазушы Ж.Бектұровтың туғанына - 90 жыл / Б.Мұсабеков// Орталық Қазақстан.-2002.- 11 желтоқсан.-8, 9 б.

Несіпбай А. Бір өзі – бүкіл шежіре // Егемен Қазақстан.- 2001.- 22 наурыз

Оразбеков Н., Ермекбаев Т. Жойқын жігер, қажымас қайрат иесі: /Саяси қуғын-сүргін құрбаны, жазушы Ж.Бектұров-85 жаста// Орталық Қазақстан.- 1997.- 12 наурыз

Оразбеков Н., Ермекбаев Т. От өрім өмір: /Ж.Бектұров// Егемен Қазақстан.- 1997.- 7 мамыр

Оразбек Н. "Жазып қойған хатпен тең" Жайық еді // Орталық Қазақстан.- 2003.- 26 шілде.-8, 9 б.

Оспан Ж. Шежіре қарттың шерлі туындысы: /Ж.Бектұровтың «Таңба» атты кітабы жарық көрді// Орталық Қазақстан.- 1998.- 17 ақпан

Самрат Ж. Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе... немесе Жайық Бектұровтың есімін ардақтауға кейбір жерлестері неге қарсы// Егемен Қазақстан.- 2005.- 9 ақпан.-5 б.

Сексенұлы С. Жазушының мұражай кабинеті ашылды // Орталық Қазақстан.- 2001.- 15 желтоқсан

Сексенұлы С. "Кітабым - асыл бұйым төрімдегі" дейтін жазушы Ж.Бектұровтың аты кітапханаға берілді// Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2002.- 1 қаңтар

Семкүл Б. «Таңба» – Ақтандақтар ақиқаты // Абайский вестник.- 1998.- 4 шілде // Қарқаралы.- 1998.- 11 шілде

Смағұлова Т. Халқына арнап өткен жас ғұмырын: көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Н.Нұрмақовтың туғанына - 110 жыл// Азия Транзит.- Қарағанды, 2005.- N4 (сәуір).-4-8 б.

Смағұлова Т. Есімі әспеттейтін кез келді: Нығмет Нұрмақовтың туғанына - 110 жыл / Т.Смағұлова, Ғ.Смағұлов// Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2005.- 10 қараша.-4 б.

Смаханұлы О. Мерейтойға тарту: /Ж.Бектұровқа-80 жыл// Сарыарқа.- 1992.- 4 маусым

Сұлтанов Қ. Жәкеңнің әңгімесі // Қазақ әдебиеті.- 1992.- 22 мамыр // Орталық Қазақстан.- 1992.- 4 маусым

Тайшыбаев З. Жазушы Жайық жетпісте // Орталық Қазақстан.- 1983.- 29 мамыр

Темірбайұлы А. Мұғалім мен жазушы: Ж.Бектұровтың туғанына 90 жыл толуына / А.Темірбайұлы// Орталық Қазақстан.- 2002.- 17 тамыз.-14 б.

Тойымбекұлы Т. Өз ағаның алдындағы парыз: /Ж.Бектұров туралы// Орталық Қазақстан.- 1999.- 26 маусым

Тойбек Ж. Жазушы Жайық және ақын Базарға ашылған мұражай: өнер саңлақтары// Орталық Қазақстан.- 2005.- 2 сәуір.-13 б.

Рухани өміріміздің өрісін кеңейте берейік: /Ж.Бектұровтың бай кітапханасы мен құнды архивін мұқият сақтайтын арнаулы жеке үй бөлінуі қажет// Орталық Қазақстан- 1993.- 11 наурыз

Халиолла, М. Таңбалы тарлан: Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында //Орталық Қазақстан.- 2003.- 27, 29 мамыр.-5 б.

Хасенұлы С. Тозақтан да қасқайып тұрып тік өткен // Орталық Қазақстан.- 1992.- 26 мамыр

Хасенов М. “Ұлтшылдар” дейтін құйтырқы құпия іс: /А.Жевлаковтың мақаласына аудармашыдан қосымша// Орталық Қазақстан.- 1990.- 18 қараша

Шәріпқызы М. Хикаялы тағдыр: /М.Әлиакпаровтың “Жайық мінген қайық” кітабы туралы// Орталық Қазақстан.- 1997.- 1 қазан

**25 маусым 1937 – Техника ғылымдарының докторы, профессор Виталий Павлович Малышевтың туғанына 75 жыл**



Малышев Виталий Павлович 1937 жылы 25 маусымда Ташкентте дүниеге келген. Физикалық және анорганикалық химия, металлургия, ақпарат теориясы және жүйелер теориясы саласының маманы, техника ғылымдарының докторы (1982), профессор (1982).

С.М. Киров атындағы Орал политехникалық институтын 1959 жылы бітірген. 1959-1963 жылдары сирек және бытыраңқы элементтер зертханасының инженері, аға инженері, кіші, аға ғылыми қызметкері, меңгерушісі, ҚазКСР ҒА ХМИ директорының орынбасары, директоры болды. 1994 жылдан аталмыш институтының күрделі физика-химиялық жүйелерін энтропиялық-ақпараттық талдау зертханасының меңгерушісі. 650- ден астам еңбектің, оның ішінде 26 монографияның авторы.

1995-2006 жылдары ҚР көрнекті ғалымдарына арналған Мемлекеттік ғылыми стипендиясының төрт мәрте иегері болды. 2001 жылы «ҚР ғылымының дамытудағы ерен еңбегі» белгісімен марапатталды. 2005 жылы ҚР ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Сол жылы Қарағанды облысы әкімінің «Жылдың үздік ғалымы» дипломымен марапатталды. ҚР Минералдық ресурстар академиясы төралқасының 2006 жылғы 5 мамырдағы қаулысымен «Академик Е.А.Бөкетовтің ғылыми және шығармашылық мұрасы» еңбегі үшін академик Е.А.Бөкетов атындағы сыйлық берілді. Оның басқаруымен және ғылыми кеңесімен 8 адам докторлық, 30 адам кандидаттық диссертацияларын қорғады. КСРО мен Қазақстан Республикасының 88 авторлық куәлігі мен патенттерін және алыс шетелдердің, дамыған елдердің 32 патентін алған.

**Әдебиеттер:**

Малышев, В. Тұлға еді Түрекең көпті ойлаған: [Т.Оралов туралы] // Орталық Қазақстан. – 2000. – 27 желтоқсан

**В.П.Малышев туралы:**

Малышев Виталий Павлович // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. – 396 б.

Малышев Виталий Павлович // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. Р. Н. Нұрғалиев. - Алматы : Қаз. сов. энцикл., 1990. – 390 б.

\*\*\*

Бөкетов, Қ. А. Бөкетов мектебінің түлектері // Орталық Қазақстан. - 2008. - 25 қыркүйек (№148) . - 3 б.

Жанғожин, З. Изденіс іздері: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары / Жанғожин, З. // Орталық Қазақстан. - 2005. - 31 желтоқсан. - 3 б.

**27 қыркүйек 1937 – Өлкетанушы, Қарқаралы ауданының құрметті азаматы Юрий Григориевич Поповтың туғанына 75 жыл**



Өлкетанушы Юрий Григориевич Попов 1937 жылы 27 қыркүйекте Қарағанды қаласындағы 18-бис шахта поселкесінде (халық арасында Копай-қала), күштеп жер аударылған отбасында өмірге келген. 1945-1955 жж. И.А.Крылов атындағы N3 мектепте білім алады. 1955-1960 жж. Қарағанды политехникалық институтта оқып, тау-кен инженері мамандығын алады.



Алғашқы жылдары К.Горбачев атындағы шахтада, ҚазССР ҒА ХМИ, КНИУИ-да істеп, Мәскеудегі А.Скочинский атындағы ТКИ-дің (ИГД) сырттай аспирантурасын бітіреді. 1971 жылы техника ғылымдары бойынша кандидаттық диссертация қорғайды.

Ю.Поповтың мамандығы тау-кен инженері болғанымен өмір бойы біздің өлкеміздің тарихын, шежіресін зерттеп асқақтауда үлкен еңбек еткен ғалым-өлкетанушы. Өлкетанушылық зерттеу тақырыбының негізгі бағыты Орталық Қазақстанның елді мекендер мен қалалар тарихы, топонимикасы, табиғаты, жер байлығы, қызықты оқиғалар, индустриаландыру, белгілі жерлестер тағылымы т.б. Тек қана Ю.Поповтың қаламынан бүгінге дейін өлкеміз жайлы 60-тан астам қазақ-орыс газет-журналдарында жарияланған 2600 мақала, әр түрлі тақырыптарда жазылған 30-ға тарта жеке кітап жарық көрді. Ол Қарағанды облыстық телеарнада «Жолдар шақырады» туристік бағдарламаны жүргізген және «Сарыарқа көкжиектерінде» (1994) атты арнайы бағдарламаны ұйымдастырушысы.

Сарыарқаның белгілі және белгісіз тұлғаларының тағдырларының бет-бейнесін ашып, оларды халқына қайта табыстыруда үлкен еңбек еткен зерттеушісі. Мысалы, өлкетанушылық іздестіру жұмыстары барысында ол Қазақстан, Ресей жерлеріндегі үлкенді-кішілі (Мәскеу, Петербор, Омбы, Новосібір, Алматы, Қарағанды т.б.) архивтерді аралап жерлестеріміз Қ.Сәтбаев, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, М.Пришвин, Н.Потанин, С.Марков, С.Русак, Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков, С.Ерубаев т.б. жайлы қызықты да, бізге беймәлім құжаттарды жинақтап, жарыққа шығаруға үлкен еңбек етті. Соның нәтижесінде бүгінде Қарағанды қаласының орталық кітапханасыныңдағы өте сирек кездесетін қорда Қазақстан жайлы Ресейдің әр түрлі ғылыми орталықтарынан әкелінген 100-дей кітап жинақталған. Сонымен бірге, облыстық мемлекеттік архивте Ю.Поповтың көп жылғы еңбектеріне арналған жеке қор бар.

Кезінде Қазақстан жайлы «Солнечный пленник» (Центрнаучфильм, 1989), «Жоғалған ұл» (1991), «Неторопливый Торопец» (ОРТ, 2000), «Ленинград-Қарағанды» (1968), «Струны столетий» (1990) т.б. түсірілген деректі фильмдердің шығуына ықпал жасаған.

Ю.Поповтың әсіресе, Қарқаралы өлкесінің тарихын, өлкетануын зерттеуде қосқан үлесі өте зор. Оның ішінде атап өтетініміз «Каркаралинские узоры», «Каркаралинские находки», «Свидание с Сарыаркой», «Қарқаралы», «Жемчужина Казахстана» т.б. кітаптары.

Ю.Попов 1994 жылдан Ресейдің Петербор қаласында тұрады. Петербор қаласында тұрғанымен, өзін қарағандылықпын, қазақстандықпын деп есептейді. Ол өзінің сөзінде «бүгіндері Петербордағы көптеген архивтерде Қазақстанға байланысты құжаттарды іздестіріп оларды қазақстандық зерттеушілерге, оқырмандарға жеткізу негізі міндетім. Сөйтіп, туған жеріме әлі де болса еңбегімді көрсетіп, қызмет жасасам, оны халық қабылдаса мен үшін үлкен қуаныш», - дейді.

### Әдебиеттер:

Попов, Ю. Г. Қарқаралы: тарихи-географиялық очерк / Попов, Ю.Г. - Алматы : Қайнар, 1983. - 184 б.

Попов Ю.Г. Қарқаралы: Тарихи-географиялық очерк.- Алматы: Қайнар, 1983.- 184 б.: ил.

\*\*\*

Попов Ю.Г. Абыралы болысының басқарушылары мен билері: Туған өлке тарихы: өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2006. - 2 желтоқсан.- 5 б.

Попов Ю.Г. Ақсары болысының басқарушылары мен билері: 1891-1916 жылдар: Туған өлке тарихы: өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2006. - 23 желтоқсан.- 3 б.

Попов Ю.Г. Ақшатау болысының басшылары мен билері: 1872- 1916 жылдар: Туған өлке тарихы: өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2006. - 30 желтоқсан.- 3 б.

Попов Ю.Г. Ақын атына байланысты кейбір деректер: Қ.Аманжоловтың туғанына - 75 жыл // Орталық Қазақстан. - 1986. - 2 желтоқсан

Попов Ю.Г. Арқалық болысының басшылары мен билері: 1878 -1887 жылдар: Туған өлке тарихы: өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 6 қаңтар.- 5 б.

Попов Ю.Г. Әлімхан Ермековтың айтқандары // Қарқаралы.- 1994.- 30 шілде.

Попов Ю.Г. Бақанас болысының басшылары мен билері: 1878 -1887 жылдар: Туған өлке тарихы: өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 6 қаңтар.- 5 б.

Попов Ю.Г. Балқаш болысының басшылары мен билері: 1878 -1919 жылдар: Туған өлке тарихы: өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 13 қаңтар.- 6 б.

Попов Ю.Г. Берікқара болысының басшылары мен билері: 1878 -1916 жылдар: Туған өлке тарихы: өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 20 қаңтар.- 8 б.

Попов Ю.Г. Бөрілі болысының басшылары мен билері: 1872-1916 жылдар: Туған өлке тарихы: өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 27 қаңтар - 4 б.

Попов Ю.Г. Біздің мәңгілік серігіміз: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орталық Қазақстан. - 2005. - 2 шілде.- 9 б.

Попов Ю.Г. Дағанделі болысының басшылары мен билері: 1871-1916 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Попов Ю., Оспанов С., Әлиұлы С. // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 3 ақпан.- 4 б.

Попов Ю.Г. Дегелең болысының басшылары мен билері: 1871-1916 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 10 ақпан.- 4 б.

Попов Ю.Г. Деректер мен дәйектер / Ю. Г. Попов // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2008. - 12 сәуір (№ 29/30).- 7 б.

Попов Ю.Г. Достар болысының басшылары мен билері: 1906-1916 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Попов Ю., Оспанов С., Әлиұлы С. // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 17 ақпан.- 4 б.

Попов Ю.Г. Едірей болысының басшылары мен билері: 1871 -1916 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Попов Ю., Оспанов С., Әлиұлы С. // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 16 маусым.- 3 б.

Попов Ю.Г. Ескілікті деректер жаңғырды: өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2011. - 30 сәуір (№ 33/34).- 9 б.

Попов Ю.Г. Кент болысының басшылары мен билері: 1871-1916 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Попов Ю., Оспанов С., Әлиұлы С. // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 24 ақпан.- 3 б.

Попов Ю.Г. Қотан-Бұлақ болысының басшылары мен билері: 1876-1916 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 3 наурыз.- 3 б.

Попов Ю.Г. Қу болысының басшылары мен билері: 1878 -1916 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 8 наурыз.- 3 б.

Попов Ю.Г. Қызылтау болысының басқарушылары мен билері 1872-1916 жылдар // Шет шұғыласы. - Ақсу-Аюлы, 2008. - 17 сәуір (№ 16/17).- 8 б.

Попов Ю.Г. Қызылтау болысының басшылары мен билері: 1872 -1916 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 17 наурыз.- 3 б.

Попов Ю.Г. Мойынты болысының басшылары мен билері: 1872 -1919 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 31 наурыз.- 3 б.

Попов Ю.Г. Нұра болысының басшылары мен билері: 1878 -1916 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 14 сәуір.- 3 б.

Попов Ю.Г. Сарыбұлақ болысының басшылары мен билері: 1899 -1919 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 21 сәуір.- 5 б.

Попов Ю.Г. Сартау болысының басшылары мен билері: 1878 -1916 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 28 сәуір.- 3 б.

Попов Ю.Г. Темірші болысының басшылары мен билері: 1871 -1919 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 12 мамыр.- 3 б.

Попов Ю.Г. Тоқырауын болысының басшылары мен билері: 1871 -1919 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 2 маусым.- 3 б.

Попов Ю.Г. Туған өлке тарихы: Едірей болысының басқарушылары мен билері: 1871-1916 жылдар / Ю. Г. Попов , С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 7 шілде (№ 53/54).- 3 б.

Попов Ю.Г. Туған өлке тарихы: Шұбартау болысының басшылары мен билері: 1878-1916 жылдар / Ю. Г. Попов , С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 16 маусым (№ 47/48).- 3 б. . ; 2 маусым (№43/44).- 3 б.

Попов Ю.Г. Туған өлке тарихы: Темірші болысының басшылары мен билері: 1871-1919 жылдар / Ю. Г. Попов , С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 19 мамыр (№ 39/40).- 3 б. . ; 12 мамыр (№37/38).- 3 б.

Попов Ю.Г. Туған өлке тарихы: Сартау болысының басшылары мен билері: 1878-1916 жылдар / Ю. Г. Попов , С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 28 сәуір (№ 33/34).- 3 б. . ; 21 сәуір (№31/32).- 5 б. . ; 14 сәуір (№29/30).- 3 б.

Попов Ю.Г. Туған өлке тарихы: Мойынты болысының басшылары мен билері: 1872-1916 жылдар / Ю. Г. Попов , С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 31 наурыз (№ 25/26).- 3 б. . ; 17 наурыз (№21/22).- 3 б. . ; 8 наурыз (№19/20).- 3 б. . ; 3 наурыз (№17/18)

Попов Ю.Г. Шу болысының басшылары мен билері: 1892 -1905 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Попов Ю., Оспанов С., Әлиұлы С. // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 12 мамыр.- 3 б.

Попов Ю.Г. Шұбартау болысының басшылары мен билері: 1878 -1916 жылдар: Туған өлке тарихы өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды / Ю. Г. Попов, С. Оспанов, С. Әлиұлы // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2007. - 16 маусым.- 3 б.

Попов Ю.Г. Ұлы күйші мұрасы: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл толуына / Ю. Попов // Коммунизм таңы. - Қарқаралы, 1990. - 31 шілде

Попов Ю.Г. 1878-1916 жылдары Нұра болыстығында болыс болғандар мен ауыл билері: Шет ауданының құрылғанына 80 жыл толуы қарсаңында // Заман. - Ақсу-Аюлы, 2007. - 26 сәуір.- 5 б.

Попов Ю. Ақын атына байланысты кейбір деректер: [Қ.Аманжоловтың туғанына 75 жыл] //Орталық Қазақстан.- 1986.- 2 желтоқсан.

Попов Ю. Алғашқы комсомолецтер: Қарқаралының 160- жылдығы қарсаңында // Коммунизм таңы.- 1983.- 22 қыркүйек.

Попов Ю. Александр Чижевскийдің Қарағандыдағы жылдары // Орталық Қазақстан.- 1989.- 1 наурыз.

Попов Ю. Армандай кент таулары /Ю.Попов, Т.Жүсіпов.: Қарқаралы таулары// Орталық Қазақстан.- 1983.- 9 қыркүйек.

Попов Ю. Аудан тарихының қилы кезеңдері// Балқантау.- 1994.- 1 қазан.

Попов Ю. Әртіндегі және бертіндегі жүздесулер.// Қарқаралы.- 1999.- 13, 20, 27 қараша, 4,16 желтоқсан.

Попов Ю. Әртіндегі және бертіндегі жүздесулер.// Қарқаралы.- 1999.- 7, 21, 28тамыз, 4, 18 қыркүйек.

Попов Ю. Біздің мәңгілік серігіміз: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл// Орталық Қазақстан.- 2005.- 2 шілде.-9 б.

Попов Ю. Ғалым саяхатшы Сарыарқада: [Г.Потанин туралы] // Орт.Қазақстан.-1993.- 18 қараша.

Попов Ю. Ержүрек чекист: [Қарқаралық чекист латыш А.Х.Чировичтің өмір баяны] // Коммунизм таңы.- 1987.- 15 тамыз.

Попов Ю. Зоолог Салевин: Қарқаралының 160 жылдығы қарсаңында //Қарқаралы.- 1983.- 14 шілде.

Попов Ю. Жәмилә Бектемисова: Қарқаралы қаласының 175 жылдығына орай// Қарқаралы.- 1999.- 23 қазан.

Попов Ю. Жылдар мен адамдар: [Қарқаралы қаласына – 170 жыл] // Қарқаралы.- 1994.- 16 шілде.

Попов Ю. Затаевичтің Қарқаралыда болуы //Қарқаралы.- 1992.- 15 тамыз.

Попов Ю. Кенесары Қасымұлы тағдырының беймәлім тұстары: тарихи хикаят // Қарқаралы.- 1996.- N11-12.- 58-60 б.

Попов Ю. Кент – аңыз аймағы // Орталық Қазақстан.- 1994.- 19 қараша.

Попов Ю. Константин Ботов: Қарқаралы қаласының 175 жылдығына орай// Қарқаралы.- 1999.- 6 қараша.

Попов Ю. Комиссар шатқалы: [Қарқаралы тарихы] // Орталық Қазақстан.- 1986.- 30 қараша.

Попов Ю. Көл неге «Пашенное» деп аталған?: Қарқаралының көрікті жерлері // Коммунизм таңы.- 1988.- 17 қыркүйек.

Попов Ю. Кім болған Ақайдың Қасені?: [Қ.Ақабев 1857-1929] // Орталық Қазақстан.-1994.- 4 тамыз.

Попов Ю. Қаланың бұрынғы кәсіпорындары: [Қарқаралы қаласына – 170 жыл] // Қарқаралы.- 1994.- 18 маусым.

Попов Ю. Қарқаралыны зерттеушілер: Қазақстанның өз еркімен Россияға қосылуының 250 жылдығына //Коммунизм таңы.- 1981.- 31 қазан.

Попов Ю. Қарқаралы - достық қаласы //Шұғыла.- 1982.- 6 сәуір, Коммунизм таңы.- 1982.- 30 наурыз.

Попов Ю. Қарқаралы Семей музейінде: Қазақстанның өз еркімен Россияға қосылуының 250 жылдығына //Шұғыла.- 198124 желтоқсан

Попов Ю. Қарқаралы табиғатын бағалаушы: [В.А.Крюгер туралы] // Коммунизм таңы.- 1985.- 31 тамыз

Попов Ю. Мағат қажы //Балқантау.- 1994.- 28 мамыр.

Попов Ю. Пришвиннің Кентке сапары: Біздің өлкеміздің шежіресіне // Шұғыла.- 1981.- 27 маусым.

Попов Ю. Пришвиннің қазақ серіктері: өлкетанушының күнделігінен // Орталық Қазақстан.- 1994.- 29 қыркүйек, 1 қазан.

Попов Ю. Сарыарқадағы көне қала: [Қарқаралы қаласына – 165 жыл] // Коммунизм таңы.- 1989.- 6 шілде.

Попов Ю. Сарыарқаның білгірлері: [Пришвин М. тб. туралы] // Орталық Қазақстан.-1993.- 28 мамыр.

Попов Ю. Тас қабырғаның сыры. Туған өлке тарихы: [Қарқаралы ауданы] // Коммунизм таңы.- 1989.- 19 қаңтар.

Попов Ю. Үлкен көл деректері: Қарқаралының көрікті жерлері // Коммунизм таңы.- 1988.- 7 қазан.

Попов Ю. Фельдшер Мұхамедия Оспанов: [1937 жыл: Тағдыр тауқыметі] //Орталық Қазақстан.- 1991.- 2 ақпан.

Попов Ю. Халық бақыты үшін күрескен ардагер ағалар: [Қарқаралы қаласында бандалармен күрескен чекистер туралы] // Орталық Қазақстан.- 1987.- 6 тамыз.

### **Ю.Попов туралы әдебиеттер:**

Бексейіт С. Дерекі нақты жылнама // Орталық Қазақстан. - 2011. - 6 қаңтар (№ 1/2).- 8 б.

Жүнісұлы О. Алғашқы кәсіпкер, дәрігер, ағартушы // Орталық Қазақстан. - 2008. - 13 қараша (№175) .- 4 б.

Қарқаралы - қара шаңырағым // Қарқаралы. - Қарқаралы, 2011. - 11 қаңтар (№ 3/4).- 9 б.

Ләмбеков С. Қарқаралы ғажайыптары: [Ю.Поповтың «Қарқаралы» атты кітабы туралы] // Шұғыла.-1982.- 17 сәуір, Коммунизм таңы.- 1982.- 30 наурыз.

Ләмбеков С. Көрікті өлке өрнектері // Орталық Қазақстан.- 1982.- 14 мамыр.

Ләмбеков С. Сарыарқамен жүздесу: [Ю.Поповтың кітабы туралы] //Коммунизм таңы.- 1981.- 29 қаңтар.

- Лұқпан Е. Алыс күндер естелігінен: тарихымызды таразыласақ // Орталық Қазақстан. - 2006. - 5,7,9 қыркүйек.- 8 б.
- Майбас Т. Керек тас // Орталық Қазақстан. - 2008. - 15 наурыз.- 8 б.
- Мұстафин Е. Қарқаралы тарихын талмай зерттеген // Қарқаралы.- 2002.- 14 қыркүйек
- Омарбекұлы М. Ғалым. Азамат.Шежіреші. // Қарқаралы. - 2008. - 8 қараша (№89 - 90).- 3 б.
- Омарбекұлы М. Юрий Попов туралы бір үзік сыр: Ғалым. Азамат. Шежіреші // Орталық Қазақстан. - 2008. - 22 қараша.- 7 б.
- Оспанов С. Әлихан және Қарқаралы: Ә.Бөкейхановтың туғанына - 140 жыл// Орталық Қазақстан.- 2006.- 23 мамыр.-6 б.
- Өскембаев Қ. Жақсының жақсылығын айт: құрмет//Орталық Қазақстан.- 2005.- 13 тамыз.- 6 б.
- Сардарбек К. Тарихқа қиянат жүрмейді: жаңғырық / К. Сардарбек, Ю. Г. Попов // Орталық Қазақстан. - 2011. - 19 ақпан (№ 28).- 4 б. ; Тоқырауын тынысы. - 2011. - 18 наурыз (№11).- 4 б.
- Шыныбектегі К. Сарыарқаның сүйікті ұлы: құрмет//Орталық Қазақстан.- 2005.- 4 тамыз.-7 б.
- Ысқақова Қ. Қарқаралы тарихының жаңа беті... // Орталық Қазақстан. -2010. - 6 шілде (№ 108).- 4 б.

**10 қазан 1937 – Медицина ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Мақаш Тыныштықбайұлы Әлиакпаровтың туғанына 75 жыл**



М.Т.Әлиакпаров 1966 жылы Семей Мемлекеттік медициналық институтын бітірген. 1973-77 жылдары Семей Мемлекеттік медициналық институтында рентгенология және медициналық радиология кафедрасының ассистенті, меңгерушісі, 1984-88 жылдары Қарағанды Мемлекеттік медициналық институтында оқу ісі жөніндегі проректоры, 1989-2001 жылдары ректоры, 2001 жылдан Қазақстан фармацевтік институтының ректоры болды. 2005 жылдан ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің клиникалық медицина жөніндегі сараптамалық кеңес мүшесі болып табылады.

Ол 300 ғылыми еңбектің, оның ішінде 14 монографияның авторы.

Клиникалық медицина саласындағы маман, медицина ғылымдарының докторы (1982), ҚР ҰҒА академигі (2004). ҚР Суретшілер Одағының мүшесі.

Ұстаз, ғалым, суретші М.Әлиакпаровтың есімі оның әртүрлі ғылыми атақтарын айтпағаның өзінде, суретші ретінде де қарағандылықтарға жақсы танымал. Суретші шығармаларының негізі Абай тақырыбына арналған. Оның шығармалары Қарағанды, Семей, Алматы, Мәскеу және Италияның Милан қалаларындағы көрмелерге қатысты.

**Әдебиеттер:**

Әлиакпаров, М. Т. Ақын аманаты / М. Т. Әлиакпаров. - Қарағанды : ҚММА баспасы, 2000. - 286 б.

Әлиакпаров, М. Т. Ахат: [естеліктер мен өлеңдер] / М. Т. Әлиакпаров. - Қарағанды : Қазақстан, 1997. - 170 б

Әлиакпаров, М. Т. Жайық мінген қайық: (Жайық Бектұровтың өмір шежіресінен) / М. Т. Әлиакпаров. - Қарағанды : [б. и.], 1997. - 202 б.

Әлиакпаров, М. Т. Изгілік = Прикосновение = A point of contact : альбом / М.Т.Әлиакпаров . - М. : Сезоны, 1997. - 95 б.

\*\*\*

Әлиакпаров, М. Т. "Бетімізді Аллаға қаратамыз десек, Абай жолына түсуіміз керек...": М.Т.Әлиакпаров пен ақын С.Ақсұңқарұлының арасындағы сұхбат / М.Т.Әлиакпаров // Орталық Қазақстан. - 2004. - 12 маусым. - 8 б.

Әлиакпаров М. Абыздың асыл арманы: 10 тамыз- Абай Құнанбаевтың туған күні // Орталық Қазақстан. - 2006. - 10 тамыз.- 6 б.

Әлиакпаров М. Азапты жеңген ғажап ғұмыр // Орталық Қазақстан. - 2005. - 9 маусым.- 10 б.  
Әлиакпаров М. Ақын атаның "Саят қорасы": 10 шілде - Шәкәрім Құдайбердіұлының туған күні / Әлиакпаров, М. // Орталық Қазақстан. - 2005. - 9 шілде.- 10 б.  
Әлиакпаров М. Ақынның немересі: А.Құнанбаевтың туғанына - 160 жыл // Орталық Қазақстан. - 2005. - 9 тамыз.- 5 б.  
Әлиакпаров М. Әттеген-ай!: тағзым // Орталық Қазақстан. - 2006. - 21 қыркүйек.- 6 б.  
Әлиакпаров, М. Ұлттық болмысымыздағы бір кесел: өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы... // Орталық Қазақстан. - 2007. - 6 ақпан. - 6 б.

### **М.Т. Әлиакпаров туралы әдебиеттер:**

Алиакпаров Макаш // Сарыарқа суретшілері = Художники Сарыарки = Artists of Saryarka : [альбом] / авт. және құраст. Н. Иванина ; каз. тіліне аударған Б. Булгакпаева ; ағылшын тіліне аударған Г. Кабыкенова . - Павлодар : ЭКО, 2006. - 108 б.  
Әлиакпаров Мақаш Тыныштықбайұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы : энциклопедия / ред. Р.Н. Нұрғалиев. - Алматы : Қаз.сов.энцикл., 1990. - 118 б.  
Әлиакпаров Мақаш Тыныштықбайұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 149 б.

\*\*\*

Ақсұңқарұлы, С. Абай - Шәкәрім галереясы // Орталық Қазақстан. - 2007. - 13 қазан. - 7 б.  
Балташұлы, Е. Тас жарған талант // Орталық Қазақстан. - 2008. - 25 желтоқсан. - 10 б.  
Несіпбай, А. Қылқалам ұшындағы данышпан бейнесі / А. Несіпбай // Егемен Қазақстан. - 2008. - 10 қыркүйек. - 5 б.  
Сексенұлы, С. Сегіз қырлы, бір сырлы // Орталық Қазақстан. - 2002. - 9 қазан. - 13 б.  
Шәріпқызы, М. Қағаз, қалам досым еді жанға серік // Орталық Қазақстан. - 2009. - 14 ақпан . - 8 б.  
Илиясұлы, М. Қылқалам ұшындағы бабалар ізі: [М. Әлиакпаровтың өнері мен өнегесі хақында] // Ел мәдениеті. - 2007. - №7. - 10 б

### **25 қазан 1912 – Кеңес Одағының Батыры Андрей Емельянович Дударенконың туғанына 100 жыл**



Андрей Емельянович Дударенко 1912 жылы Қарағандыда туды. 22 жасында Қызыл Армия қатарына шақырылғаннан кейін, бүкіл өмірі Отан қорғауға арналды. Саптағы офицер ретінде ол соғыстың басынан 1945 жылғы қаңтарда оққа ұшқанға дейін бар ауыртпалықты басынан кешті.

Брянск, Батыс Дон, Воронеж, 1-Украина майданына қатысты. 1945 жылы 27 қаңтарында Одер өзенінен соғысып өтерде, 15- гвардия миномет бригадасы командирінің орынбасары қызметін атқарып жүріп, шегініп бара жатқан штаб машинасына неміс фашистері автоматшыларының шабуылын тойтаруда ерлік көрсетті. Қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

Батыр жерлесіміз Ленин, екі Қызыл Ту, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және көптеген медальдармен наградталған.

Е.А.Дударенко Польшадағы Тарновска-Гуры қаласының маңында жерленген. Димитров қаласындағы №19 мектептің және «Красноармейсккөмір» бірлестігінің қабырғасына Батырдың есімі жазылған ескерткіш тақта орнатылған

### **Әдебиеттер:**

Дударенко Андрей Емельянович //Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. Р.Н. Нұрғалиев. - Алматы : Қаз.сов.энцикл., 1990. – 174 б.  
Дударенко Андрей Емельянович // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 217 б.  
Дударенко Андрей Емельянович //Қарағандылық Совет Одағының батырлары = Герои Советского Союза - Карагандинцы. - Қарағанды : [б. и.], 1990. - 20 б.

Дударенко Андрей Емельянович //Қаһарман қарағандылықтар = Герои-карагандинцы / ред. Г.Ж. Бабулова. - Қарағанды : Болашақ-Баспа, 2000. - 34 б.

Дударенко Андрей Емельянович //Совет Одағының Қазақстандық батырлары. - Алматы : Қазақстан, 1969 - Т.1. -241 б.

\*\*\*

Қарағандының түлегі : Ұлы Жеңіске - 60 жыл // Орталық Қазақстан. - 2005. - 10 қараша. - 7 б.

## 29 қараша 1902 - Жазушы Ғабиден Мұстафиннің туғанына 110 жыл.



Қазақ әдебиетінің классик жазушысы, көркем сөздің хас шебері атанған Ғ.Мұстафин 1902 жылы 29 қарашада Қарағанды облысындағы осы күнгі Теміртау қаласына жақын Жауыртау – Нұра өзені бойындағы Сартөбе деген ауылында кедей отбасында туған. Болашақ жазушының әкесі мал бағумен айналысқан, сондықтан да оның балалық шағы қарсаң, көз жетпейтін кең далада, Сарыжайлауда өтті. Ол бұл кездерде әкесіне көмектесіп, мал бағумен қатар, ауыл модасынан арапша сауатын да ашты. Ал орыс тіліне оны сол кезде Спасск мыс балқыту зауытында табельші болып жұмыс істейтін Жүсіп Мауқымов деген азамат үйретті, үлкен қамқорлық жасады. Соған орай Ғабиден осы зауыт жанындағы орысша-қазақ екі жылдық мектепті бітіріп шықты. Бұдан әрі оқуға мүмкіндігі болмай, туған ауылына қайтып оралады. Ауылда әр түрлі қызметте болып, 1925 жылы білімін көтеру мақсатымен Қызылордаға келеді, мұнда оқуға түсе алмай өлкелік сотқа іс қағаздарын тіркеуші қызметіне орналасады. Жазушылық өнерге құмарлығы осы кезден басталады.

- Есенжолова А. Нұркен даңғылында / А. Есенжолова, Қ. Мерсәлімов // Орталық Қазақстан. -, 2010. - 6 мамыр (№ 68/69).- 8 б.
- Жақсыбаев Т. Халқы қадірлеген Сағадат: жақсының жүзі жарқын // Орталық Қазақстан. - 2008. - 10 қаңтар.- 4 б.
- Жанғожин А. Қарағандылықтар Отан үшін шайқаста: Қазыналы қарашаңырақ / А.Жанғожин, Е.Лұқпан // Орталық Қазақстан. - 2003. - 30 желтоқсан.- 8 б.
- Жәшкеев М. Бір суреттің тарихы // Орталық Қазақстан. - 2010. - 8 мамыр (№ 70/71).- 3 б.
- Жүзбаева Қ. Ер есімі - ел есінде: Нұркен Әбдіровтің ерлік жасағанына 60 жыл толуына орай // Орталық Қазақстан. 2002. - 9 қазан.- 11 б.
- Жүрек лүпіліне толы хаттар: /Н.Әбдіровтың Қарағандыдағы туған - туыстарына жазған соңғы хаты//Орталық Қазақстан. - 1996. -7 мамыр
- Игенсартов Ғ. Кек шешімі: /Совет Одағының батыры Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Н.Әбдіров жайында жазған поэмадан үзінді/ //Сов. Қазақстан. - 1959. - 9 мамыр
- Кемпірбаев А. Сарыарқадан сұңқарлар самғайды // Орталық Қазақстан. - 2009. - 7 мамыр (№ 66/67).- 4 б.
- Қарағанды батырлары: /Н.Әбдіров жайында/ //Орт. Қазақстан. - 1972. - 9 май
- Құсайынова Н. Ер есімі - ел есінде // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2008. - №3. - 31-34 б.
- Ләмбекұлы С. Қарқаралы қыраны: Проза // Азия Транзит. - Қарағанды, 2003 . - №5, 6 - 9-11 б.
- Ләмбекұлы С. Қарқаралы қыраны: Ұлы Жеңіске - 60 жыл // Орталық Қазақстан. - 2005. - 7,10,14 мамыр.- 5 б.
- Лұқпан Е. Еділ бойындағы ерен ерлік: Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында / Е.Лұқпан, Ғ.Смағұлов // Орталық Қазақстан. - 2004. - 25 қараша.- 7 б.
- Мансұр Т. Батырдың бір бейнесі: /Н.Әбдіров жайында/ //Орталық Қазақстан. - 1993. - 21 қаңтар
- Мүсірепов Ғ. Ақлима: /Н.Әбдіров жайлы/ //Қазақстан әйелдері. - 1972. - №3. - 12-15 б.
- Мүсірепов Ғ. Совет Одағының Батыры // Орталық Қазақстан. - 2002. - 11 желтоқсан.- 4 б.
- Нұркен туралы жыр. // Орталық Қазақстан. - 1973. - 4 наур.
- Нұркен шыққан ортасы: /Кеңес Одағының батыры Н.Әбдіровтың өмірінен/ // Қарқаралы. - 1996. - 4, 11, 25 мамыр
- Нұрша Р. Бір суреттің сыры // Сыр мен сымбат / меншік иесі "Халық-Баспа 2030" ЖШС. - Қарағанды, 2005. - № 5.- 6 б.
- Нұркен Әбдіров - Совет Одағының Батыры: Мектептер мен оқу орындары оқушыларына арналған, 1991. - 112 б.
- Омарбекова М. Қарқаралының тарихи ескерткіштері және саяхат маршруттары: Жас тарихшылар мүйісі // Орталық Қазақстан. - 2000. - 13-31 мамыр, 3 маусым
- Омарбекұлы М. Елдің даңқын ер шығарады: Нұркен ауылында Қарқаралы қыранына арналған мемориал ескерткіш ашылды // Орталық Қазақстан. - 2003. - 9 мамыр.- 3 б. ; Қарқаралы. - Қарқаралы, 2003.; 9 мамыр
- Омарбекұлы М. Қырандар шыңдардан қанат қағады // Орталық Қазақстан. - 2009. - 8 тамыз (№ 118/119).- 3 б.
- Решеткина Е. Мәңгілік өмір жыры: /Батыр - ұшқыш Н.Әбдіров туралы жаңа деректер/ //Орт. Қазақстан. - 1988. - 23 февр.
- Сағымбеков Р. Нұркен Әбдіров: Арқа ардақтылары. //Орт. Қазақстан. - 1990. - 25 наур.
- Сағынтай С. Ерлікке - тағзым: Нұркен Әбдіровтің ерлігіне - 60 жыл // Орталық Қазақстан. -, 2002. - 21 желтоқсан.- 1, 6 б.
- Сауғабаев К. Нұркен ағай осындай: /Кеңес Одағының батыры Н.Әбдіровке өлең/ //Лениншіл жас. - 1972.- 13 қырк.
- Сәденұлы Қ. Қазақтың қанатты ұлы: /Сов. Одағының батыры, жауынгер ұшқыш Н.Әбдіровтің Ұлы Отан соғысында ерлікпен опат болуына - 50 жыл/ // Орт. Қазақстан - 19 желтоқсан
- Сәденов Қ. Мөлдір шақ: /Сов. Одағының Батыры Н.Әбдіров 50 жасқа толуына байланысты жазылған/ // Орт. Қазақстан. - 1969.-1 август

Семенов Л. Қарағандылық Батыр ұшқыш Н.Әбдіров туралы. // Орталық Қазақстан. - 1975. - 12 апр.

Смағұлов Ғ. "Ерлердің өлімінде де өмір бар": Нұркен Әбдіровтің ерлігіне - 60 жыл / Ғ.Смағұлов // Орталық Қазақстан. - 2002. - 18 желтоқсан.- 5 б.

Смағұлов Ғ. Нұркен / Смағұлов, Ғ. // Орталық Қазақстан. - 2005. - 9 сәуір.- 9 б.

Төребекова А. Есімі ел есінде: Н.Әбдіровтың ерлігіне - 60 жыл // Орталық Қазақстан. - 2002. - 6 шілде

Совет Одағының Қарағандылық батырлары: // Орталық Қазақстан. -1985. - 10 май

Сүлеев Д. Ерлік данқы өшпейді ешқашанда: /Батыр Нұркен ауылындағы мерекеден репортаж/ //Қарқаралы. - 1995. - 27 мамыр

Сүлейменов Р. Батырдың анасы: /Н.Әбдіров жайлы/ // Орталық Қазақстан. - 1977. - 15 июнь

Сүлейменов Р. Қара алтын: /Н.Әбдіровтың балалық шағынан әңгіме/ // Орталық Қазақстан. - 1981. - 15 июль

Талжанов С. Біздің Нұркен: /Н.Әбдіров туралы/ // Коммунизм таңы. - 1987. - 9 май

Ыдырысов Н. Нұркен Батыр: Баллада /Н.Әбдіров жайлы/ //Коммунизм таңы. - 1974. - 9 июль

Якимов Г. Өшпес ерлік: Нұркен Әбдіровтің ерлігіне - 60 жыл / Якимов, Г. // Орталық Қазақстан. - 2002. - 18 желтоқсан.- 5 б.

### **27 желтоқсан 1927 – Қазақ ССР-інің халық әртісі, домбырашы Мағауия Хамзиннің туғанына 85 жыл.**



Мағауия Хамзин 1927 жылы 27 желтоқсанда қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданына қарасты Қоңырат ауылында туған. М.Хамзин кішкентай кезінен Тәттімбет күйшіні көріп, күйін тыңдаған. Ал 5 жасында тұңғыш рет домбраны қолына ұстады. М.Хамзиннің домбырашылық өнері үлкен атасы Әшімтайдан, өз әкесі Хамзадан мұра болып дарыған. Әкесі Хамза бес жасар баланы тізесіне қондырып алып, күйге баулап, домбра үйретіп отыратынын Мағауия жүрегінде мәңгі сақталып қалған.

Күйшінің әкесінен үйреген алғашқы күйі Тәттімбеттің «Бес төресі» еді. Әкесі Хамза Мағауияның кішкентай саусақтарына лайықтап, қызыл талдан домбра шауып береді де өзімен бірге қосылып домбра шерткізетін. Көп кешікпей Мағауия туған әкесінен мәңгілік айырылады.

Күй дегенге құмарлық, тума талант бозбаланың өмірлік серігіне айналады.

1937 жылы Балқаш қаласының Мыс қорыту зауытының мәдениет клубында көркемөнерпаздар үйірмелері ұйымдастырылады. Сол үйірмелердің бірі балалардан құралған домбырашылар оркестрінің жетекшісі Тәңірберген Бітімбаев болатын. Осы оркестрдің белсенді мүшесі М.Хамзин болатын. Алғаш рет, 1937 жылы он жасар Мағауия сахнаға шығып Тәттімбеттің «Сарыжайлау», «Сылқылдақ» күйлерін орындап, тыңдаушыларын тамсандырады.

1937-1941 жылдары Қарқаралы балалар үйінде тәрбиеленеді. Мұнда да үйірмеге қатысып, қолынан домбрасын түсірмейді.

1939 жылы Алматыда өткізілетін өнерпаз балалардың байқауына қатысады. «Сарыжайлау», күйін ойдағыдай орындап бергені үшін тұңғыш рет Мағауия Мақтау грамотасына ие болады, сыйлықтар алады.

Ал 1944 жылы Қарағанды облыстық филармониясына арнайы шақырылып, 1949 жылға дейін қызмет істейді. Осы кезеңде күйші домбыра өнерінің қыры мен сырын жете меңгерді.

1949 жылы өздігінен ізденіп Алматы қаласынан П.Чайковский атындағы музыкалық училищесіне оқуға түседі. Оқып жүріп Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінде қызмет істейді. Бұл жылдары М.Хамзинге дарынды домбырашы, әрі дирижер Н.Тілендиев ұстаздық етеді, музыкалық білім береді.

1952 жылы Балқашқа қайта оралып Мәдениет сарайының көркемөнерпаздар коллективін басқарады.

1958 жылы Құрманғазы Оркестрінің құрамында өнер көрсетіп Москвада өткен Қазақстанның онкүндігіне қатысады.

1961 жылы «Қазконцертте» солист–домбырашы болып жұмыс істейді.

Мағауия Хамзин бүгінгі ұрпаққа композиторлығымен де танымал. Күйшінің «Жайлау», «Қосбасар», «Жарыс», «Космонавт», «Тоқырауын толғауы», «Домбыра» вальсі күйлері көптеген көрермендерге таныс.

1966 жылы күйшіге – Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген әртісі, 1979 – Қазақ ССР-нің халық әртісі құрметті атақтары берілді. Мағауия Хамзиннің өнеріне көптеген шетел азаматтары қол соғып, өнері бірнеше грамота, медеальдармен марапатталды.

Зейнетке шыққан соң, 1997 жылы туған елі Балқашқа келіп, өзінің мектебін ашып, жас өспірімдерге шерпе күйдің сырын, кәсіби жәрежеде орындау мәнерін үйретті. Ал 1998 жылы М.Хамзинге «Балқаш қаласының құрметті азаматы» атағы құрметпен тапсырылды.

Мағауия ағамыздың өнері – ұрпақ үшін, ел үшін мәңгілік рухани қазына.

Қазақтың кара домбрасын күмбірлетіп күй өнеріне баға жетпес үлес қосқан Мағауия Хамзин 73 жасында, 2000 жылдың сәуір айында дүние салды.

М.Хамзин қазақ совет домбырашысы, күйші-композитор, шертпе күйді шебер орындаушылардың бірі, ҚазССР-інің халық әртісі. М.Хамзин құрметіне Балқаш қаласындағы Металлургтер мәдениет сарайы аталады.

### Әдебиеттер:

Бекенов, У. Күй керуені: оқу құралы / У. Бекенов. - Алматы : Өнер, 2002. - 144 б.

Күй қайнары = Голоса народных муз / құраст.: А. Райымбергенов, С. Аманова. - Алматы : Өнер, 1990. - 288 б.

Мереке: Күйлер жинағы [Нота] / Құраст. Д.Мүсіров.- Алматы: Өнер, 1993.- б.

Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- б.

Хамзин Мағауия (1927-2005) // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 536 б.

\*\*\*

Әжин Д. Зерделі еңбек // Орталық Қазақстан. - 2001. - 17 маусым

Башар Ж. Кеш өтті дүбірлетіп дүйім елді...// Балқаш өңірі.- Балқаш, 2001.-18 шілде

Бекенов У. Ұлы күйшінің мұрагерлері: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл толуы қарсаңында // Ленин туы. - Егіндібұлақ, 1990. - 30 маусым

Ермағанбетова Г. Шертпе күйдің атасы// Балқаш өңірі.- Балқаш, 2001.-11 шілде

Домбай Н. Мағауия мақамы: /Шерпе күйдің шебері, Қазақстанның халық әртісі М.Хамзин туралы// Егемен Қазақстан.- 1994.- 3 тамыз

Жармағанбетов Б. Хамзинді Алаш мәңгі құрметтейді // Балқаш өңірі.- 2001,-9 қаңтар, 27 желт.

Жұмағали С. Саусағынан күй саулаған: замандас// Орталық Қазақстан.- 2005.- 27 тамыз. - 10 б.

Қашқынов Ж. Бір қоңыр қаз жүзіп жүр жайлап қана // Қазақ әдебиеті. – 1998.- 27 қаңтар

Қашқынов Ж. Дәулескер күйші // Орталық Қазақстан.- 1997.- 6 желтоқсан

Рахимов Т. Қос ішектің күмбірі: /М.Хамзин туралы// Мәдениет және тұрмыс.- 1982.- N7. - 14-15 б.

Рысбеков Қ. Күй құдіреті // Тоқырауын тынысы. - Ақтоғай, 2007. - 15 маусым (№ 24).- 8 б.

Тоқтамысов Т. Әшімтайдың «Қоңыр қазы» // Орталық Қазақстан.- 2001.- 27 қаңтар.

Тоқтамысов Т. Тәттімбет және оның мұрагерлері // Орталық Қазақстан.- 2000.- 27 желт.

Хамзин Д. Дарабоз күйші: Дерек // Орталық Қазақстан.- 2002.- 2 қазан.-12 б.

Хамзин М.: /Некролог// Егеменді Қазақстан.- 2000.-21 сәуір

### Желтоқсан 1922 – Саран педагогикалық колледжінің ашылуына 90 жыл

Байтақ Отанымыздың түкпір-түкпірінен оқуға түскендер есебінен бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлаумен бірнеше жылдан астам бері шұғылданушы Қарағандының әртігі оқу орындарының бірі кеншілер мен заводшылар қаласы – Саранда орналасқан. Еліміздің бұл ежелгі ағарту мекемесінің шежіресі отызыншы жылдардан - Ә.Бөкейханов, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов сынды ұлт мақтаныштары сабақ берген Қарқаралы





педтехникумінен басталады.

Қазақ халқы ауыр бір белесті бастан кешірген енді-енді есін жия бастаған 1922 ж. Қазақ АССР үкіметінің ұсынысымен республикалық халық ағарту комиссариаты Қарқаралы қаласында уездік қазақ педагогикалық техникумын ашты.

Бұрынғы патша дәуіріндегі реалдық училищенің екінші қабатында ұйымдастырылған небәрі үш бөлімде алғашқы шәкірттер жиналып, білім бұлағынан сусындауға белді бекем буды. Техникумның ірге тасын қалауға ат салысқан оның тұңғыш директоры халықтың аяулы ұлы болған азамат Р.Сапақов еді. Білім ордасының қаз тұрып, қанатын кеңге жаюына жергілікті қазақ халқы орасан зор көмегін тигізді.

1923 жылы Қарқаралылықтар мен техникумның драма үйірмесінің мүшелері бірге отырып С.Сейфуллиннің “Қызыл сұңқарын”, М.Әуезовтің “Еңлік-Кебегін” сахнаға шығарды.

Бұдан кейін араға төрт жыл салып оқу орнының алғашқы түлектері туған жерде қажырлы еңбек етуге бел буып, ұстаздық ете бастады. Училищенің алғашқы түлектерінің арасында А.Ахметов, А.Баймаханов, М.Беков, А.Жәкіманов, З.Пушков, Р.Ғылымбеков, Р.Омаров, Н.Түсіпов, Р.Тұрғанбаев, А.Юсупбаев сияқты азаматтар болды. Олар көпшілікке жақсы белгілі жиырмамыншы, отызыншы жылдардың ауыр кезеңін басынан кеше отырып, халық көкірегіне білім сәулесінің жарық нұрын шашу сияқты абыройлы істі жоғары жауапкершілікпен атқарды.

Ел басына түскен ауыр нәубетті техникум ұжымы да ұйымшылдықпен көтеріп, кездескен қиындықты жеңе білді. Аштықтың ауыр жылдарында техникумға жетекшілік еткен Құрман Хамитов деген азаматтың жоғарғы адамгершілігі көпшіліктің есінде. Ол педагогикалық техникумды 1929 ж. үздік бітіріп, өз білімін Мәскеу қаласында одан әрі жалғастырды. 1931 жылы техникумға қайтадан оралып, ұстаздық одан соң директорлық қызметтерді абыроймен атқарды. Әсіресе ел басына төнген ауыртпалық, аштық жылдары ол оқушылардың сапалы білім алуына бар күш-жігерін жұмсап, өз қамқорлығын көрсете білді.

Педагогикалық техникум 1937 жылы Қарқаралы қазақ педагогикалық; училищесі болып қайтадан құрылды. Жеңіс жылы Абай бабамыздың 100 жасқа толу мерекесі ұлан-байтақ республикада кеңінен аталып өтіп, училищеге ақын есімі берілді. 1950 жылы училище қасиетті Қарқаралы жерінен Қарағанды, одан кейін Саран қаласына көшірілді.

Училишедегі оқу-тәрбие жұмысы уақыт өткен сайын одан әрі жетілдіріле, тереңдетіле түсуде. 1986 жыл бұл оқу орнының ұжымы атқарылған осындай игілікті істердің нәтижесінде Бүкілодақтық байқаудың екінші дәрежелі дипломын жеңіп алды. Ал 1972 жылы училищенің құрылғанына 50 жыл толу мерейтойында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын, 1977 жылы ССРО Ағарту министрлігінің Құрмет грамотасын және де басқа құрметті атақтарды лайықты түрде жеңіп алып, өз мәртебесін көтере түсті.

Қазіргі таңда бұл училищеде алты мамандық бойынша күндізгі және сырттай бөлімдерде мамандар даярлануда. Оқу орнында қазақ, орыс бөлімдерімен қатар неміс бөлімі де бар.

Училищенің қазақ бөлімінде сегіз топ - екі жүзден астам оқушы білім алуда. Бұл орайда олардың іскер маман атанып, өздері қалап алған мамандықтарын жетік менгеруіне ұстаздар қауымы лайықты үлес қосуда.

Еліміз тәуелсіздік алып, қазақ тілі мемлекеттік деңгейге көтерілген осындай уақытта училище ұстаздары өз шәкірттеріне салалы білім, саналы тәрбие беру мәселесінде үлкен жауапкершілік, қажырлық танытуда.

Сан мыңдаған білім беріп, үлкен өмір жолына аттандырған Абай атындағы Саран педагогикалық колледж ұжымының келешекке деген сенімі мол.

Аталмыш қалада әртіне химик-технологтар даярлап келе жатқан өзі құралыптас Саран химия-технологиялық техникумын құрамына қосып алған соң тіптен нығайып, гуманитарлық-техникалық колледж атанды. Қазір колледжде тарихшы Ш.А.Тұрғамбаева, химик-технолог С.М.Төлегенов, Б.А.Тоқбергенов, филолог К.Өмірәліқызы атындағы дәрісханалар бар.

Саранның мақтанышы әрі өнердегі намысын жыртушы қазақ, орыс ұлт-аспаптар оркестерлері, үрмелі-эстрада ансамбльдері сонау 50-ші жылдардан техникум мен училище студенттерінен жасақталатын болса, сол дәстүр сол күйінде қалыпты: аспаптық өнер ұжымдарының дені қазір де Саранның Абай атындағы гуманитарлық-техникалық колледжі студенттерінің интеллектуалдық қажырымен жұмыс жасайды.

Сексен бес жыл уақыт айтуға жеңіл болғанмен, оның астарында өткен жылдардың үлкен ізі жатқан сияқты. Мұның өзі үлкен ғұмыр кешкен адамның өмірі де тәрізді.

## Әдебиеттер:

Саран гуманитарлық-техникалық колледжі // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 457 б.

Саран педагогика училищесі // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. Р.Н. Нұрғалиев. - Алматы : Қаз.сов.энцикл., 1990. - 486 б.

Тағдырлас қалам - Саран: 1954-2004 / ред.Л.Н. Ким.- Қарағанды: ТаиС, 2004.- 260 б.: сур., фото

\*\*\*

Асқар, Н. Өнегелі дәстүр // Сыр мен сымбат. - 2006 . - №1-2. - 2,3 б.

Ақбаев С. Ұстаздар ұясы: Саран гуманитарлық-техникалық колледжіне - 85 жыл // Орталық Қазақстан. -, 2008. - 10 қаңтар.- 2 б.

Ақбаев, С. Ұстаз атындағы дәрісхана: қалдырған ізің мәңгілік. // Орталық Қазақстан. - 2006. - 9 ақпан. - 8 б.

Асқаров Т. Училищеге - 70 жыл // Орталық Қазақстан. - 1992. -15 шілде

Асқар Н. Өнегелі дәстүр// Сыр мен сымбат.- Қарағанды, 2006.- N1-2.-2,3 б.

Әбікенов Қ. Алмақтың да салмағы бар: /Абай атындағы пед. училищесі/ // Орталық Қазақстан. - 1977. - 26 июль

Әбікенов К. Шеберлігі жоғары ұстаздар даярлаймыз: /Саран пед. училищесінің реформаға сай жұмысы/ // Орталық Қазақстан. -1986. - 11 ноябрь

Баймолдина, А. Өмірі өнегелі өр тұлға / А. Баймолдина, Қ. Игіманов, Е. Махаметшин // Орталық Қазақстан. - 2010. - 20 ақпан (№ 27/28). - 6 б.

Балашова Н. Сызу пәні бойынша сынға түсті: оқу орындарында // Орталық Қазақстан. - 2005. - 11 маусым.- 13 б.

Дүйсенбеков А. Училище мақтаны: /Саран қаласындағы пед. училище/ // Орталық Қазақстан. - 1968. - 24 апр.

Естаев Е. Ұстаз әрі басшы: /Қарағанды обл. Саран пед. училищесінің директоры туралы/ //Қазақстан мұғалімі. - 1987. -22 май.

Жанғожин А. Байырғы оқу орыны: /Саран қаласындағы пед. училище жайлы/ // Орталық Қазақстан. - 1980. - 8 авг.

Жанысбай С. Орталық Қазақстандағы тұңғыш оқу орны: Саран педагогикалық колледжіне – 75 жыл /ҚР еңбек сіңірген мұғалімі Қ.Әбікеновпен сұхбат/ // Орталық Қазақстан.- 1997.- 18 қазан

Жарылғапова Б. Еңбегімен елге - үлгі, көпке - сыйлы... // Орталық Қазақстан.-2003.- 28 қаңтар.-6 б.

Жарылғапова Б. Еңбекшіл ұстаз - ел құрметтісі // Орталық Қазақстан.- 2002.- 23 қараша.-7 б.

Күлпейісова Н. Пейілі қазақтың кең даласындай // Орталық Қазақстан. - 2011. - 13 қаңтар (№ 4).- 5 б.

Қарқаралы тарихына да қатысы бар: Орталық ақпарат// Орталық Қазақстан.- 2003.- 1 ақпан.-8 б.

Мақашев Ж. Нарком сыйлығы: /Саран қаласындағы пед.училищесінің құрылу тарихы/ // Орталық Қазақстан. - 1967. - 8 ноябрь

Мақаш Д. Тіл үйретудің тәлімді үрдісі: Облыс колледждерді оқытушыларының игі бастамасына жан-жақты қолдау қажет // Орталық Қазақстан.- 2002.- 23 қаңтар

Мұстафа Б. Бала жанының бағбаны: [Ұстаз Қ.Ә.Әбікенов туралы]// Орталық Қазақстан.- 2000.-14 қазан

Муфталова, А. Кешегінің жеңісі, бүгінгінің жемісі - 85 жыл // Орталық Қазақстан. - 2008. - 24 маусым (№98) . - 2 б.

Нұрпейісов Н. Өсу-өркендеу кезеңі: /Саран педагогикалық училищесіне - 70 ж. // Орталық Қазақстан. - 1992. - 23 желт.

Сембаев М. Жас қанат: /Абай атындағы Саран педагогикалық училищесінің коллект. декабрь айында 60 жылдығын атап өтеді/ // Орталық Қазақстан. - 1982. - 19 март

Тойбек, Ж. Тәлімді еске алу кеші // Орталық Қазақстан. - 2008. - 27 мамыр (№82) . - 3 б.

## Желтоқсан 1937 – Қарағанды облыстық мұрағаттың құрылғанына 75 жыл.



Қарағанды облаткомы Президиумының 1937 жылғы 10 желтоқсандағы «Қарағанды облыстық архив басқармасының ұйымдастыру мен облыстық және аудандық мекемелдердегі, кәсіпорындардағы, колхоздар мен совхоздардағы, МТС пен сельсоветтердегі архив материалдарын тәртіпке келтіру туралы» Қаулысымен облыстық мұрағат басқармасы және облыстық мемлекеттік мұрағат құрылды. Мұрағат мекемесі облаткомның подвалына орналастырылды. Мұрағат мекемесі облаткомның подвалына орналастырылды.

Мұрағат ашылған кезде сол подвалда жатқан шамалы ғана ескі құжаттар қабылдалған еді.

1938 жылғы мамырда Қазақ КСР Халкомсовының «Қазақ ССР-інде архивтерді ұйымдастыру туралы» қаулысы шықты. Облыста жеті аудандық, қалалық мұрағаттар: Ақмола, Нұра, Қарсақпай, Қарқаралы, Тельман, Корғалжын, Жаңаарқа мұрағаттары құрылды. 1939 жылы тағы төрт аудандық, қалалық және Балқаш қалалық мұрағаты ашылды.

1949 жылы бөлім мен мұрағат Үлкен Михайловкадағы жалпы аумағы 97 шаршы метр, жеті бөлмеден тұратын жаңа тұрақжайға қоныстандырылды.

1 қаңтар 2000 жылы мұрағатта 4798 қор бойынша 1591259 сақталу бірлігі қалыптасты. Бұл – совет құрылысын, Кеңестердің, ұйымдық-бұқаралық жұмысын, өндірістің, ауыл шаруашылығының, құрылыс, көлік, байланыс, денсаулық сақтау, халыққа білім беру, әлеуметтік қамсыздадырудың жағдайын бейнелейтін құжаттар.

Жеке адамдар қорларының ішінде Қарағанды тас көмір орнының «атасы», профессор-геолог А.А.Гапеевтың, академик Е.А.Букетовтың, жазушы М.Е.Зуев-Ордынецтің, гидрогеолог В.А.Курдюковтың, өлкетанушы Ю.Г.Поповтың, жазушы Н.А.Пичугинің және Қарағанды облысының басқа да көрнекті қайраткерлерінің қорлары бар.

Қазақстан тарихы, қазақ және басқа халықтардың дәстүрі туралы қазақ және орыс тілдерінде материалдар жинақталған.

Бұл материалдар зерттеушілердің, аспиранттардың, кәсіпорын, мекеме қызметшілерінің, жоғары оқу орындары студенттерінің назар аударатын объектісі саналады. Мұрағат құжаттары негізінде жыл сайын әлеуметтік-библиографиялық сипаттағы 10000 анықтама беріледі, осы заманғы актуальды тақырыптар бойынша бұқаралық ақпарат құралдары жариялымдарының құрамы мен мазмұнын ашатын ақпараттық құжаттар дайындалады, ал облмеммұрағат пен оның филиалдарындағы құжаттардың құрамы мен мазмұнынның бағытын айыруға қорлар бойынша жол көрсеткіштер, колхоздар мен совхоздардың, Қарағанды облысының әкімшілік-аймақтық бөлінісінің тарихы жөніндегі анықтамалықтар, халық ағарту саласының дамуы, Қарағанды және қарағандылықтар 1941-1945 ж. ж. Ұлы Отан соғысы жылдарында, коммунистік еңбек қозғалысы туралы тақырыптық және қорлар бойынша шолулар, жүйелік каталог, тақырыптық картотекалар көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 19.06.1996 жылғы «Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі архив мекемелерінің қызмет мәселелері бойынша кусталдық және республикалық семинар – кеңестер өткізілді.

Қарағанды мұрағатшылары қоғамдық ғылымдарды дамыту, сондай-ақ мұрағат ісінің проблемалары тәрізді одақтық, республикалық, және облыстық ғылыми-техникалық конференцияларға әлденеше рет қатысты.

АҚШ-тың ақпараттық агенттігінің (ЮСИА) шақыруы бойынша АҚШ мұрағатының жұмысымен танысты, Пекиндегі мұрағатшылардың XIII Бүкілдүниежүзілік Конгресінің жұмысына қатысты, Барселонадағы мұрағатшылардың Еуропалық конференциясына шақырылды.

### Әдебиеттер:

Архивтер // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. Р.Н. Нұрғалиев. - Алматы : Қаз.сов.энцикл., 1990. - 108 б.

Архивтер // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. – 126 б.

\*\*\*

- Амантаев Ө. Мұрағат - деректер көзі: Обл. мұрағаттар мен құжаттама бөлімінің меңгерушісі Ө.Амантаевпен сұхбат / Әңгімелескен Е.Лұқпан// Орталық Қазақстан.- 2001.-18 шілде
- Амантаев Ө. Мұрағат істері мұқият жүргізіледі: облыс әкімінің есебі қарсаңында// Орталық Қазақстан.-2006.- 28 қаңтар.-3 б.
- Арқаның ардагер ақындарының бір тобы: Қарағанды облысына - 70 жыл// Абай-Ақиқат.- Абай, 2006.- 1 шілде.-1 б.
- Архивистердің мерейтойы: /Қарағанды облыстық архивінің құрылғанына 60 жыл толды/ // Орталық Қазақстан. – 1997. – 20 желтоқсан
- Байкенжина Л. Заман сипаты - мұрағат құжаттарында: 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні// Орталық Қазақстан.- 2006.- 30 мамыр.-8 б.
- Байкенжина Л. Құжаттар - өткен күннің шежіресі: /Облыстық мемлекеттік архив/ // Орталық Қазақстан. – 1996. – 12 қазан
- Жанғожин А. Тарих құжаттарын сақтаушылар кеңесті// Орталық Қазақстан.- 2001.-21 шілде
- Имаш Е. Жол құрылысы жанданды // Орталық Қазақстан.- 2002.-27 сәуір
- Исақызы Т. Архивке – 60 жыл // Қарқаралы. – 1997. - 20 желтоқсан
- Кисилева Л. Аймақ өмірінің шежіресі: // Қарағанды облыстық архивіне - 60 жыл/ // Орталық Қазақстан. – 1997. – 10 желтоқсан
- Құжаттарды сақтай білейік: /Обл. мұрағаттар мен құжаттама бөлімінің кеңетілген алқа мәжілісі туралы// Орталық Қазақстан.– 1998. – 14 наурыз
- Лұқпан Е. Ардагерге құрмет: мерей// Орталық Қазақстан.- 2006.- 29 сәуір.-4 б.
- Лұқпан Е. Құжаттардың жоғалуына жол берілмесін// Орталық Қазақстан.- 2001.-22 қыркүйек
- Лұқпан Е. Мұрағаттар – ел мұрасы // Орталық Қазақстан. – 1999. – 8 желт.
- Михеева Л. Азаматтар өтінішіне сергек қараймыз: /Облыстық мемлекеттік архиві туралы/ // Орталық Қазақстан. – 1996. – 1 тамыз
- Михеева Л. Құжаттар бетінде қалған шындық// Орталық Қазақстан.- 2001.-27 қазан
- Сексенұлы С. Халық қалай «Халық жауы» атанды: «Дөңгелек столға» қатысқандар осы сұрақ төңірегінде әңгіме өрбітті // Орталық Қазақстан. – 2000. – 7 маусым
- Тілеубай Т. Ашық мұрағаттар - қоғам мүддесі үшін: [Қар. мемл. мұрағат туралы]// Сана.- Қарағанды, 2000.-7 қыркүйек (N34).-2 б.
- Хасен М. Инемен құдық қазғандай: /Облыстық мемлекеттік архивтер дирекциясының басшысы Ө.Әбдікімовпен сұхбат/ // Орт. Қазақстан. – 1997. –5 шілде
- Шаймарданов М. Архивтердің халықаралық конгресі // Орт. Қазақстан. – 1996. – 10 қазан
- Шаймарданов М. Құжаттар – ұлттық игілігіміз: /Облмемархивтің ғылыми - техникалық құжаттамалар филиалы/ // Орталық Қазақстан. – 1997. – 10 желтоқсан
- Шегенова Б. Кинофотодыбыс құжаттары сыр шертеді: Қарағандыға - 70 жыл// Орталық Қазақстан.- 2006.- 15 маусым.- 4 б.

## 1882 – Ақын Ғаббас Айтбаевтың туғанына 130 жыл



Ғаббас Айтбаев 1882 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы (бұрынғы Егіндібұлақ ауданы) К.Маркс атындағы колхозында дүниеге келген. Ол қазақ халық ақыны, композитор. 1920 жылдан КОКП мүшесі. 1922 жылы Қарқаралыда өткен халық ақындарының айтысында бірінші орынды жеңіп алған. Әкесі Айтбай–Арқаның белгілі әнші-композиторларының бәрі. Айтбаевтың әншілігіне испанның гитаршысы Андрея Сеговия тәнті болып, оның орындаушылық өнерін жоғары бағалаған. Ол 1927 жылы Москвада Советтердің төртінші съезі делегаттарына ұйымдастырылған концерттерде жұртшылық назарына ілігеді. Сол жылы өлкен театрда этнографиялық концертке қатысып, зор абыройға ие болады. Александр Затаевич Айтбаевтан он екі ән жазып алған. «Ғаббастың «Ардағының» өзі поэзия. Ол қиялыңды шарқытатын жазғы кештегі ай сәулесінің, Сахараның тылсым тыныштығының ғажайып көрінісі–суреті», - деп жазған А.В.Затаевич. Айтбаев қазақ ауылын советтендіруге белсене ат салысып, өзінің туған жерінде өмірінің соңына дейін ауыл совет председателі болып қызмет етті. Ғ.Айтбаев Қазыбек би селосында жерленген.

### Әдебиеттер:

Айтбаев Ғаббас. // Қазақ ССР. 4 том қысқаша энциклопедия.- Алматы, 1989.- 98 б.

Ғаббас Айтбаев. //Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 159 б.

Айтбаев Ғаббас // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. – 93 б.

### 1912 – Ақын Ықылас Адамбековтың туғанына 100 жыл



Ы.Адамбеков бұрынғы Қарқаралы округіне қарасты Қарағанды облысының Шет ауданында №3 ауылда («Қатбар» колхозында) туған. 6 жасында әкешеседен жетім қалып, жалшы болған. 1927-1931 жылы Қарқаралы балалар үйінде оқып, тәрбиеленген. 1929 жылы комсомол қатарына өткен. 1931-32 жылдары Қоңырат аудандық комсомол комитетінде шағым бюросының меңгерушісі болған. 1934-35 жылдары республика жастары газеті «Лениншіл жаста» әдеби қызметкер болған.

1935-38 жылдары КИЖ-де оқып, оны тамамдаған соң, 1938-1939 жылдары Қазақ көркем әдебиет баспасында жауапты хатшы болып қызмет істеген. Өлең, ән мәтіндерін жазумен айналысқан оның «Достар жүрегі» атты алғашқы жинағы осы кездерде жарық көрген. Жазушы Ә.Әбішевпен бірігіп «Қамбар батыр» операсына либретто жазған. 30 шақты ән мәтіндердің авторы. Оның "«ызыл әскер маршы», «Алатау» әндері көпшілікке мәлім. 1939 жылдан Қазақ КСР Халық комиссариаты Кеңісінің Өнер жөніндегі басқармасында редактор боп істеп жүріп, Ұлы Отан соғысына аттанған. Ол Москва түбіндегі кезекті шайқаста, Голубцы деревнясы үшін болған шайқаста 1941 жылы қан майданда ерлікпен қаза тапты. Оның артында әке аманатын ақтар қызы Қамар Ықыласқызы қалған еді.

### Әдебиеттер:

Адамбеков Ықылас (1912-1941) // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. – 88 б.

Адамбеков Ыхлас 1912-1941 //Советтік Қазақстан жазушылары. Био-библиогр. анықтамалық.- Алматы, 1987.- 10 б.

Адамбеков Ыхлас 1912-1941 // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық.- Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. 2004 – 10 б.

Адамбеков Ыхлас 1912-1941 //Қазақстан жазушылары: анықтамалық : 75 жыл / құраст. С. Қамшыгер. - Алматы : Ан Арыс, 2009. - 11 б.

\*\*\*

Майбас, Т. Сағатқа қалған ән: Ықылас Адамбековтың туғанына 90 жыл // Орталық Қазақстан. - 2002. - 18 желтоқсан. - 13 б.

### 1917 – Кеңес Одағының Батыры Амантай Дәулетбековтың туғанына 95 жыл



Амантай Дәулетбеков Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданыны Түгіскен ауылының күн шығыс жағындағы «Ақкеңсе» деп аталатын жерде 1917 жылы туды. Кеңес Армиясы қатарына 1939 жылы шақырылып, әскери қызметті Шығыста бастады.

А.Дәулетбеков 1942 жылғы жазда өзінің көптеген қызметтес жолдастарымен бірге Брянск майданына жіберілді. Ол 13-ші Армияға қарасты танктерді бұзып-жоятын 1180-ші полктің артиллериялық расчет командирі болды. А.Дәулетбеков өзінің жауға қарсы алғашқы шайқасын сол 1942 жылғы жазда Орлов облысындағы байырғы орыс қаласы Ливының оңтүстігінде

бастады. Фашистер ол кезде Воронеж және Сталинград бағыттарында шабуылға шыққан болатын. Ливны түбінде бүкіл жаз бойы кескілескен ұрыс жүрді. Амантай осы ұрысқа қатысушылардың бірі болды.

1943 жылдың қанқұйлы жазы еді. 6 шілдеде Орел мен Курск темір жолдары арасындағы Поньри қалашығы түбінде кескілескен ұрыс басталды. Поньри түбінде 13-ші армияның 307-ші дивизиясы полктары қорғаныста тұрды. Өлермен жаудың қарқыны бір толастамады. Қаншама танктері от құшағына оранғанымен оның орнына жаңалары келіп, өршелене алға ұмтылды. Амантайлар жау әскерінің қоршауында қалды. Осы қысыл-таяң шақта зеңбірекшілер командирі қоршауды бұзып шығуға әрекет жасайды. Амантай зеңбірек жанына 2 адамнан қалдырып, жауынгерлерді бастап танкілерге ілескен жаудың жаяу әскерлерімен қоян-қолтық ұрысқа шығады.

Осы оқиғаны толығымен сипаттаған мәлімет архивте сақталған. 1080 артиллерия полкінің командирі, подполковник Мац қол қойған осы бір құжатта Амантай басқарған расчеттің жаумен шайқастағы ерлік қимылы былайша баяндалады: «...ұрыс екі сағатқа созылды. Жау 13-ші рет шабуылға шықты, бар ойы өз жолына кедергі болып тұрған Дәулетбеков расчетін құрту болатын. Бірақ Дәулетбеков жолдас жаудың бұл ойын жүзеге асырмады. Осы уақыт ішінде жаудың «Су-7» маркалы 10 танкі, бір ротадай жаяу әскері құртылды. Жау одан бетер ызаланып, батырдың зеңбірегін таптап кетпекші болды. Небәрі 4-ақ адамы қалған зеңбірек пен оның расчетін құртуға жау 14 рет оқталды. Біздің жауынгерлердің снарядтары бітуге айналды. Танктер мен автоматшылар зеңбірекке 150 метрдей жақын келді. Жаудың дәл тиген снарядынан Дәулетбековтің зеңбірегі мүлде істен шықты. Осындай қысыл-таяң шақта Дәулетбеков табандылық танытты. Тірі қалған 4 жауынгер оның командасы бойынша орындарынан тұрып, жаудың жаяу әскеріне қарсы ұмтылды. Оқтары әбден біткен жауынгерлер қоян-қолтық ұрысқа көшті. Осы жағдайдың өзінде Амантай 4 фашисті мұрттай ұшырды. Бірақ оның өзіне оқ тиді...»

Әскери командование 1943 жылдың 9 шілдесінде жаумен арыстанша алысып ерлікпен қаза тапқан жерлесіміздің ерлігін лайықты бағалады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 24 желтоқсанындағы Жарлығы бойынша Амантай Дәулетбековке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

### Әдебиеттер:

Дәулетбеков Амантай // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. – 212 б.

Дәулетбеков Амантай // Қаһарман қарағандылықтар. Герои-карагандинцы./ Қарағанды, 2000.-30-31 б.

Дәулетбеков Амантай // Совет Одағының қазақстандық Батырлары. – Алматы, 1969.- 1-ші том- 221-222 б.

\*\*\*

Жетібаева Б. Түгіскеннен шыққын батыр: Совет Одағының Батыры Амантай Дәулетбековтың туғанына-85 жыл // Сарыарқа.- Жезқазған, 2002.- 10 шілде

Мұқышұлы Ұ. Амантай Батыр: Кеңес Одағының Батыры А.Дәулетбековтің туғанына 85 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 4 желтоқсан.-7 б.

Соболев А.Н. Ерлікке тағзым ете береміз: Курск иініндегі шайқасқа - 60 жыл // Сарыарқа.- Жезқазған, 2003.- 8 тамыз

### 1922 – Кеңес Одағының батыры Петр Иосифович Теряевтің туғанына 90 жыл



Петр Иосифович Теряев 1922 жылы Қарқаралыда туды. 1940 жылдың желтоқсанында Армия қатарына шақырылып, Орынбор әскери ұшқыштар училищесіне қабыланды. Петр 1943 жылдан бастап соғысқа қатысты. Ержүрек ұшқыш Донбасты, Қырымды, Севастопольді, Белоруссияны, Балтық бойын азат ету соғыстарына қатысып, сан рет ерлік көрсетті. Ол тек Донбасс пен Қырым аспанында ғана жаудың тоғыз самолетін атып түсірді. Әуеден шабуылдап 14 танк, 19 зеңбірек, 23 бронетранспортертер, 43 автомашина, басқа да толып жатқан жау қауын қатардан шығарды. Ол 154 рет жауынгерлік тапсырмамен аспанға

көтеріліп, дұшпанға соққы берді.

Майдандағы алғашқы екі жылдың өзінде ол төрт мәрте жауынгерлік Қызыл Ту, Александр Невский, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталды.

1945 жылғы ақпанның 15-де Кенигсбергке жойқын шабуыл басталады. Жиырма үш жастар командир, гвардия майоры Петр Теряевтің эскадрильясына ерекше тапсырма жүктелді. Осы жолы гитлершілер атқан оқ қаңғып келіп Петр Теряевтің самолетіне тиді. Ол өзінің даңқты әріптесі Николай Гастелло және жерлесі Нұркен Әбдіровтің ерлігін қайталап, фашист танктері иіріліп тұрған алаңға қарай жаңған самолетін бұрып әкелді. Сөйтіп, қаза болса да өшпес даңққа бөленді.

КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасы 1945 жылғы сәуірдің 19-да III Белорус майданы 1-әуе Армиясы, 1-гвардиялық әуе шабуылы дивизиясының 76-шабуыл полкіне қарасты звено командирі, гвардия майоры Петр Иосифович Теряевке қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы Жарлық шығарды.

Батыр жерлесіміздің мүрдесі қазіргі Калининград қаласы ірегесінде «Жеңіс» деп аталатын ескерткіш кешенінде жерленген. 2-ші гвардиялық армияның 1200 солдатты мен офицері жерленген бұл бауырластар зиратының тақтасында Петр Теряевтің де есімі бар.

Герман жауынгерлерінің ұясы Кенигсбергті алуда көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін Петр Теряев тарихта мәңгі қалды. Оның есімі туған Қарқаралысының бір көшесіне берілген. Семей облысындағы Жарма ауылында Петрге мүсін тұрғызылған. Ол мұнда бозбала шағын өткізген еді. Литвадағы №97 мектепте қазақстандық Петр Иосифович Теряевтің мұражайы бар. Семейдегі автомеханика техникумы үйіне Батырдың есімі жазылған ескерткіш тақта қойылған.

### Әдебиеттер:

Теряев Петр Иосифович // Қаһарман қарағандылықтар. – Қарағанды, 2000. – 121-122 б.

Теряев Петр Иосифович // Қарағандылық Совет Одағының батырлары. – Қарағанды, 1990. – 62-63 б.

Теряев Петр Иосифович // Совет Одағының қазақстандық батырлары. – Алматы, 1969. – 291-292 б.

Теряев Петр Иосифович // Қарағанды. Қарағанды облысы. – Алматы, 1990. – 548 б.

Теряев Петр Иосифович // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. – 508 б.

Советтік Прибалтиканы азат ету (1944 жылдың ақпан - желтоқсаны) // «Боздақтар». Қарағанды облысы. – Алматы, 1998. – Т.3. – 67, 132 б.

\*\*\*

Әбдірахманұлы А. Биыл – Ұлы Жеңіске 55 жыл // Қарқаралы. – 2000. – 15 сәуір

Оспанов С. Ерліктің өшпес даңқы: Кеңес Одағының Батыры П.И.Теряевтың ерлігіне 60 жыл// Қарқаралы.- 2005.- 12 ақпан.-5 б.

### 1932 - Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының құрылғанына 80 жыл.



Мұражай осыдан 80 жыл бұрын құрылған кезде Ленинград политехникалық мұражайы тарапынан мол жәрдем алған. Алғашқы экспонаттарды іріктеу, жұмысты жоспарлы түрде жүйелеп жүргізу бағытында біршама тәжірибесі бар аталмыш мұражай қызметкерлері білгендерін үйретуден әсте жалықпаған.

Мұражайдың алғашқы директоры - М.Бекметов деген азамат. Жылдар өткен сайын Қарағанды мұражайының экспонаттары көбейіп, штаты толығыш, жұмысы өрге жүре бастаған. Қазір қолда бар дерекке қарағанда, 1936 ж. мұнда 712 экспонат болыпты. Мұнымен қоса мұражай қорында фотолаборатория, киноапарат, диапроектор және патефон болыпты.

Мұражай қызметкерлері Ұлы Отан соғысының қарсаңында облыс территориясында археологиялық экспедициялармен сапарға шығып, тынымсыз ізденіс үстінде жүріпті. Соның

нәтижесінде өте ескі қорымдардан аса бай тарихи жәдігерлер табылып, олар мұражайдың ең қымбат экспонаттарына айналған.

Осы кезеңде мұражай қызметкерлері республика Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтымен тығыз байланыста жұмыс жүргізген. Жүйелі түрде тарих тұрмыстық экспедицияларды жолға шығарып, ел арасынан қолы епсекті шебер адамдарды іздестірген. Өздері де қазақтың ою-өрнек үлгілерін кеңінен зерттеп, жергілікті халықтың салт-дәстүрін жан-жақты қамтитын алуан түрлі экспонаттарды мұражай қорына тынымсыз іздестіру үстінде жүрген.

1950 жылдың ішінде Сарыкөңгір, Қаракөңгір, Сарысу өзендерінің бойына бірнеше мәрте арнайы экспедициялар ұйымдастырылды. Облысымыздың жерінен палеолит және неолит дәуірлерінің ондаған көне ескерткіштері табылды.

1970 жылдан бастап біздің осы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ғылыми-ағартушылық жұмыстарға да бет бұрды. Бұқаралық жиындар өткізіп, өлке шежіресінен жетік білетін адамдармен кездесу кештерін өткізу жақсы дәстүрге айналады. Мұнымен қатар тақырыптық кештер мен лекторийлер де мұражайдың осы бағыттағы жұмысының өзекті бір саласы ретінде қалыптасып қалады. Сол жылдары мұражайда бұрынғы Одақтас республикалардың көшпелі көрмесін ұйымдастыру да жарқын жаңалықтың бірі ретінде қабылданған.

1982 жылы мұражайда Қазақстан Ғылым академиясының тарих, археология және Қарағанды мемлекеттік университетімен бірлесе отырып, Беғазы-Дәндібай мәдениеті мәселелеріне арналған ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Қазіргі кезде облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қорында материалдық және рухани мәдениеттің 125887 ескерткіші жинақталған. Мұнда археологиялық, этнографиялық коллекциялар да мол. Жыл сайын өлкетану тақырыбына арналған тұрақты және көшпелі көрмелер ұйымдастырылады.

1977 жылы Қарқаралы қаласында мұражайдың филиалы ашылды. Қазір ол өз алдына жеке мұражайға айналып, аудан халқына қалтқысыз қызмет көрсетуде. Сол сияқты Абай қаласы мен Осакаров ауданданында мұражайымыздың филиалдары жұмыс істейді. 1992 жазда мұражайдың тағы бір филиалы Қарағанды мемлекеттік университетінің жанынан ашылған. Ол халқымыздың аяулы азаматы, жерлесіміз Е.Бөкетовқа арналған мемориалдық мұражай.

Бүгінде облыстық мұражай қоғамдық негіздегі 50-ден астам мұражайдың әдістемелік орталығына айналған.

### Әдебиеттер:

Асайынова С. Тарихтың әсерлі беті: /Қарағанды өлкелік музейі/ // Орталық Қазақстан. - 1989. - 16 апр.

Ауғаныстан – жан жарасы: /Обл. тарихи-өлкетану мұражайында көрме ұйымдастырылды/ // Орталық Қазақстан.- 1999.- 10 ақпан

Әшімұлы Б. Тарихты түгендеу - тағылымды іс: Қарағанды облысына - 70 жыл// Орталық Қазақстан.-2006.- 25 мамыр.-4 б.

Безносова Н. Тәбәрігі көп көрме // Орталық Қазақстан. – 2000.- 15 қаңтар

Васильева В. Облыс тарихының айнасы: /Обл. мұражай жайлы/ // Орталық Қазақстан. - 1979. - 18 май

Әбдіғалиева В. Жасампаз өмір шежіресі: /Обл. мұражай/ // Орталық Қазақстан. - 1983. - 18 май

Жанғожин А., Решеткина Е. Өлке тарихымен таныстырушылар: /Музейлер жұмысы/ // Орталық Қазақстан. - 1990. - 30 маусым

Коровкина Л. Мұражайдағы фотокөрме күйінішті ойға жетелейді... // Орталық Қазақстан.- 1997.- 31 мамыр

Қиқымов Т. Екі ұрпақтың кездесуі: Обл.тарихи-өлкетану мұражайында// Орталық Қазақстан.-2000.- 11 наурыз

Қиқымов Т.Ж.. Көне кезеңнен сыр шертеді: Обл. тарихи-өлкетану мұражайының дир. Т.Ж.Қиқымовпен әңгіме / Әңгімелескен Ж.Райымбекқызы// Орталық Қазақстан.-2002.- 21 желтоқсан.-9 б.

Қиқымов Т. Өндірісті өлкенің шежіресі: /Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының құрылғанына - 60 жыл/ // Орт.Қазақстан. -1992. - 25 қараша



Лойтр А. Қарағанды музейі халық қызметінде: /Музей жайлы// Орталық Қазақстан. - 1972. - 2 февр.

Мерейлі мәдени шара: Мәди Бапиұлының туғанына -125 жыл// Орталық Қазақстан.- 2005.- 6 қазан.- 12 б.

Могильницкий В. Кемел ғалымға арналған көрме: /Қар. обл. тарихи-өлкетану мұражайында Қ.И.Сәтбаевтың 100 ж-на арналған “Ғасыр ұлы” атты көрме ашылды// Орталық Қазақстан.- 1999.- 1 мамыр

Оразалиева Г. Қаламызбен біте қайнаскан: /Қар. Облыстық ұйымының көрме залында Р.Есіркевтің творчествосына арналған көрме ашылды// Орталық Қазақстан. - 1981. - 30 дек.

Оразалиева Г. Музейдің жаңа экспонаттары: /Обл. тарихи-өлкетану музейінде/ // Орталық Қазақстан. - 1987. - 8 нояб.

Оразалиева Г. Өткеннің өнегесін насихаттайды: /Халықаралық музей күніне арналған хабар// Орталық Қазақстан. - 1987. - 17 май

Решеткина Е. Көненің көзіндей қастерлі ескерткіш - халық қазынасы: /Обл. мұражай жайлы// Орталық Қазақстан. - 1984. - 2 июнь

Решеткина Е. Музей - өткен жолымыздың айнасы // Орталық Қазақстан. - 1973. - 30 март

Сейітқалиұлы, Д. Президенттің кәдесыйлықтары: көрме / Сейітқалиұлы, Д. // Орталық Қазақстан. - 2006. - 29 тамыз. - 12 б.

Семенов Л. Облыстық музейге 40 жыл // Орталық Қазақстан . - 1987.-11 март

Тебаева З. Тарих қойнауы: Обл. тарихи-өлкетану мұражайының 70 жылдығы қарсаңында // Орталық Қазақстан.- 2002.- 25 қыркүйек.-10 б.

Темірғалиева, К. Тарихты тірілткен жәдігерлер: Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің дир. К.Темірғалиевамен сұхбат / сұхбаттасқан Ж.Тойбек // Орталық Қазақстан. - 2007. - 13 желтоқсан. - 5 б.

Тойбек Ж. Шертпе күйдің атасына арналды: Тәттімбеттің туғанына - 190 жыл// Орталық Қазақстан.- 2005.- 3 қараша.-11 б.

Тұрғынбайқызы А. Мұражай - көне ескерткіштердің қоймасы // Орталық Қазақстан.- 2003.- 22 мамыр.-8 б.

### **1932 – С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының құрылғанына 75 жыл**



Қазақ сахарасында драма өнері кең қанат жайып, қазақ драма театрлары әр-әр жерлерде ашыла бастады. Сол алғашқылардың бірі болып уығын қадап, шаңырағын көтерген өнер ордасының бірі, қасиетті де киелі Сарыарқа өңірінде қоныс тепкен Қарағанды шаһарындағы Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театры.

Бұл күнде мәуелі бәйтеректей қанатын кеңге жайып, қазақ өнерінің өсіп-өркендеуіне, кемелденуіне зор еңбек сіңіріп, еліміздің алдыңғы қатарлы кәсіпқой театрларымен “иық тірестіріп” қасиетті “Қара шаңырақ” атанды. Сонау “Нәубет” кезі атанған 1932 жылы қазан айында Атығай Шанин мен Қанабек Байсейітовтің “Зәуре” пьесасымен шымылдығын айқара ашып, кеншілер мен қызметкерлерді, қала халқын зор қуанышқа бөледі. Негізінен театр арнайы ашылғанға дейін Қарағанды қалалық партия және комсомол ұйымдарының ынтасымен ұйымдастырылған бұл ұйым (1932 жылы сәуір) алғашында көркемөнерпаздар үйірмесі деп аталды. Кеншілер қаласында ашылған өнер ордасы сәл-пәл кейін жұмысшы-жастар театры (ТРАМ) атанды.

Бұл театрда алғашқы іргетасын қалаушы, өзіндік жастық жігірімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, кейін Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі атанған Зейнел Көшкімбаев, театрдың ең алғашқы директоры, әрі режиссері Жәужанов, Н.Жабаев, талантты актер М.Шалов, Қазақстанның халық әртістері М.Сүртібаев, Р.Қойшыбаева, Ж.Шашкина, ақтаңгер актер С.Жүнісов, ғаламат та ғажайып актриса Ү.Әбеуова, Т.Ілиясов, М.Баязитова, Р.Жұматаев, Ө.Мананбаев, халық әртісі А.Мұсабекова, К.Байбеков, Атақанов, Е.Мұқсынов, Қ.Түлкібаев сынды дарынды тамаша актерлер жұмыс істеген.

1934 жылы жұмысшы-жастар театрына бір топ талантты жастар келіп қосылды. Білікті де білгір маман-режиссер Р.Ильматов, Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Ә.Шәймерденов,

Т.Жабаев, М.Бектенов, Р.Бектенова сынды халық мектебінен сусындап, нәр алған тамаша актерлер театр шоқтығын биіктете түсті.

Жас коллектив кәсіпқой өнер табалдырығын Н.В.Гогольдің “Үйлену” комедиясымен аттады. Бұдан кейінгі Б.Майлиннің “Майдан”, “Талтанбайдың тәртібі”, “Шұға”, “Тартыс”, С.Сейфуллиннің “Қызыл сұңқарлар”, Шаниннің “Шахтада”, И.Жансүгіровтың “Кек”, А.Шаниннің “Арқалық батыр” атты пьесалары – кәсіпқой театр репертуарының алғашқы тізімі.

1936 жылы Қарағанды қазақ жұмысшы жастарының қалалық театры Қарағандының жеке облыс болуына орай, облыстық музыкалық драма театры болып қайта құрылды. Театрдың шығармашылық құрамы Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері М.Әбдікәрімов, Ж.Шаймерденова, Т.Жабаев, М.Бектенов, Н.Атаханова, әртістер Р.Жұматаев, Н.Қамалов, және режиссер Гатауллин сияқты жас талаптармен толықтырылады. Осы жылы Москвада өткізілген Қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігіне республикалық музыкалық драма театрының құрамында Қарағанды театрының жетекші әртістері де өз өнерлерін көрсетті. Бұл жылдарда М.Әуезовтың “Еңлік-Кебек”, “Шекарада”, Ғ.Мүсіреповтың “Қозы Көрпеш - Баян сұлу”, “Қыз Жібек”, “Аманкелді”, Ә.Әбішевтің “Отан үшін” т.б. пьесалардың сахнадан қойылуы, шығармашылық ұжымының марқайып, көркемдік шеберліктің біраз сатыға көтерілгендігін байқатады. Қарағанды театрының өсу жолындағы елеулі бір кезең - қыркыншы жылдар. Ұлы Отан соғысы жылдары театр творчестволық ерлік еңбектің үлгісін көрсетті. Театр репертуары халықтар достығын, бірлігін, бостандығын жырлайтын идеялық мәні зор спектакльдермен байытылды. М.Әуезовтің “Қарақыпшақ Қобыланды”, “Сын сағатта” және Ә.Әбішевпен бірге жазған “Намыс ұлы”, Л.Леоновтың “Шапқыншылық”, К.Симоновтың “Орыс мәселесі”, “Орыс адамдары”, А.Островскийдің “Жазықсыз айптылар”, Ә.Әбішевтің “Достық пен махаббат” сияқты пьесаларының қойылуы сонау ауыр жылдары театр коллективі тарапынан Отан игілігіне бағыштаған үлкен үлес еді.

70 жылдары театр репертуары идеялық және көркемдік мазмұны жағынан құнды М.Әуезовтың “Еңлік-Кебек”, А.Островскийдің “Найзағай”, М.Кәрімнің “Ай тұтылған күн”, Қ.Мұхаметжановтың “Бөлтірік бөрік астында”, К.Бекхожиннің “Ұлан асу”, С.Жүнісовтың “Тырау-тырау тырнарлар”, Б.Тілегеновтің “Аяқталмаған ән”, Е.Уахатовтың “Алтын көрсе періште...”, С.Шаймерденовтің “Қайдасын Зурина”, Ә.Әбішевтің “Белгісіз батыр” сияқты түрлі жанрдағы пьесалармен байытылды.

1982 жылы С.Сейфуллин атындағы облыстық драма театрына 50 жыл толды. Осы мүшел тойына байланысты СССР Жоғары Советінің Президиумы театрды “Халықтар достығы” орденімен марапатталды.

Кейінгі жылдары театрдың бас режиссері Әлімбек Оразбеков келгеннен бері театр репертуарындағы көптеген спектакльдер талай сынақтар мен фестивальдарда жүлделі орындар жеңіп алған. Жезқазған қаласында өткен Ж.Жабаевтың мерейтойы құрметіне өткізілген байқауда «Бір түп алам ағашы» (авторы Ә.Оразбеков) бірінші орынды жеңіп алса, М.Әуезовтің мерейтойы құрметіне арналған 17 театр қатысқан халықаралық фестивальде «Қорғансыздың күні» екінші орынды жеңіп алды. Ал Қарағандыда өткен VI республикалық фестивальде Г.Гориннің «Атың шықпаса...» спектаклі гран-приге ие болды.

2000 жылы Ғ.Ғаппаровтың «Қиямет–қайым Киота» спектаклімен Каир қаласына өнер сапарымен болып қайтты. Шетелді көрермендер спектакльдің қойылу шеберлігіне, режиссердің тапқырлығына тінті болды, үлкен абырой – атакпен оралды. Осы спектакль Павлодарда өткен VII өнер фестивалінде 1 орынды жеңіп алды. Соңғы жылдары ішінде қол жеткізген мұндай табыстар, әрине, мақтауға тұрарлық..

Өнерін ел мойындаған, жылдан –жылға шеберлігін шыңдап, республикалық деңгейге көтеріліп келе жатқан дарынды Д.Еспаев, Б.Мақсұтова, Б.Әукешова т.б. сияқты жастар өсіп келе жатыр.

Өзіндік дәстүрлі, өнер мектебі қалыптасқан киелі шаңырақ тоқсаныншы жылдар, осы жаңа ғасыр тоғысындағы шығармашылық ізденістеріне ой көзімен қараған көзі қарақты көрермен театрдың сахнадағы салиқалы болмыс–бітіміне тәнті болмай қоймайды. Осы жылдар ішінде ол жеті рет республикалық фестивальдің жүлдегері атанды. Р.Баймағамбетов, Қ.Кемелов, М.Қисықов, С.Жұмағалиев, Ж.Жансүгірова секілді сахна саңлақтарының есімі бүгінде республика жұртшығына кеңінен мәһүр. Олардың соңынан келе жатқан жас толқын Б.Киікбаев, Д.Еспаев, Б.Сүлейменовтердің де өнердегі өзгеше ізденістері көңілге шуақ ұялатады.

Осы театрдағы бас суретші Қанат Мақсұтов республикадағы ең маңдайалды суретші. Оның алтын саусағынан шыққан туындылары кез-келген қойылымға жан бітіріп жібереді. Сонымен қатар театрда көрерменге жасаған еңбегі көріне бермейтін, бірақ олардың қызметінсіз қойылымның сәні кірмейтін қызметкерлер бар. Олар: музыка, жарық беруші, киім тігуші, әбзелдер әзірлеу, ағаш өңдеу цехында еңбек етушілер.

Ел Президенті Н.Назарбаевтың 2008 жылғы 8-9 желтоқсанындағы Қарағандыға келген іссапарының маңызды оқиғасы Елбасының С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының жаңа ғимаратын ашуы болды. Театр ғимаратын тұрғызу 2006 жылы оның алғашқы кірпішін қалаған Елбасының белсенді көмегі мен қолдауы арқасында іске асырылды.

Қасиетті қара шаңырақ, шежіреге толы Сәкен театрының қысқаша тарихы осындай.

### Әдебиеттер:

Жұмағали С. Арқадағы киелі өнер шаңырағы: (Сәкен театрының тарихы) - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1998.- 198 б.

Қуандықов Қ. Отыз жылдың жемісі: /Қарағанды обл. театрының өсу жолы/ // Театрда туған ойлар. -Алматы. - 1972. - 169-204 б.

Құндақбайұлы Б. Заман және театр - Алматы: Өнер, 2001.- 520 б.: сур.-(Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл

Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театры - 75. - Қарағанды : Экожан, 2007. - 120 б.

Сәкен Сейфуллин атындағы драма театры // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 464 б.

Сәкен Сейфуллин атындағы драма театры // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. Р.Н. Нұрғалиев. - Алматы : Қаз.сов.энцикл., 1990. - 492 б.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театры - 1975. - 39 б.

\*\*\*

"Керемет!" деп Керекү мойындады: Бәрекелді! // Орталық Қазақстан. - 2010. - 5 қазан (№ 161).- 1 б.

"Алдағы толқын - ағалар...": С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының 60 жылдығы қарсаңында. // Орт. Қазақстан. - 1992. -7 ақпан

Ақкісі, М. Сахна саңлағы: ҚР-сының халық артисі Жәмила Шашкина туралы // Қазақстан әйелдері. - 2000. - №12.- 16-17 б.

Ақсұңқарұлы С. Сәкен театры - Көкем театры: ұлт пен рух // Орталық Қазақстан. - 2009. - 22 қыркүйек (№ 144).- 1 б.

Алпысов С. Қодар мен Бекежан сауға сұрайды: /С.Сейфуллин атындағы обл. драма театрында қойылған "Қозы Көрпеш - Баян сұлу" спектаклінен кейін туған ойлар. //Орт. Қазақстан. - 1991. - 18 желт.

Алпысұлы С. Мерейтой жақындап қалды: /С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының 60 ж-ғы қарсаңында/ //Орт. Қазақстан. -1992. - 17 қазан

Алпысұлы С. Мысырдан марқайып оралдық: Сәкен театры Каирде // Орт. Қазақстан.- 2000.- 27 қырк.

Алпысұлы С. Сахна суреткері: Режиссер Әлімбек Оразбеков 50 жаста // Орт.Қазақстан.- 2003.- 26 маусым.-5 б.

Аманбаева Ж. Саңлақ: өнер жұлдыздары// Орт.Қазақстан.- 2006.- 26 қаңтар.-16 б.

Асанов Қ. Шаңырақ шайқалмайды.- дейді, С.Сейфуллин ат-ғы обл. қазақ драма театрының директоры А.Сыздықов. //Замандас. -1991. - 6 желт.

Асқаров Т. Өнерлі өрге жүзеді: Қазақ театрына – 60 жыл. // Орт. Қазақстан. - 1992. - 12 ақпан

Ахметов, Қ. Арқада алқалы той өтуде: театр - 75 // Балқантау. - 2007. - 27 қыркүйек. - 9 б.

Әбілдинов, Қ. Қазақ театрының ғимараты: қай жобаның бағы жанады?: облыс әкімдігінде // Орталық Қазақстан. - 2006. - 1 сәуір. - 1 б.

Әйнекбайұлы С. Өнер адамына құрмет: жақсының аты өлмейді// Орт.Қазақстан.- 2006.- 16 ақпан.-10 б.

Әйнекбайұлы С. Талантқа тағзым - парыз: Актер Аманжол Сәлімбаевтың туғанына-70 жыл// Орт.Қазақстан.- 2006.- 9 ақпан.-11 б.

Әйнекбайұлы С. Гүлекеңніңөмірі гүлдестей... // Орталық Қазақстан. - 2008. - 27 наурыз (№48) .- 6 б.

Әйнекбайұлы С. Талант тасада қалмайды // Орталық Қазақстан. - 2009. - 22 қаңтар.- 6 б.

Әлімбақызы Қ. Көрермен ықыласы ерекше еді: /С.Сейфуллин атын. қазақ драма театрына – 60 жыл// Орт. Қазақстан. - 1992.-30 қырк.

Әшляев С. Театр туралы толғаныс: Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеттің назарына: // Халық Кеңесі. - 1992. - 29 қаңт.

Әшімұлы Б. Қос театрымыз топ жарды: Биылғы VII респ. театрлар фестивалі 1-8 қазан аралығында Павлодар қаласында өткізілді // Орт. Қазақстан. – 2000.- 11 қазан

Бакторазқызы Н. Адасудан аман қалғандар // Орталық Қазақстан. - 2010. - 27 мамыр (№ 81).- 6 б.

Балташұлы Е. "Аққу сезім" алдамайды // Орталық Қазақстан. - 2009. - 20 маусым (№ 91/92).- 8 б.

